


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ им. И. АЛТЫНСАРИНА

Қазақстан кәсіпкері Профессионал Казахстана



№4 (143)

ғылыми-әдістемелік журнал
научно-методический журнал

2001 жылдан бастап шыға бастады
Издается с 2001 года

Нұр-Сұлтан
2021

**ҚР БҒМ Ұ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ**

Басылымның кезеңділігі - жылына 4 рет шығады

есепке қою, қайта есепке қою туралы

№ 9840-Ж

КУӘЛІК

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің

Ақпарат және мұрағат комитетінде берілген

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ

Медетов Н.Ә. – ф.м.ғ.д.;

Косарецкий С.Г. – п.ғ.к. (Мәскеу, Ресей);

Бахишева С.М. – п.ғ.д.;

Мерцалова Т.А. – п.ғ.к. (Мәскеу, Ресей);

Бектурганова Р.Ч. – п.ғ.д. профессор;

Воловик И.В. – фил.ғ.к., доцент (Ижевск, Ресей);

Истомин В.В. – педагог-психолог (Первоуральск, Ресей);

Хасанова Г.М. – Жоғарғы педагогикалық колледжі директорының
оқу-әдістемелік жұмыс бойынша орынбасары (Щучинск қ. Қазақстан);

Кусиденова Г.К. – т.ғ.м.;

Тастанова А.К. – п.ғ.м., жауапты редактор.

Материалдардың дұрыстығына авторлар жауап береді.
Редакция материалдарды қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
Национальной академии образования имени И. АЛТЫНСАРИНА
МОН РК

Периодичность издания – 4 номера в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет, переучете № 9840-Ж
выдано Комитетом информации и архивов Министерства культуры и
информации Республики Казахстан

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Медетов Н.Э. – д.ф.м.н.;
Косарецкий С.Г. – к.п.н. (Москва, Россия);
Бахишева С.М. – д.п.н.;
Мерцалова Т.А. – к.п.н. (Москва, Россия);
Бектурганова Р.Ч. – д.п.н. профессор;
Воловик И.В. – к.фил.н., доцент (Ижевск, Россия);
Истомин В.В. – педагог-психолог (Первоуральск, Россия);
Хасанова Г.М. – Заместитель директора по учебно-методической
работе высшего педагогического колледжа города Щучинска;
Кусиденова Г.К. – м.т.н.;
Тастанова А.К. – м.п.н., ответственный редактор.

Ответственность за достоверность материалов несут авторы.
Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.

THEORY AND METHODOLOGY JOURNAL
National Academy of Education named after Y.Altynsarin, MES RK

Frequency of publication – 4 issues per year

CERTIFICATE

No. 9840-F

about registration, re-registration
issued by the Committee of Information and Archives
of Ministry of Culture and Information
in the Republic of Kazakhstan

EDITORIAL BOARD

N. Medetov – Dr. Sci. in Physics & Mathematics;
S. Kossaretsky – Dr. of Education (Moscow, Russia);
S. Bakhisheva – Dr. of Education;
T. Mertsalova – Dr. of Education (Moscow, Russia);
R. Bekturganova – Dr. of Education, Professor;
I. Volovik – Dr. of Letters (Dliff), (Izhevsk, Russia);
V. Istomin – educational psychologist (Pervouralsk, Russia);
G. Khassanova – Deputy Director for Educational and Methodological Work
of Higher Pedagogical College of Shchuchinsk town;
G. Kussidenova – Master of History;
A. Tastanova – Master of Education, Publishing editor.

The authors are responsible for the accuracy of the materials.
The editorial board reserves the right to reject the materials.

**ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: МАМАННЫҢ КӨЗҚАРАСЫ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКИ:
ВЗГЛЯД ПРОФЕССИОНАЛОВ**

Ж.Е. Ускенбаева

Имидж педагог-психологтың табысты кәсіби қызметінің факторы ретінде 6

М.А. Аскар

Работа по формированию ценностных ориентиров девушек с девиантным поведением 10

М.Н. Айдар, Ш.Т. Шаяхметова, С.С. Конырбаева

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту
қажеттіліктерінің тарихы мен даму тенденциялары 15

Р.И. Боранкул, С.М. Сапиева, М.Д., Шағырбаева

Жас мектеп басшыларының кәсіби сана-сезімін қалыптастыру 24

М.А. Галимжанова, С.Н. Естанат

Сингапурдың жоғары оқу орындарындағы білім берудегі басқару 33

Р.С. Касымова, А.М. Жапсар

Экологиялық тәрбие берудің негіздері 40

Г.М. Кабиева, М.Д. Шағырбаева

Жасөспірім шақтағы гендерлік бірегейліктің жас ерекшелік модельдері 44

А.Б. Маханбетияр, А.М. Кудайбергенова

Студенттердің эмоционалдық интеллектісін зерттеу мәселесі 49

Д.Е. Орумбаева

Ұлттық бірегейлік мәселесі – ұлттың ортақ мәселесі 56

Н. Кайрова, Н.М. Иргебаева

Қазақ тілі пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту 63

А. Тилеген

Мәдени тынығуды ұйымдастыру үдерісіндегі менеджменттік деңгейлер 67

БІЗДІҢ АВТОРЛАР-НАШИ АВТОРЫ 69

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР-ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ 70

ИМИДЖ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ТАБЫСТЫ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Ж.Е. Ускенбаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты

Аңдатпа. Бұл мақалада имидж бен имиджелогия ұғымдарына түсінік берілген, имидждің құрамдас бөліктері жіктеліп, принциптері жайлы ақпарат ұсынылған. Педагог-психологтың табысты қызметі үшін оң имидждің болу маңыздылығы айтылып, кәсіби қызметте ұстану керек қағидаттар кеңінен баяндалған.

Аннотация. В данной статье дается представление о понятиях – имидж и имиджелогия, классифицируются составляющие имиджа и представлена информация о его принципах. Подчеркнута важность наличия положительного имиджа для успешной деятельности педагога-психолога, широко изложены принципы, которым необходимо следовать в профессиональной деятельности.

Abstract. This article considers the concepts of image, classifies its components and provides information on its principles. It is of great importance for the teacher-psychologist to have a positive image for the successful work, the article describes the principles to follow in this professional sphere.

Кілт сөздер: имидж, принциптер, педагог-психолог, имиджелогия.

Ключевые слова: имидж, принципы, педагог-психолог, имиджелогия.

Key words: image, principles, educational psychologist, imagology.

Қазіргі жылдам өзгермелі заманда көш алдында болуды, кәсіби дамуды, мансап жолын құруды көздейтін мамандар үшін жан жақты, білікті, алғыр болу өте өзекті болып отыр. Осыған орай, бұл мамандарды даярлау жүйесіндегі негізгі басымдықтарды жаңарту қажеттілігін көрсетіп келеді. Білім беру ісіндегі тұжырымдамалар да қоғамдағы әртүрлі кәсіби ерекшеліктерді, әлеуметтік функциялар мен рөлдерді ескере отырып, білікті кадрларды даярлау талаптарын белгілеуде. Білім беруді жаңғырту қазіргі заманғы педагог-психологтардың біліктілік талаптары мен біліктілік сипаттамаларының өзгеруіне және жаңартылуына әкеледі.

Жаңғырту, білім беру ісінде оң өзгерістер енгізу жолында имидждің маңызы зор. Имидж - бұл жеке тұлғаның қайталанбас ерекшелігін жасайтын немесе айқындай көрсететін адамның сыртқы сипаттамаларының жүйесі. Осы «имидж» ұғымын ғылыми әдебиетке Зигмунд Фрейд пен Кеннет Болдуинг енгізген.

3. Фрейд бұл тұжырымдаманы ғылыми психология саласынан шығарып, танымал етсе, іскерлік айналымға аталған терминді XX ғасырдың 60-шы жылдары американдық экономист К. Болдуинг енгізген [1].

Ал осы сөзге тиек болып отырған имидж туралы ғылым имиджелогия болып саналады. Имиджелогия – жағымды имидж қалыптастыру технологиялары туралы ғылым. Имиджелогия – жан-жақты біліктілік пен машықтану жүйесі. Имиджелогия әлеуметтік қарым-қатынастардың сан алуан саласының өзгермелі аясында өзінді еркін сезінудің, басқалардың саған деген жағымды көзқарасын қалыптастырудың технологияларын жинақтаған сала. [2].

Әртүрлі қызмет салаларының мамандары үшін бір әмбебап имидж жоқ, өйткені олардың әрқайсысының өз мақсаттары, міндеттері, жұмыс ережелері мен принциптері бар, демек, әр мамандық үшін өзінің имиджі болжанады.

Дұрыс қалыптасқан имидждің арқасында педагог-психолог әріптестерімен, білім

алушылармен және олардың ата-аналарымен сапалы кәсіби қарым-қатынасқа түсе алады. Кәсіби қалыптасқан имидж стилін жасау және тарату басқаларға педагог-психологқа сенім артуға, оған жауапты, ұйымшыл және нәтижесінде қызығушылық танытатын кәсіпқойды көруге мүмкіндік береді. Кәсіби имиджге келесі компоненттер кіреді:

- сыртқы имидж: киім, шаш үлгісі, аксессуарлар мен макияж нәзік, аса назар аудармайтындай болуы керек;
- вербальды имидж: дауыстың ырғағы, оның қарқыны, сөйлеу мәнері мен стилі қисынды, негізделген және сенімді болуы тиіс;
- вербалды емес имидж: жүріс-тұрысы, қимылдары мен мимикасы ұстамды болуы тиіс;
- менталды имидж: дүниетаным, құндылықтар, қағидаттар, этикалық көзқарастар мен сенімдер адекватты болуы тиіс.

Педагог-психологтың жұмысында кәсіби имидждің құрамдас бөлігі болып табылатын келесідей кәсіби принциптерді сақтау маңызды. Бағаламау принципі. Бұл принцип кезінде педагог-психолог білім алушылардың іс-әрекеттері мен мінез-құлқын бағаламайды, баға бермейді, бұл бала тарапынан үлкен сенімге қол жеткізуге ықпал етеді. Педагог-психолог тарапынан бағалаушы кейпінде болмау, тілектестік таныту және ашықтық білім алушылар мен олардың ата-аналарының проблемаларын тез әрі тиімді шешуге ықпал етеді.

Бейтараптық принципі. Бұл принцип білім алушылардың психодиагностикасы мен психокоррекциясы процесінде бейтарап көзқараста болуды білдіреді, балаларға, ата-аналарға, отбасыларға объективті көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Егер педагог-психологтың жеке көзқарастарымен сәйкес келмеген жағдайда, адамдардың басқа өмір салтына, мінез-құлқына, сезімдеріне, пікірлеріне, идеяларына, сенімдеріне деген төзімділік сақталады.

Құпиялылық принципі. Жұмыс барысында педагог-психолог алған ақпарат саналы немесе кездейсоқ түрде болсын жариялауға жатпайды. Педагог-психолог білім алушылар мен олардың отбасылары туралы мекеменің

жоспарымен және міндеттерімен анықталған міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты ғана жинайды және пайдаланады.

Құзыреттілік принципі. Педагог-психолог үнемі өзінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттырып отырады, мектептегі/мекемедегі жұмысында қолданылатын әдістермен, тәсілдермен, техникалардың соңғы әзірлемелерімен танысады. Педагог-психолог өз құзыреттілігінің шегін нақты анықтайды және ескереді. Педагог-психолог жұмыстың тәртібі мен әдістерін өз бетінше таңдайды, сондай-ақ тәлімгерлермен және сарапшылармен кеңеседі.

Жауапкершілік принципі. Педагог-психолог қоғам алдындағы өзінің кәсіби және жеке жауапкершілігін сезінеді, қоғамның әл-ауқатын арттыруға үлесін қосады. Педагог-психолог білім алушылардың әл-ауқатына қамқорлық жасайды, мәлімдемелерге, көпшілік алдында сөйлеуге жауапкершілік алады.

Этикалық және құқықтық заңдылық принципі. Педагог-психолог өз жұмысын кәсіби талаптарға сәйкес жоспарлайды және жүргізеді. Педагог-психолог ресми сарапшының міндеттерін орындай алады.

Өмір сапасының, салауатты өмір салтының маңыздылығын жеткізу принципі. Педагог-психолог салауатты өмір салтының маңыздылығын жеткізуге міндетті, оған мыналар жатады: өмірдің сапалы болуына мотивация, сыртқы орта, ішкі тыныштық пен үйлесімділік, шешімдер мен іс-әрекеттердегі дәйектілік, жеткілікті ұйқы, таза ауа және күндізгі жарық, физикалық белсенділікті қолдану.

Клиенттің әл-ауқатының принципі. Педагог-психолог білім алушылардың әл-ауқатына назар аударады және олардың құқықтарын ескереді, егер ол көзқарастарына қайшы келсе, онда «зиян тигізбе!» қағидатын ұстанады. Педагог-психолог мақсаттарды анықтау және кәсіби іс-шаралар мен рәсімдерді жоспарлау кезінде білім алушылар мен олардың ата-аналарының мүдделерін құп көреді. Педагог-психолог білім алушыларды психологиялық ауыртпалықтан қорғауы, олардың жеке басын құрметтеуі тиіс.

Мақсаты мен нәтижелері туралы клиентті хабардар ету принципі. Педагог-психолог әріптестерін, білім алушылардың ата-аналарын қызметтің маңызды аспектілері және бірлескен жұмыс кезеңдері туралы хабардар етуі керек. Педагог-психологтың қызметі категориялық сипатта болмауы тиіс, ол дәлелді, сенімді болуы тиіс. Педагог-психологтың ұсыныстары анық болуы және нақты орындалатын шарттарды қамтуы тиіс.

Кәсіби ынтымақтастық принципі. Педагог-психологтың жұмысы өзінің теориялық және әдістемелік қалауына қарамастан әріптестеріне және олардың жұмыс әдістеріне құрмет көрсету құқығына және міндетіне негізделеді. Педагог-психолог білім алушылар мен олардың ата-аналарының көзінше әріптестерінің жұмыс құралдары мен әдістері туралы көпшілік алдында сынап, ескертулер жасаудан өзін алыс ұстайды.

Кәсіби іс-әрекеттің моральдық-жағымды әсер принципі – педагог-психолог қызметінің мазмұны жеке білім алушының және жалпы мектеп оқушыларының эмоционалды жағдайындағы оң өзгерістерге бағытталуы керек. Педагог-психолог нәтижелері кәсіби қоғамдастықтың беделін түсіруі мүмкін қызметке қатыспауы тиіс [3].

Мұның бәрі білім беру мекемесіндегі психологтың тиімділігіне әсер етеді. Бұл білім алушының/клиенттің алғашқы кеңесінде басты рөл атқаратын маманның бейнесі. Имидж көп жағдайда психолог пен клиенттің қарым-қатынасын нығайтады, жұмыстың нәтижелі болуын, тиімділігін арттырады.

Білім беру мекемесінің педагог-психологы өзінің оң имиджімен үнемі жұмыс істеуі керек. Психологтың педагогикалық процеске қатысушылардың санасында өзінің оң имиджін мақсатты түрде қалыптастыру жұмыс процесінде өзара әрекеттесудің тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді.

Педагог-психологтың имиджінің құрамдас бөліктерінің басым сипаттамалары: адамның тартымдылығы, жеке сүйкімділігі, ақыл-ойы, дені сау және бақытты адамның әсері, жағымды көңіл-күй модальдығы, адамдарға және олардың проблемаларына қызығушылық,

өзіне сенімділік, оптимизм, белсенділік, жеке іс-әрекет стилі және қарым-қатынас болып табылады. Мәдениет, эрудиция және кәсіпқойлық кез келген маманның кәсіби имиджінде болуы керек.

Педагог-психологтың табысты кәсіби қызметіне әсер ететін имиджді қалыптастыру өте күрделі, арнайы ұйымдастырылатын, белгілі бір заңдар мен технологияларға сәйкес дамытын процесс [4]. Педагог-психологтың имиджін қалыптастыру мәселесі бойынша берген зерттеушілердің пікірлерін қорытындылай келе, бұл ұзақ процесс екеніне, оның тиімділігіне төмендегідей бірқатар жағдайлар әсер ететіне көз жеткізуге болады:

- 1) педагог-психологтың бойында өмірлік құндылықтар мен ұстанымдардың дамуы;
- 2) педагог-психологтың оң имидж қалыптастыру қажеттілігін түсінуі;
- 3) имиджмен жұмыс істеу кезінде өз белсенділігін көрсетуі;
- 4) аудиторияның педагог-психологтың жеке басы мен қызметіне қойылатын талаптарын білуі;
- 5) педагог-психологтың оң имиджін құрайтын қасиеттерді дамытудың бастапқы деңгейін анықтау;
- 6) педагог-психологтың өзін-өзі тану тәсілдерін, сондай-ақ жеке имиджін жобалау дағдыларын меңгеруі;
- 7) имиджді қалыптастыру кезінде жүйелілік қағидатын сақтауы;
- 8) имиджді қалыптастыру және түзету бойынша жұмыстың формалары мен әдістерінің әралуандығы қағидатын сақтауы [5].

Имидж – өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудың нәтижесі болып табылатын әрбір педагог-психологтың маңызды құзыреті. Тұлғаның зияткерлік және эмоционалды-еріктік саласын сипаттайтын маманның кәсіби маңызды жеке қасиеттері кәсіби қызметтің нәтижесіне айтарлықтай әсер етеді. Имидж педагогикалық ықпал ету құралы және табысты кәсіби қызметтің шарты болып табылады. Педагог-психологтың функционалды және үйлесімді имиджіне қол жеткізу үшін жоғарыда аталған имидждің құрамдас бөліктерін, принциптерін білу, өзінің ішкі күйімен жұмыс істеуі, қалыптасқан оң қасиеттері, біліктілігі, кәсібилігі өз қызметінде қарым-қатынас орнататын әріптестерімен, білім алушылармен

және олардың ата-аналарымен сыртқы кәсіби қызметінің табысты болуына, тиімділігің көріністе көрінеді. Педагог-психологтың артуына үлкен ықпал етеді деп санаймын. имиджі дұрыс қалыптасқан жағдайда ол

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Зубова, В.А. Изучение сущности и трактовок понятия имиджа /В.А. Зубова. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2019. – № 23 (261). – С. 207-209;
2. Тұржан О. Имиджелогия: оқу құралы – Алматы: «Эверо» баспасы, 2015м- 256 б.;
3. Болотова Н. П. Имидж семейного психотерапевта // Болотова Н. П. [Электронный ресурс];
4. Ромашина С.Я. Культура дидактического коммуникативного воздействия педагога: Учебное пособие для студентов педагогических вузов, М.: УРАО, 2005 -172 с.;
5. Калюжный А.А. Психология формирования имиджа учителя. - М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2004. - 222 с.



РАБОТА ПО ФОРМИРОВАНИЮ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТИРОВ ДЕВУШЕК С ДЕВИАНТНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ

М.А. Аскар

Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы
askar.madina@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақаланың негізгі мақсаты – жасөспірімдердегі девиантты мінез-құлық тұжырымдамасын анықтау. Мақалада жасөспірім балалардың оң мінез-құлық қалыптастырудың негізгі аспектілері көрсетілген. Сонымен қатар, мақалада девиантты мінез-құлық белгілерінің болуы туралы анықтама берілген.

Аннотация. Основной целью данной статьи является определение понятие девиантного поведения у подростков. В статье раскрыты основные аспекты формирования успешного поведения у детей подросткового периода. Помимо того, в статье раскрыто определение наличия признаков девиантного поведения.

Abstract: The article defines the concept of adolescents' deviant behavior. It reveals the main aspects of forming successful behavior in adolescent children. In addition, the article helps to identify signs of deviant behavior.

Кілт сөздер: жасөспірімдер, мінез-құлық, қазіргі психология.

Ключевые слова: подростки, поведение, современная психология.

Key words: adolescents, behavior, modern psychology.

Трудно предсказуемые социально-экономические и нравственные проблемы современного общества, на этапе его развития, обострили проблему воспитания и становления подростков, что, само по себе конечно же, негативно сказывается на процессе их адаптации и социализации. Этот вопрос решается на разных уровнях: юридическом, медицинском, психологическом, социальном. В подростковом возрасте идентичность личности проходит фазу становления, находясь в зоне начального психического развития. Идентичность и идентификация являются важными характеристиками самосознания. Своевременное выявление нарушений идентификации позволяет выявить отклонения в формировании идентичности у подростков, что крайне важно как для диагностики личности подростков с девиантным поведением, так и для их коррекции.

Проблема формирования социальной идентичности подростков, в частности у де-

вочек, с девиантным поведением ставит перед автором статьи необходимость поиска направленных и косвенных технологий работы с подростками с учетом особенностей их личности. Авторы доказали разницу в социальной идентичности подростков с нормальным поведением и подростков с девиантным поведением и выявили особенности социальной идентичности девочек с девиантным поведением, получив качественную оценку после использования методов диагностики и анализа полученных данных.

Изучение личностных особенностей подростков с девиантным поведением актуально для современного общества в психолого-педагогическом и социальном плане. Трудности в обучении, трудовой социальной адаптации подростков с нарушениями поведения ставят перед специальной психологией ряд сложных задач: исследовательских, диагностических, коррекционных и профилактических. Поэтому

психолого-педагогическое сообщество пытается ответить на ряд вопросов, которые возникли в современном обществе:

- как соотносятся элементы личного и безличного поведения, разные по природе и сути, интегрированные в одном и том же человеке;
- как осуществляется выбор поведения,
- как происходит переход от нормативного к девиантному поведению,
- есть ли разрыв, факторы, влияющие на этот процесс [1].

Целью данной статьи является анализ нарушений идентификации и отклонений в формировании идентичности у девушек подросткового периода и выявление возможности использования моделей успешного, социально одобряемого поведения для различных аспектов подростковой жизни.

Социальная идентичность — это явление, возникающее на основе осознания человеком своей принадлежности к различным социальным группам, в которые человек вступает в течение своей жизни. То есть можно предполагать, что социальная идентичность — это результат процесса социальной идентификации. Социальная идентификация выполняет важные функции, как на групповом, так и на личностном уровне: именно благодаря этому процессу общество получает возможность включать индивидов в систему социальных связей и отношений, а индивид реализует основную потребность в групповой принадлежности, обеспечивая защиту, возможности для самореализации, оценки другими и влияния на группу [2, 3].

Изучение особенностей социальной идентичности, а также ее формирования в подростковом возрасте приобретает особое значение в связи с тем, что именно в этом возрасте происходит интенсивный процесс их формирования, который во многом определяет особенности личности и поведения подростка [4].

Известно, что подростки с нормальным течением психического развития имеют определенные возрастные проблемы, вызванные физическими, психологическими

и социальными факторами. У подростков при девиантном поведении эти проблемы более выражены [5].

Таким образом, подростковый возраст является важным подготовительным этапом для дальнейшего развития идентичности. В последние годы проблема формирования социальной идентичности человека все больше изучается в зарубежной и отечественной психологии. Интерес к этой проблеме связан с нарастающими процессами миграции, мобильности в мировом сообществе, расширением делового и межкультурного взаимодействия и развитием новых видов коммуникации.

В условиях динамичного общества, устоявшиеся представления человека о себе и своем месте в социальном мире постоянно подвергаются проверке и, в конечном итоге становятся вопросами социальной идентичности.

Такие авторы, как Г. М. Андреева, Н. М. Лебедева, В. С. Мухина, Т. Г. Стефаненко определяют, что социальная идентичность является одним из факторов, составляющих психологическую основу сознательного поведения человека в различных социальных условиях, что еще раз подчеркивает важность решения этой проблемы [6, 8].

Исследования феномена социальной идентичности проводились представителями различных направлений: психоанализ (Э. Уотерман, Э. Эриксон), символический интеракционизм (Д. Мид, С. Штрукер), бихевиоризм (Д. Кэмпбелл, М. Шериф), когнитивный и конструкционистский подходы (А. Ташфел, Дж. Тернер).

Однако впервые это понятие было введено в работах Э. Эриксона в 1968 году, где идентичность рассматривается как важнейшая характеристика целостности личности, отождествляющей себя с определенными социальными группами данного общества [5].

В первую очередь формированию социальной идентичности способствует социальная среда подростка [6]. Социальная ситуация как условие развития и бытия в подростковом возрасте принципиально отличается от социальной ситуации в детстве

не столько внешними обстоятельствами, сколько внутренними причинами. Подросток продолжает жить в семье, учиться в школе, его окружают по большей части одни и те же сверстники. Однако сама социальная ситуация трансформируется в его сознании в совершенно новые ценностные ориентации, подросток начинает интенсивно размышлять о себе, о других, об обществе, иначе расставляются акценты.

Семья, школа, сверстники приобретают новые смыслы и значения [7]. В подростковом возрасте наступает время оценить близких. Ранее ребенок был погружен в область идентификации семьи. Семья «Мы» - это первая группа, которая в детстве воспринимается как нечто само собой разумеющееся. Сами родители, родственники, их мир вещей, семейные традиции, стиль взаимоотношений в детстве воспринимаются как неизменная сущность бытия. Однако, приобретая жизненный опыт, подросток обнаруживает множество семейных отношений, которые отличаются от родительской семьи.

В то же время он начинает испытывать потребность расстаться с семейной идентификацией, ощущая потребность в более универсальной, более широкой идентичности и в то же время укреплять свое собственное чувство личности, отделять свое «Я» от семейного «Мы» [8, 9]. Воспитание, семейное окружение влияют на формирование личности подростка. Если отношения с родителями плохие, то чаще всего наблюдается неявная диффузная идентичность, чрезмерная привязанность, симбиотичность, что приводит к незрелой идентичности. Демократические отношения в семье способствуют большей приспособляемости подростка к окружающему миру [2].

Конечно, социальная ситуация жизни подростка во многом определяет формирование его социальной идентичности и личности в целом. Но само по себе оно не содержит тех конкретных условий, конкретных людей и обстоятельств, которые каждый раз со всей определенностью оказывали бы только благотворное или только негативное влияние

на подростка.

Таким образом, формированию и развитию социальной идентичности в подростковом возрасте способствует социальное окружение подростка и, в первую очередь, его сверстники. В общении со сверстниками он расширяет границы своих знаний, развивается умственно, делясь своими знаниями и демонстрируя освоенные способы мыслительной деятельности. [8]

Общаясь со сверстниками, подросток постигает различные формы взаимодействия человека, учится размышлять о возможных результатах своих и чужих действий, высказываний, эмоциональных проявлений. Подросток занимает активную позицию по отношению к сообществу, в котором он осознает себя как личность и которое становится для него зеркалом, отражающим его личностные качества, прежде всего по отношению к сплоченным группам [7].

Таким образом, проблема изучения формирования социальной идентичности в подростковом возрасте заключается в необходимости осмысления процесса самоопределения, формирования ценностных ориентаций в подростковом возрасте с учетом того факта, что процесс социализации происходит сегодня в условиях неопределенных социальных ситуаций, многообразия принципов организации социальной жизни. сообществ, видов деятельности, социальных ролей и групповых норм, что в конечном итоге влияет на процесс формирования идентичности подрастающего поколения. Изучение проблем формирования социальной идентичности имеет также практическое значение для разработки рекомендаций, направленных на организацию успешного образовательного процесса детей-подростков.

Понятие «социальное здоровье» подразумевает общественное социальное здоровье в рамках влияния социальных факторов на физическое здоровье населения [4]. Воспитательная работа, проводимая на ранней стадии, позволяет своевременно предупредить возникновение и развитие

девиантного асоциального и антисоциального поведения, а также формирование негативных личностных черт, асоциальных ценностных ориентаций и отношений, которые, взятые в целом, составляют сущность отклонений личности, социального здоровья студентов. Выполнение функции психолого-педагогического воспитания родительских образовательных организаций (по согласованию с социальными) способствуют снижению риска развития социальных отклонений у студентов [5].

Социальное здоровье подростка является важнейшим фактором обеспечения его социального благополучия и является результатом целенаправленного педагогического процесса.

Социальное здоровье – это сформированный социально приемлемый, морально нормативный опыт взаимодействия с обществом, проявляющийся в саморегуляции поведения в изменяющихся условиях, нацелен на достижение консенсуса с самим собой, а также на способность удовлетворять социальные интересы и потребности и быть интегрированным в общество. Социальное здоровье подростка включает в себя нравственные и духовные (соблюдение общественных моральных норм, наличие социального знания, умения, навыки), социальные и поведенческие (сопротивление индивида к социально неблагоприятным факторам окружающей среды и сформированные навыки поведения, саморегуляции), социально-психологические (социальные ориентации личность подростка, удовлетворительной социальной адаптации), социальные и культурные (высокий уровень социального развития, сформированная социальная готовность, общественно полезный опыт) компоненты.

Определены следующие уровни социального здоровья подростка:

(а) социально приемлемый (стандартный) уровень – соответствие социальным нормам, принятым большинством людей;

(б) социально нейтральный (маргинальный) уровень социального здоровья – крайняя граница социальных норм, вызывающая напряженность у окружающих людей;

(в) социально неприемлемый (нестандартный) уровень социального здоровья – наличие явных социальных отклонений [5].

Отклонения социального здоровья подростка – это несогласованность внутренних и внешних механизмов социального становления личности подростка, проявляющаяся во временных или постоянных, целенаправленных или спонтанных действиях человека, направленных на разрушение ценностно-нормативных принципов общества, девиантное поведение и деструктивную деятельность в изменяющейся среде. Для этого требуется организация системы специальной профилактики в организации образования. Эффективность социально-педагогической профилактики отклонений личности подростка, социальное здоровье зависит от своевременных социально-педагогических мер образовательной организации, направленных на предупреждение, устранение и нейтрализацию причин и условий негативных социальных отклонений в поведении. [9]

Технология социально-педагогической профилактики отклонений социального здоровья подростка должна включать:

(а) педагогическое целеполагание, анкетирование всех учащихся в ходе первичной социально-педагогической диагностики;

(б) выявление учащихся с социально приемлемым, социально нейтральным и социально неприемлемым уровнями социального здоровья;

(в) социально-педагогическая профилактика учащихся со скрытыми отклонениями в социальном здоровье и т.д.

При проведении социально-педагогической профилактики отклонений следует создавать управленческие и социально-педагогические условия для профилактики отклонений социального здоровья подростка и готовности всего педагогического коллектива к осуществлению социально-педагогической профилактики отклонений социального здоровья подростка.

Организация работы социально-педагогических служб, направленных на осуществление профилактической работы с

подростками группы педагогического риска, с учетом принципов и условий социально-педагогической профилактики отклонений социального здоровья подростка, требует своевременного выявления подростков с латентными и явными социальными, личностными проблемами для организации социально-педагогического сопровождения с использованием диагностических средств, анализа данных опроса (для передачи их в исследование) и обязательного привлечения к сотрудничеству специалистов специализированных служб и психологов.

Заключение

Профилактическое и развивающее воздействие на нивелирование девиантного поведения и формирование образцов успешного, социально одобряемого поведения, помогающего подросткам развивать позитивную социальную идентичность, может быть реализовано в организациях образования с максимальным охватом специалистов школы: психолога, педагога, социального работника, завуча по воспитательной работе и других работников организаций. Раннее выявление признаков девиантного поведения у подростка позволит своевременно проводить коррекционную работу.

Список литературы:

1. П.С. Самыгин. Профилактика девиантного поведения молодежи (Изд-во Юрайт, Москва, 2019).
2. М.П. Барболин. Социализация личности: методология, теория, практика (Петрополис, Санкт-Петербург, 2008).
3. Микляева А. В. Социальная идентичность личности: содержание, структура, механизмы формирования (Изд-во Герценовского университета, Санкт-Петербург, 2008).
4. Е.Д. Божович. Журнал психологической науки и образования 2, 5-13 (2007)
5. Е.В. Змановская. Девиантология (психология девиантного поведения) (Изд-во Академии., Москва, 2008).
6. Г.М. Андреева. Социальная психология (издательство «Аспект Пресс», Москва, 2007)
7. А.А. Реан. Психология девиантности: Дети. Общество. Закон (Изд-во Юнити-Дана., Москва, 2016).
8. Б.С. Мухина. Возрастная психология (Изд-во Академии, Москва, 2000).
9. Э. Эриксон. Детство и общество (Издательство «Питер», Санкт-Петербург, 2019).



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

М.Н. Айдар¹, Ш.Т. Шаяхметова² С.С. Конырбаева³

¹ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ,

2-курс магистранты Алматы қ., Қазақстан

²Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ,

мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша PhD,

жетекші ғылым қызметкер, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

³ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ,

п.ғ.к., аға оқытушы, Алматық., Қазақстан

e-mail: maira_93ru@mail.ru, sshake84@gmail.com, pedsheberlik@mail.ru

Аңдатпа. Білім беру саласында қашықтықтан оқыту бұрыннан таныс ұғым. АҚШ пен Еуропа елдерінде XIX ғасырдың орта шенінен бастап дамыған, ал Орта Азия елдеріне кешеуілдеп жеткен білім берудің бұл саласы бүгінгі таңда маңызды орынға шықты. Мемлекеттік білім беру жүйесіндегі қашықтықтан білім беру саласына байланысты қажеттіліктер мен даму тенденцияларын нақтыланды. Ғаламтордың виртуалды өмірінде коммуникация, ақпарат және ғылыми зерттеу жүргізу мүмкіндіктерінің болуы, бүгінгі күні ақпараттық жаңа технологияларды қолдану алғашқы кезеңмен салыстырмалы түрде арзан және қолжетімді екеніне нақты мысалдар ұсынылды. Осы факторлардың әсерімен Интернет арқылы қашықтықтан білім беру бүкіл дүниежүзінде дәстүрлі оқытудың бір бөлігіне айналып отырғанын, әлемдік ақпарат кеңістігінде еліміздің білім беру сала-сы күн санап жетіліп келе жатқаны белгілі болды. Бұған өз кезегінде соңғы жылдары дүниежүзілік пандемияның да әсері орасан екені анық. Сонымен қатар арнайы мемлекеттік білім беру жүйесін бітірген мамандарға осы салада білім алудың жолдары ұсынылды. Қашықтықтан оқыту технологиясының түрлеріне, сипаттамысына тоқталып, елімізде қашықтан оқыту процесі екі түрлі технология бойынша жүзеге асатыны анықталды. Анықтамалар берілді, мысалдар келтірілді. Сондай-ақ, жоғары оқу орнындағы педагогика-психология мамандығының 2-курс студенттері арасында қашықтықтан оқыту бойынша эксперимент жүргізілді.

Аннотация. Дистанционное обучение уже давно стало привычной концепцией в сфере образования. Эта область образования, которая развивалась в США и Европе с середины девятнадцатого века и отставала в Центральной Азии, сегодня приобрела важное значение. Выявлены сопутствующие потребности и направления развития в сфере дистанционного образования в системе народного образования. Наличие коммуникационных, информационных и исследовательских возможностей в виртуальной жизни Интернета, конкретные примеры того, что сегодня использование новых информационных технологий является относительно недорогим и доступным, чем на первом этапе. Под влиянием этих факторов стало ясно, что дистанционное обучение через Интернет становится частью традиционного обучения во всем мире, а образование страны в глобальном информационном пространстве развивается день ото дня. В свою очередь, глобальная пандемия последних лет сыграла свою роль. Кроме того, выпускникам системы специального государственного образования были предложены пути обучения по данному направлению. Акцентируя внимание на видах и особенностях технологий дистанционного обучения, было установлено, что процесс дистанционного обучения в стране осуществляется по двум различным технологиям. Даны определения, приведены примеры. Также

был проведен эксперимент по дистанционному обучению среди студентов 2 курса специальности «педагогика и психология» вуза.

Abstract. Distant learning has become important today. The article clarifies related needs and development trends of distant education in the educational system. Distant learning via the Internet is becoming part of traditional learning around the world and the pandemic has greatly promoted and improved the ways of distant learning. The article describes types and characteristics of distant learning technologies, it was found that the process of distance learning in the country is carried out on two different technologies. Definitions and examples are provided. An experiment on distant learning was also conducted among 2nd year students of the specialty «Pedagogy and Psychology» of the university.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, интернет, электронды коммерция, телекоммуникация, робототехника, білім сапасы.

Ключевые слова: дистанционное обучение, интернет, электронная коммерция, телекоммуникация, робототехника, качество образования.

Key words: distant learning, Internet, e-commerce, telecommunications, robotics, the quality of education.

Кіріспе

Дүниежүзінде жыл санап ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы артып келеді. Бұл жаһандық өзгерістер өз кезегінде Қазақстанға да әсер ететіні заңды. ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры. Сонымен жаңа ғасырда бұрын-соңды адамзат тарихында болмаған жаңа технологиялардың көбейіп, дамып келе жатқанына түрлі факторлар әсер етіп келеді. Ал ақпараттық-коммуникациялық жаңа технологиялардың маңызының артуы сәйкесінше адамдардың өмір сүру салтына да, тіпті білім беру саласына да ықпал етеді. Бүгінгі таңда тек әлемдік тәжірибеде ғана емес, Қазақстанның білім беру саласының тәжірибесінде де қашықтықтан білім берудің орны өзгеше.

Білім беру саласында қашықтықтан оқыту бұрыннан таныс ұғым. АҚШ пен Еуропа елдерінде ХІХ ғасырдың орта шенінен бастап белгілі бір себептермен сабаққа қатыса алмаған оқушылар мен студенттер сол кездегі ақпаратты тасымалдау қызметі, яғни пошта арқылы қашықтықтан оқытуды талап ете алған. Араға біршама уақыт салып, нақтырақ айтқанда 1920 жылы радионың дамып жетілуімен, 1940 жылдары теледидардың дамуымен байланысты білім берудің осы жаңа форматы кең көлемде пайдаланыла бастады. 1980 жылдары интернет желісінің пайда болуымен қашықтықтан оқыту кең көлемді қызмет атқарды, себебі жалпылама халықта

қашықтан оқытуға сұраныс артты. Ғаламтордың виртуалды өмірінде коммуникация, ақпарат және ғылыми зерттеу жүргізу мүмкіндіктері көп. Бүгінгі күні ақпараттық жаңа технологияларды қолдану алғашқы кезеңмен салыстырмалы түрде арзан және қолжетімді болып отыр. Осы факторлардың әсерінен Интернет арқылы қашықтықтан білім беру бүкіл дүниежүзінде дәстүрлі оқытудың бір бөлігіне айналып отыр.

Қашықтан оқытуды интернет арқылы жүзеге асыру дегеніміз бұл оқытуды білім беру ұйымдары мен мекемелеріне бармай-ақ қазіргі ақпараттық-оқу технологиялары мен коммуникация құралдары көмегімен білім алу болып табылады. Ал бұл салада туындап отырған мәселелердің көбі – білім беру және білім берудің сапасы. Қашықтан оқытудың сапасы жоғары болуы үшін арнайы педагог мамандарды дайындау, олардың құзіреттілігін жетілдіру басты мақсат болып отыр. Біз бұл туралы өзіміздің «ЖОО-дағы педагогтардың кибер әлеуметтендірушілік құзыреттілігі» атты ғылыми мақаламызда нақтылап айтып, қорытындылар жасаған болатынбыз.

Мемлекеттік білім беру жүйесіндегі ең басты мәселелердің бірі болып отырған қашықтықтан оқыту мәселесі соңғы жылдары өзінің маңызын тіптен арттырды. Оған, жаһандық эпидемияның да әсері орасан зор болды. Тек Қазақстанда ғана емес жер бетіндегі барлық елдерде білім беру саласындағы ең алғашқы орынға шыққан да қашықтан білім беру болды.

Ал тек өз елінде емес, шетелдерде білім алатын тәлімгерлер де қашықтықтан оқытуға тәуелді болды. Ертең оның жемісі қандай боларын болашақ көрсетеді. Қашықтықтан білім беруге дайын болған мекемелер ғана жоғары деңгейде ақпараттық технологияларды пайдаланып білім бере алды деп ойлаймыз. Ал мұндай өзгеріске дайын болмаған, әлі эмпиристік санасында жоқ білім беру жүйелері ақсап қалатыны да белгілі болды. Демек бүгінгі таңда Қазақстанда білім беру жүйесін ақпараттандыру ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Осыған байланысты елімізде мамандардың біліктілігін жетілдіру және көтеру мақсатында түрлі реформалар жүзеге асырылып келе жатыр. Арнайы мемлекеттік білім беру жүйесін бітірген мамандарға осы салада білім алғандығын растайтын құжат табысталады. Бұл құжаттарды нострификациялау ҚР Білім және ғылым министрлігі белгілеген тәртіп, заң бойынша өткізіледі.

Білім берудің мақсатын, тұжырымдамаларын, әдістемесі мен әдіснамасын, оқу ғимараттарын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды, оқытудың техникалық орталықтарын, тікелей студенттің өзін, қаржыландыруды толықтай қамтитын жүйе ретінде қарастырылуы және алдағы уақытта белгілі жоспарларға сәйкес жұмысын үздіксіз жалғастыру тиіс. Студенттердің оқу барысында игеруі тиіс білік, дағды, білімін қадыптастыру үшін іске асыруды қамқатамасыз ететін, дамыту мен тәрбиелеуге бағытталған тәлім берушінің іс-әрекет түрлерін оқыту принциптері деп атауға болады. Ал жалпы оқу үдерісіндегі студент пен оқытушының байланысы оқыту әдістері арқылы орындалады.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде маңызды мәселе оқытуды ақпараттандыру, демек, оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана білу, сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларымен қамтамасыз ету. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. [1]

Жалпы білім беру саласында «білім беруді ақпараттандыру» жайында соңғы жылдары, әсіресе, жаңа ғасырдың жаңа технологияларын игеру барысында түрлі қайшылықтардың туындайтыны табиғи құбылыс. Жаңа дүние кез келген адам баласына, оның жас ерекшелігіне қарамай таңсық болады және оларды игеру алғашында қиынға соғады. Оларды игертудің жалғыз жолына «тиімділік» категориясын алға тарту арқылы жетеміз. Жаһанданған заман талаптарына білім алушы да, білім беруші де толықтай жауап бере алуы керек. Бұл салада аспектілері ресейлік А.П. Ершов, В.С. Гершунский, А.А. Кузнецов, М.П.Лапчик, В.С. Леднев, В.М. Монахов, И.В.Роберт және т.б. ғалымдардың еңбектерінде және оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды қолданудың теориясы мен әдістемесі Ю.С. Брановский, В.А. Каймин т.б. еңбектерінде тереңірек қарастырылған. Ал, Қазақстанда ақпараттық технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мәселелері Ж.А. Қараев және Б.Т. Абыканованың еңбектерінде зерттелген. Оқу үдерісін жетілдіруде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы болашақ педагогтардың даярлығын, ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың маңызы зор, осы тақырып төңірегінде Е.Ы. Бидайбеков, Д.М. Жүсібалиева, Л.П. Әбішева, С.М.Кеңесбаев, Б.А. Досжанов, Ж.К. Нұрбекова секілді ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Ал колледж оқытушылары мен мектеп оқушыларының ақпараттық технологиялар арқылы зерттеу қызметтерін дамыту мәселелеріне С.А. Байжанова, Н.Ғ. Даумов өз еңбектерінде кеңінен тоқталған. [2]

CD-ROM, баспасөз материалдарын жіберу, электрондық пошта, Интернет, телефон, онлайн конференциялар, виртуалды кітапханалар мен бөлмелер, ішкі байланыстардың белгіленген уақыты мен максималды байланысы, осының барлығы – қашықтықтан оқытудың негізгі элементтері. Қашықтықтан оқытуда бұлардың барлығы қаншалықты маңызды десек те, бұл оқу үдерісінде де педагог маңызы жойылмайды. Себебі, «оқыту технологияларының алуан түрлілігімен: дидактикалық, компьютерлік,

проблемалық, модульдік және басқалары – жетекші педагогикалық функцияларды жүзеге асырғанымен, басқару педагогта қалады» [3. – 488]. Демек, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқытудың формасын өзгерте алғанымен, оқытудың мәні мен мазмұны өз қалпын сақтайды. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері барлық салаларда күрделі реформалар жүрді. Ал бұл реформалардың кейбірі жемісін берсе, кейбірі ешқандай нәтиже көрсете алмады. 2017 жылы 12 желтоқсанда іске қосылған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі жемісін бірнеше жылда көретін боламыз. Тіпті, соңғы екі жылда оны көрдік деп те айта аламыз. Әрине, идеалды бағдарлама болмағанымен, әлі де толықтыруларды қажет етеді, ақпараттық технологиялар төңірегінде халықтың сауатын арттыратын бағдарлама болды деп сенеміз.

Қашықтықтан оқытуда ақпараттық технологиялардың қызметінде және дамуында ерекше орын алатыны – Интернет желісі. Ол арақашықты қысқартып қана қоймай, оқушы мен оқытушыға көбірек еркін кеңістік орнатып береді. Яғни, білім алушылар оқытушы берген тапсырмаларды өздеріне ыңғайлы уақытта орындауға мүмкіндік алады. Ал бұл оқушының, тәлімгердің сабаққа қатысты позитивті ойлауына әсер етеді. Білім алуға қатысты позитивті ойлау қашан да жақсы нәтижеге жеткізеді. Сонымен қатар қашықтықтан оқуда оқытушы материалдың мазмұнын жылдам өзгерте алады, қосымша ақпараттарды тез арада ұсынады. Бұл – толық білім берудегі жақсы әдіс. Қашықтықтан оқыту технологияларының осындай позитивті тұстары, мүмкіндіктері біздің білім беру жүйеміздің жарқын болашағы бола алатынының көрсеткіші. Ақпараттық технологиялардың қолжетімсіздігі бүгін қашықтан оқыту туралы теріс пікірлер туғызып отыр. Бірақ басты орында білімнің сапалы болуы екенін ұмытпауымыз керек, сондықтан ақпараттық технологиялық құралдармен түгел қамтылған білім беру мекемелері мен ұйымдарында қашықтықтан білім берудің жақсы үлгілерін көре аламыз.

Зерттеу әдістері.

Теориялық бөлімнің нәтижесінде келесі гипотезалар жасалынды:

H1: Педагогтердің жұмысы студенттің оқу курсына деген оң көзқарасы мен күткен нәтижесіне байланысты болады.

H2: Студент пен педагогтің өзара әрекеттесуі студенттің оқу курсына деген оң көзқарасы мен күткен нәтижесіне байланысты болады.

H3: Оқу курсын бағалау студенттің оқу курсына деген оң көзқарасы мен күткен нәтижесіне байланысты болады.

Қашықтықтан оқыту барысында студенттердің оқу курсына деген көзқарасы мен күткен нәтижесін анықтаудың негізгі факторлары арасындағы байланысты зерттеу үшін ыңғайлы іріктеу әдісін қолдана отырып, ұлттық университет студенттері арасында құрылымдық сауалнама таратылды. Сауалнама GoogleForm платформасында таратылды. Сауалнамаға 90 студент қатысты.

Студенттердің қашықтықтан оқу курсына деген көзқарасы мен күткен нәтижесін өлшеу үшін алты тапсырма Arbaugh (2000) зерттеуінен бейімделді. Бұл тармақтар студенттердің оқу курсына деген көзқарасы мен күткен нәтижесін, оның сапасына деген көзқарасына және қашықтықтан оқыту арқылы болашақта қашықтықтан оқу курстарынан өту ниетіне бағытталған. Студент пен оқытушының өзара әрекеттесуін өлшеу үшін Johnson, Aragon, Shaik, and Palma-Rivas (2000) зерттеулерінен бес элемент қабылданды. Сол сияқты, 2001 жылдың күзіндегі Техас Техникалық Университетінің Білім Колледжі оқытуды бағалау шкаласы элементтері нұсқаушының жұмысын және курсты бағалауды өлшеу үшін пайдаланылды (Talent-Runnels et al., 2005).

Сауалнама екі бөлімнен және 26 сұрақтан тұрады. Бірінші бөлімде жеке басына қатысты ақпараттар, ал келесі бөлімде айнымалылар элементтері болды.

Элементтердің әрқайсысы 1-ден бастап бес баллдық Likert типті шкаламен өлшенді.

1-мүлдем келіспеймін 5- толық келісемін деген көрсеткіштер.

Гипотезаны тексеру

Тәуелді айнымалы, студенттердің оқу курсына деген көзқарасы мен күткен нәтижесіне

және келесі үш болжаушы айнымалылар арасындағы байланысты зерттеу үшін студент пен мұғалімнің өзара әрекеттесуі, мұғалімнің тиімділігі және курс сапасы тексерілді. Біз корреляциялық және регрессиялық талдауды қолдандық.

Нәтижесінде: Тәуелді айнымалы = студенттердің оқу курсына деген көзқарасы мен күткен нәтижесі.

Корреляциялық матрицасы студент пен мұғалімнің өзара әрекеттестігі студенттердің оқу курсына деген көзқарасы мен күткен нәтижесіне оң және айтарлықтай корреляцияланғанын көрсетеді ($0,413^{**}$, $p < 0,05$, $H1$).

Нәтижелер нұсқаушы жұмысының оң екенін және студенттердің оқу курсына деген көзқарасы мен күткен нәтижесіне айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді ($0,616^{**}$, $p < 0,05$, $H2$).

Сонымен қатар, оқу курсын бағалау мен студенттердің оқу курсына деген көзқарасы мен күткен нәтижесі арасында маңызды және оң байланыс бар ($0,637^{**}$, $p < 0,05$, $H3$).

Осы зерттеудің нәтижелері осы кампустағы студенттердің көпшілігі студенттер мен педагогтің өзара әрекеттестігіне, нұсқаушының жұмысына және курсты бағалауға қанағаттанушылықтың жоғары деңгейін көрсетті. Бұл дәстүрлі білім беру сияқты қашықтықтан оқытуда студенттер мен педагогтер арасында жеткілікті деңгейде өзара әрекеттестік орын алатынын көрсетеді.

Талқылау

Сонымен, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.[4] Қашықтықтан оқыту процесінде төмендегідей негізгі анықтамалар мен ұғымдар бар:

- тьютор (Tutor) – оқу материалын игеруге бақылау жасауды жүзеге асыратын қашықтықтан білім беру технологияларының оқытушы-кеңесшісі;

- контент – бұл мәтін, графика, мультимедиа және басқа да ақпараттық толықтырулар

жинағы;

- тьюторлық сыныптар – компьютер, бейне мониторлар, ақпараттық-коммуникациялық құралдармен жабдықталған сыныптар.[5]

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудағы ең негізгі кезең виртуалдық (синхрондық немесе асинхрондық) өзара іс-қимыл болып табылады.

Синхрондық өзара іс-қимылда белгіленген уақытта студент пен мұғалім бір мезгілде оқыту және оқу үдерістерін бастайды. Ол үшін онлайн әлеуметтік чаттар немесе онлайн конференциялар ұйымдастырылады. Қазір бұларды ұйымдас-тыратын ақпараттық технологияларда, әлеуметтік программалардың да түр-түрі бар.

Асинхронды өзара іс-қимылда оқытушы мен студент белгілі бір уақытта телеконференциялар мен электрондық пошта бойынша хат алмасу арқылы ұйымдастырылады.

Біз қашықтықтан оқытудың жалпылама анықтамасын іздеп, Қазақстандағы ЖОО-дағы қашықтықтан оқыту туралы нақты анықтамаға тоқталдық: «Қашықтықтан оқыту – бұл теориялық материалды оқу, практикалық, зертханалық және СӨЖ тапсырмаларын орындау, білім беру порталында курстық жұмыстарды жазу, сондай-ақ on-line режимінде, Интернет желісінде оқытушымен тікелей байланыс жасау. Қашықтықтан оқыту сапасын жақсарту үшін оқу процесіне on-line сабақтар, бейнедәрістер, видеоконференциялар, виртуалды зертханалық жұмыстар, вебинарлар енгізілген» [6].

Ал қашықтықтан оқыту технологиясының түрлеріне, сипаттамысына келсек, елімізде қашықтықтан оқыту процесі екі түрлі технология бойынша жүзеге асады:

- Интернет технология немесе желілік технология;

- Кейс-технология.

Желілік технология – оқытушылар мен тәлімгерлер, әкімшілік арасындағы интерактивті өзара әсерлесуін және оқу-әдістемелік құралдармен жабдыкталуын қамтамасыз етуде телекоммуникациялық желіні қолдануға негізделген[7].

Кейс-технология (ағылшынның case – портфель) – қағаз, электрондық және

басқа да тасымалдағыштарда және білім алушылардың өзіндік білім алуы үшін жіберілетін мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдардың жинақтауларын (кейстерді) толықтыруға негізделген технология [7].

Интернет желісінде өте көлемді ақпарат жинақталған, бұларды жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу сатысында нақты оқу-әдістемелік қор құрылғанға дейін білім беру мақсатында қолданған тиімді. [8] Қазіргі заманғы электрондық-техникалық орталар мен ақпараттарды тасымалдау құралдары жылдан-жылға жетілдіріліп, білім беру саласында білім беруге қатысты түрлі міндеттерді шешу үшін жаңа бағыттар ұсынады. Соның ішіндегі ХХІ ғасыр технологиялары бар. [9]

Осы уақытқа дейін күллі адамзат пайдаланып жүрген дәстүрлі немесе табиғи энергия көздерінің бүгінде ғаламдық қоры сарқылу үстінде, соған сәйкес жыл сайын энергия беруші көмірсутегін өндіру қымбатқа түсіп келеді. Бүгін күн және жел сәулесі энергиясы, биомасса энергиясы, гидроэнергетика кеңінен пайдаланылып, келешектің қуат көзіне айналып отыр. Бұлардың басты артықшылығы және ерекшелігі – сарқылмайтынын, зиянсыздығы және қолжетімділігі. Осы бағытта жұмыс жасау елімізде де қарқынды дамып отыр. Бұл өз кезегінде біздің болашаққа құйған инвестициямыз болатыны сөзсіз. Энергия үнемдеу бүгін кез келген салада маңызды болып отыр. Себебі, таусылмас энергия көзі – өмір сүрудің негізі. Қанша технологиялық жаңалықтар болып жатқанымен, бұл жаңалықтардың ішіндегі ең маңыздылары табиғи энергияларды пайдаланып, артық қуат шығармайтын, сонымен қатар табиғатқа зиян тигізбейтін, адам игілігіне қызмет ететін ақылды құрылғылар болып отыр. Бұған дәлел ең алғашқы компьютерлер мен бүгінгі олардың жаңа түрі.

Компьютерлер. ХХ ғасырдың 40-50 жылдары электронды есептеуіш машиналардың пайдалануға берілуі – бүгінгі технологиялық құралдардың негізі болды. ЭЕМ-дың чиппен немесе электронды шамдармен жұмыс істейтін түрлері сол кезде-ақ қолданысты еді. Алғашқы кезеңдерде олармен арнайы

оқытылған адамдар ғана жұмыс істей алды. Ал бүгін біз кез келгеніміз компьютер, ноутбук, телефонды еркін пайдалана аламыз. Демек, уақыт тәжірибесі адамзат геніне сіңіп келеді. «Компьютерді пайдалану мұқтаждығы маман еместерге арналған машина жасау қажеттілігін тудырды. [10] Араға 30 жылдай уақыт салып, күнделікті, үйде, тұрмысқа қажетті техника ретінде пайдалануға берілген түрлі компьютерлер бүгінгі күнге түрлі өзгерістермен, жаңалықтарымен жетіп отыр. Дегенмен, микрокомпьютерлер дамуындағы ең елеулі оқиға болып 1981 жылы IBM фирмасы жасаған, кейіннен «дербескомпьютер» деп аталған шағын компьютердің шығуы болды. Сол уақыттан бастап осы атау шағын компьютерлер тобының жалпы аты есебінде тұрақталынып қалды.[11]

Электронды коммерция. Елімізде бұның күн санап дамып келе жатқанына, біздің буын өкілдері куәгер. Электронды коммерция елімізде коммерция нарығын жаңа арнаға бұрды. Бұл коммерцияның барлық бағытын дамытып келеді. Күнделікті пайдаланылатын ең ұсақ-түйектен бастап, маңызды мемлекеттік қажеттіліктерді де электронды коммерция жүзеге асыра алатынына көз жеткізіп отырмыз. «Ауадағы ақша» терминінің жалпылама халыққа түсінікті болып кеткені соншалық, ірі мегаполистерде қазір тек «ауадағы ақша айналымы» жүріп отыр. Электронды ақшамен қазір еліміздің кез келген өңірінде сауда жасай аласыз. Бұл 2015 жылмен салыстырғанда ең жоғары нәтижені көрсетіп отыр. Мұны тілге тиек етіп отырғанымыз, қашықтан білім беруде де, қосымша ақпараттар мен ақылы вебинарларды сатып алу да дәл осы электронды коммерция арқылы жүзеге асырылады. Бұл процесстің күмәнді жақтары, сапаға толық қол жеткізбеуде деп ойлайды көбі. Бірақ жарнамалар, пайдаланушылар пікірлері – сапаны сатып алушыға нақтылап беретін көрсеткіш. Болашақта білім беру саласында да, басқа салаларда да электронды коммерцияның рөлі үлкею мүмкіндігі жоғары.

Телекоммуникация. Бүгін адамзат өмірін, ғылымсыз, техника саласының үздік үлгілерінсіз, радиобайланыс, электронды жүйелер мен

телекоммуникация құралдарынсыз елестету мүмкін емес. Білім беру жүйесінде, әсіресе, соңғы уақыттардағы қашықтықтан оқыту мәселесі төңірегінде телекоммуникациялық құралдардың маңызы арта түсті. Пандемия кезінде де мектеп оқушыларына сабақ теледидар арқылы оқытылып, тәжірибеден өтті. Бір орталықтандырылған жүйемен де, біз әрі уақытты тұрақтандырып, еліміздегі оқушыларды жаппай оқытуға болатынын аңғардық. Мұның кемшіл тұстары болатынын да әзірге жоққа шығармаймыз. Тек алдағы уақытта барлығын жан-жақты ескере отырып, осы саланы дамытатын болсақ, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Робототехника немесе жасанды интеллект. Робототехника (робот және техника; robotics – роботика) – роботтардың құрылысымен, жұмысымен қолдануымен айналысатын, оған қоса олардың басқару, сезіну және мәлімет өңдеумен айналысатын механикалық, электр және электронды инженерия мен компьютер ғылымдарының біріккен саласы[9]. Біз бүгінгі таңда робототехниканың білім беру саласында қаншалықты маңызды рөл атқаратынына толық көз жеткізбесек де, маңызды екенін ұғындық. Елімізде робототехниканың ең соңғы үлгілері болмағанымен, яғни білім беру саласында, зерттеу жұмыстарын өткізетін немесе өткізуге болатын құрылғылар бар екенін зияткерлік мектептерден білеміз. Тіпті елімізде мектепте оқитын, ЖОО-да оқитын жас ғалымдар түрлі жобаларын жүзеге асырып талпынып отыр. Олар түрлі жасанды интеллекттерді, роботтарды әзірлеуге дайындалу үстінде. Бұл роботтар 1942 жылы жазылған Айзек Азимовтың «Хоровод» атты әңгімесінде баяндалған «Роботтар заңнамасына» бағынуы тиіс.

1. Бір де бір робот адамға залал келтіре алмайды немесе әрекетсіздігімен залал келуіне жол бермейді.

2. Бірінші заңға қарсы келмесе, робот адамның барлық бұйрықтарын орындауға тиіс.

3. Бірінші және екінші заңдарға қайшы келмесе, робот өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. [10]

Жоғарыда айтылған бағыт-бағдарларды

ескере отырып, білім беруді ақпараттандырудың 2013 жылғы мемлекеттік бағдарламасындағы білім беруді ақпараттандыру төмендегі процестерді жетілдіретіні туралы ақпарат жинақтадық:

– білім беру жүйесінің басқару механизміндегі ғылыми-педагогикалық ақпараттар мен ақпараттық-әдістемелік материалдарды автоматтандыру арқылы оның қолданылу аясын жетілдіру және басқару ісіне коммуникациялық желілерді қолдану;

– ақпараттық қоғам жағдайында жеке тұлғаның даму бағыттарының міндеттерін негізге ала отырып, оқытудың мазмұнын, әдістері мен оны ұйымдастыру формаларын таңдау мен оның методологиясын жетілдіру;

– үйренушінің интеллектуальдық қабілетін дамытуға, өздігінен білім алуға, түрлі ақпараттарды өздігінен өңдеу сияқты әрекеттерге бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы құру;

– үйренушінің білім деңгейін бағалау мен бақылау әдістерін талдау бағытында компьютерлік тестілеуді құру мен оны қолдану [14].

Білім беруді ақпараттандыру, ал біздің тақырып бойынша нақтылап айтатын болсақ, қашықтан білім беру – ең алдымен мемлекеттің, сосын мұғалімнің құзіреттілігінде. «Ағартушы Д. Пойаның мынадай қанатты сөздері бар: «Мұғалім өз тауарын өткізе алатын сатушы тәрізді болуы тиіс, ол тауарын әдемілеп көрсете білуі керек». Сондықтан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін оқу үрдісіне жан-жақты пайдала білуіміз керек. Ал оны пайдаланудың басты мақсаты – оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Таңдай отырып, балалардың білімін жетілдіру бағытында еңбек етуі керек» [15]. Демек, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды адамзат қызметінің барлық саласына енгізу бүгінгі қоғамның нақты көрінісіне айналып отыр. Әрине, ғылыми, кәсіби бағыттардың пайда болуы маман дайындаудың нақты, қоғамды ақпараттандырудың

шынайылығына және оқытудың мәні мен мазмұнына ғана емес, осының бәріне сәйкес оқыту әдістері мен құралдары да сай болуы тиіс [16].

Бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологияны қашықтан оқыту процесінде қолдануда төмендегі факторларды ескеру тиіс:

- техникалық-материалдық база;
- қолданбалы программалық құралдардың мектеп пәндері бойынша бар болуы;
- мұғалімнің ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениетінің қалыптасу деңгейі;
- мультимедиялық электрондық оқулықтардың мазмұндық сапасының анықталуы;
- оқушылардың білім сапасына ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерінің әсері. Аталған факторларды ескере отырып, кез келген мұғалім өзінің кәсіби шеберлігіне ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдана алатындай деңгейде болуы тиіс [17].

Енді қашықтан оқытудың артықшылықтарын топтастырып көрелік:

- тиімді, бірақ сапалы білім алу;
- уақытты үнемдеу;
- физикалық күшті үнемдеу;
- ыңғайлылық, мекен таңдамау;
- интерактивті әрекеттесу;
- денсаулыққа байланысты шектеулердің болмауы;
- тең құқықтылық;
- заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану және т.б.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың және қашықтан оқытудың заманауи технологияларын енгізу арқылы және оларды тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді. [18]

Қазақстанда білім беруді жаңғырту – бүгінгі кезеңнің талабы. Соңғы екі жылда әлемдік пандемия кезінде білім беруді жаңғыртудың қаншалықты маңызды екенін, оқытудың, нақтырақ айтқанда қашықтан оқытудың мәнін тереңірек ұғындық. Алдағы уақытта да барлық қиындықтарға қарамай білім берудің бұл бағытын жетілдіре түсуге тиіспіз.

Қорыта келе, қашықтықтан оқытудың маңызы білім беру саласында өте жоғары, өйткені қашықтықтан оқытуды жетілдіру арқылы тәлімгерлер мен мұғалімдердің әлемдік ақпараттармен үздіксіз байланыста болуына, шығармашылықтарын жетілдіруге, тұлға ретінде дамуына, әлемдік ақпарат кеңістігінде еркін самғауға, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана, 2012ж. 33б.
2. «ЖОО-дағы педагогтардың кибер әлеуметтендірушілік құзіреттілігі» ғылыми мақала/автордан
3. В. А. Слостенин. – М.: Издательский Дом МАГИСТР-ПРЕСС, 2000. – 480-488.
4. <https://bilim-all.kz/article/14773>
5. <https://infourok.ru/b%D1%96l%D1%96m-beru-zh%D2%AFjes%D1%96ndeg%D1%96-%D2%9Bashy%D2%9Bty%D2%9Btan-o%D2%9Bytu-4264742.html>



6. Мукашева З.У. Қашықтықтан оқыту жағдайындағы білім алушыларға арналған анықтама-бағыттаушы - Орал: М. Өтемісоватындағы БҚУ РБО, 2020, – 28 б.
7. Садықова Г.Ә. Білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту. <https://infourok.ru/b%D1%96l%D1%96m-beru-zh%D2%AFjes%D1%96ndeg%D1%96-%D2%9Bashy%D2%9Bty%D2%9Btan-o%D2%9Bytu-4264742.html>
8. Михеева Е.В. Практикум по информационным технологиям в профессиональной деятельности. – Издательский центр «Академия», 2014ж, – 65б.
9. К.З. Халықова. Информатиканы оқыту әдістемесі Алматы. Білім баспасы-2015ж, – 93б.
10. «Компьютерді қолданудың педагогикалық мәселелері» Қ. Шәдиев, Қазақстан мектебі №5, 2013-7 б.
11. «Физика Қазақстан мектебінде» журналы №3(33), 2012ж, 75 б.
12. Сарсимбаева С.М., Каипова А.Д. Амиргалиева Т.А. «Интерактивті тақтамен жұмыс жасау негіздері» курсы бойынша әдістемелік нұсқаулар. Ақтөбе, Қ. Жұбанов атындағы АМУ, 2013ж, 23 б.
13. https://www.google.kz/search?q=http%3A%2F%2Ffikaz.kz%2Frobototekhnika+-kazaksha&rlz=1C1AONY_ruKZ736KZ736&oq=http%3A%2F%2Ffikaz.kz%2Frobototekhnika+-kazaksha&aqs=chrome..69i58j69i57.1458j0j7&sourceid=chrome&ie=UTF-8
14. Білім беру жүйесін 2010-2013 жылға дейін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2013ж. – 50б.
15. Дулатова А.Н. Информационная культура личности: учебное пособие / А.Н. Дулатова, Н.Б. Зинovieва М.: Либерия-Бибинформ, 2014. – 176б.
16. М.Жұмабаев. Жалпы педагогика. 2014ж М.Жұмабаев. – 45б.
17. 12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасы.
18. Болашақ мұғалімнің кәсіби шығармашыл тұлғасын қалыптастыру. // Білім – Образование. – Алматы 2014. – №4 (52). – Б. 46.
19. Arbaugh, J. B. (2000a). Virtual classroom characteristics and student satisfaction with internet-based MBA courses. *Journal of Management Education*, 24, 32-54
20. Johnson, S. D., Aragon, S. R., Shaik, N., & Palma-Rivas, N. (2000). Comparative analysis of learner satisfaction and learning outcomes in online and face-to-face learning environments. *Journal of Interactive Learning Research*, 11(1), 29-49.
21. Levin, J. A., Kim, H., & Riel, M. M. (1990). Analyzing instructional interactions on electronic message networks, in *On-line Education: Perspectives on a New Environment*, ed. L. Harasim, Praeger, New York, 16-38.
22. Levy, Y. (2003). A study of learners perceived value and satisfaction for implied effectiveness of online learning systems. *Dissertation Abstracts International*, 65(03), 1014A.



ЖАС МЕКТЕП БАСШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ САНА – СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Р.И. Боранкул¹, М.С. Сапиева², М.Д. Шагырбаева³

¹М01101-Педагогика және психология мамандығы бойынша 2-курс магистранты,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан, borankul.raushan@bk.ru

²педагогика ғылымдарының кандидаты, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан. Mayra_S@mail.ru

³педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Алматы, Қазақстан, sh.mentay2021@bk.ru

Аңдатпа. Заманауи білім беру үдерісі білім беру саласындағы барлық нысандардың кәсіби деңгейі мен кәсіптік дағдыларын негізге алады және бағалайды. Озық білім мен даму үстінде жүретін маманның жан-жақтылығын білім қоры негізінде бағалау жеткіліксіз болып саналады. Әсіресе, бұл бағалау басшылық өкілдері туралы айтқанда, өзекті болып саналады. Себебі, басшының бойында білім мен ғылым қоры ғана емес, кәсіби негіздер, атап айтқанда, кәсіби дағды, кәсіби іскерлік, кәсіби жоспар, кәсіби сана болуы міндетті. Аталғандардың ішінде соңғысына келер болсақ, кәсіби сана-сезім – басшының кәсіптік мансабы мен беделін іске асырушы және кепілдік беруші қызмет болып саналады.

Бұл мақалада сана-сезімнің қалыптасуы туралы теориялық ойлар жиыны келтіріліп, соның негізінде зерттеу эксперименті өткізілді. Зерттеулер жеке талданып, нәтижелер сандық – сапалық сипатта ұсынылды. Алынған нәтижелер бойынша талдау жасалынды және соған сай ұсыныс берілді.

Аннотация. Современный образовательный процесс получает и оценивает профессиональный уровень и профессиональные навыки всех форм образования. Недостаточной считается оценка всесторонности передовых знаний и развития специалиста на основе базы знаний. Особенно эта оценка считается очень актуальной, когда речь идет о представителях руководства. Ведь руководитель обязан иметь не только базу знаний и науки, но и профессиональные основы, а именно профессиональные навыки, профессиональный план, профессиональное сознание. Что касается последнего из перечисленных, то профессиональное сознание – это деятельность, реализующая и гарантирующая профессиональную карьеру и авторитет руководителя.

В данной статье представлен набор теоретических представлений о формировании сознания, на основе которых был проведен исследовательский эксперимент. Исследования анализировались индивидуально, результаты были представлены в количественно-качественном характере. По полученным результатам проведен анализ и даны соответствующие рекомендации.

Abstract. The article presents a set of theoretical ideas about the formation of consciousness, on the basis of which a research experiment was conducted. The studies were analyzed individually, the results were presented in quantitative and qualitative terms. Based on the results obtained, appropriate recommendations were given.

Кілт сөздер: кәсіби сана – сезім, басшылық, мотивация, когнитивті дағдылар, өзін-өзі анықтау.

Ключевые слова: профессиональное самосознание, руководство, мотивация, когнитивные навыки, самоопределение.

Key words: professional consciousness, leadership, motivation, cognitive skills, self-determination.

Кіріспе

Білім беру ордасы мамандар үшін де, білім алушылар үшін де басты нысанның бірі болып саналады. Себебі, болашақ маманның біліктілігі мен білігі білім алған ордасының деңгейіне байланысты. Ал, осы деңгейді өсіретін, дамытатын басшылық екені сөзсіз.

Еліміздің жастарды қолдау саясаты жыл сайын жанданып, жастардың кәсіби құзіреттілігі дамып келеді. Оған дәлел – білім беру ордаларындағы жас басшылар мен мамандар. Олардың кәсіби дағдыларын дамыту, жетілдіру және жандандыру кезек күттірмес өзекті мәселе. Кәсіби сана-сезімді қалыптастыру өзге кәсіптік дағдының нәтижелілігін арттыратын дағды болып саналады.

Дәстүр бойынша, еңбек психологиясында еңбектің сәттілігін, оның өнімділігін және т.б. анықтайтын кәсіби маңызды қасиеттердің дамуы қарастырылады. Бірақ нақты психологиялық тәсілдің ерекшелігі – адамның – қызметкердің жеке басының даму мәселелеріне баса назар аудару. Сондықтан дамып келе жатқан еңбек субъектісінің құндылық – семантикалық, жеке аспектілерін қарастыру өте перспективалы бағытқа айналады. Оның кәсіби санасының құндылық – адамгершілік, семантикалық, жеке құрылымының қалай қалыптасатынын түсіну негізгі құрылымдық бірліктерге айналған [1].

А.Н. Леонтьев екі «жеке тұлғаның туылуы» туралы былай деп айтты: бірінші рет – мектепке дейінгі жаста, мотивтердің бірінші иерархиясы құрылып, бір нәрседен бас тарту мүмкіндігі пайда болған кезде; екінші рет – жасөспірім кезінде, жас адам өзінің мотивтерін жаңа түсініп, өзінің мінез – құлқын басқара бастағанда тұлғаның туылу үдерісі өтеді. Бұған азаматтық жетілумен және оның мотивтерін әлеуметтік және тіпті жалпы адамзатпен үйлестірумен байланысты жеке тұлғаның үшінші туылуын қосуға болады. Кәсіби қызметте жетілген адам өзінің дамып келе жатқан әлеуетін барынша іске асырған кезде, адам не үшін жұмыс істеп қана қоймай, жалпы өмір сүретіні туралы ойлану пайдалы, өйткені кәсіби іс-әрекеттің өзі оған барлық жақсылықтарды жеткізуге мүмкіндік береді. Осылайша «туылудың» үшінші кезеңінде сана

– сезімнің қалыптасуы мен дамуы басталады.

Жалпы, жеке тұлғаның сана-сезімін тануының дамуының келесі кезеңдерін шартты түрде ажыратуға болады (Ю.Б. Гиппенрейтердің болжамы бойынша) [2].

- физикалық дамуға делдал болатын нормаларды меңгеру («жеке менін» қалыптастыру);

- «тұлғаның әлеуметтік қабатын» қалыптастыру;

- «тұлғаның рухани орталығын» қалыптастыру (құндылықты – адамгершілік өзін-өзі анықтау).

Жас маманның жеке басының даму ерекшелігін түсіну үшін осы мамандықтың және адамның даму жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып, оның өзін-өзі тануының қалыптасу ерекшеліктерін бөліп көрсету қажет.

Негізгі бөлім

Батыста американдық психолог Дональд Сьюпердің кезеңділігі жақсы белгілі. Ол өзінің жіктемесін зерттеулерді қайта қарастыру негізінде ұсынды. Дональд Сьюпердің кезеңділігі келесі кезеңдерді қамтиды:

1. Негізгі қызығушылықтар мен қабілеттердің дамуы жүретін өсу кезеңі (туғаннан 14 жасқа дейін). Сонымен қатар, болашақ мамандық туралы идеялар алдымен қиялға (4-10 жас), содан кейін өз мүдделерін түсінуге (11-12 жас), кейінірек олардың қабілеттерін түсіну негізінде құрылады.

2. Олардың күштері мен ұмтылыстарын зерттеу кезеңі – «барлау» кезеңі. Мұнда оқу және еңбек қызметінің түрлерінде (14 жастан 25 жасқа дейін) өз күштерін сынау жүреді. Бұл жерде белгілі бір кәсіппен (15-17 жас) уақытша (бірақ негізгі емес) қызығушылық байланысты болуы мүмкін. Өтпелі кезеңде (18-21 жас) жас жігіт уақытша қосымша жұмыс орындарын қоса алғанда, тәуелсіз өмір сүру әдістерін игеру жағдайында кәсіби оқу орнын белсенді іздеуді жалғастырады. Бұл кезең көбінесе оқумен біріктірілген (шамамен 22-24 жыл) нақты жұмыс процесінде таңдалған мамандықты сынақтан өткізумен аяқталады. Айта кету керек, батыс мамандарын даярлау жүйелері тәжірибеге көбірек бағытталған,

сондықтан қазіргі Украинаға қарағанда оқумен біріктірілген нақты жұмыс қызметінде өз күштерін сынап көру мүмкіндігі әлдеқайда көп.

3. Сынама кезең. Мұнда адам өзін толыққанды маман ретінде «сынап көреді», тәжірибелі қызметкерлермен «бәсекеге» қабілетті (25-30 жас) бола түседі. Кәсіби сана оянып, жетістік формулалары құрылады. Өркениетті қоғамда өмір сүрудің маңызды мәні болып табылатын өмірлік табысқа (мансапқа) ұмтылудағы бәсекелестік екені белгілі. Сондықтан жас маман ең алдымен осы «ғылымды» меңгереді. Сонымен бірге, жетістікке ұмтылу жоғары өнімді жұмыс пен жеке дамудың маңызды ынталандырушысы болып табылады.

4. Тұрақтандыру кезеңі, өзін сенімді және табысты маман ретінде бекіту. Бұл кезең көбінесе одан әрі кәсіби білім беруді және қоғамдағы және өз жұмыс орнындағы (30-44 жас) ұстанымдарын нығайтуды қамтиды.

5. Қол жеткізілген позицияларды қолдау, сақтау кезеңі (мансаптық күш-жігер барысында). Адам осы кезеңде тұрақты кәсіби және әлеуметтік жағдай жасауға тырысады.

6. Кәсіби және әлеуметтік белсенділіктің төмендеу, кету, төмендеу кезеңі (65 жастан жоғары) [3].

Кәсіби сана-сезім өзін-өзі қарастыруға көшкенде, белгілі бір қызмет түрлеріне қатысты өзін-өзі тану туралы айтылғанның бәрін нақтылауға болады. Бірақ кәсіби сана - сезімді танудың бір маңызды жалпы сипаттамасы бар-бұл өнімді жұмысқа белсенді қатысатын және сол арқылы өзін осы қоғамның толыққанды мүшесі ретінде бекітетін адамның өзін-өзі тануы. «Жеке» және «кәсіби» қатынасы туралы айта отырып, А.К. Маркова «жеке» кеңістік «кәсіби» кеңістіктен гөрі кең, жеке тұлға кәсіби негізде, жеке тұлға кәсіпқойдың басталуын, бағытын және аяқталуын анықтайды деп санайды. Мысалы, өз жұмысынан басқа ештеңеге қызығушылық танытпайтын «маман», мүмкін, толыққанды адам деп санауға тым қарабайыр көрінетін шығар. Демек, кәсіби сана тек қана өз кәсібіңе деген адалдықпен сипатталмайды. Ол сонымен қатар, жан – жақты даму аспектілерін де қарастырады.

Яғни, тек бір ғана дағды кәсіби сана-сезімді қамтамасыз етеді (немесе оның негізі) деп айтуға болмайды.

Кәсіби сана-сезім мәселесіне ерекше назар аудара отырып, Е.А. Климов былай деп жазады: «іс жүзінде сана-сезімнің дағды ретіндегі басты міндеті – адамның жұмыс істеуі мен қалыптасуын психикалық реттеудің фактілері мен заңдылықтарын зерттеу, ақпараттық жағдайлар жасау ... тиісті психикалық реттеушілердің тиісті жүйесін қалыптастыру тәжірибесі үшін қызмет ету» [4].

В.В. Столин жеке тұлғаның кәсіби сана-сезімінің дамуын қарастыра отырып, «өзін-өзі танудың әртүрлі процестері, сондай-ақ «мен-бейненің» әртүрлі аспектілері адамның жеке тұлға ретіндегі белсенділік деңгейімен байланысты болуы мүмкін» деп атап өтті.

Осындай «сана-сезім бірлігі» ретінде В.В. Столин «өзін-өзі бейнелеу емес, танымдық және эмоционалды формалардағы өзін-өзі бағалау емес, субъектінің әртүрлі өмірлік қатынастарының қақтығысын, оның мотивтері мен іс-әрекеттерінің қақтығысын көрсететін жанжалды жеке мағыналарын ұсынады.

«Сана-сезімнің жоғары дамыған үлгісі – жеке стильді қалыптастырудың шарттарының бірі, адам үшін ең қолайлы орынды табудың қажетті шарттарының бірі, атап айтқанда кәсіби қоғамдастықта, сонымен қатар мамандық таңдау кезеңінде жеке кәсіби жоспарларды жоспарлау және құру шарты», - деп жазады Е.Л. Климов, бұл сонымен қатар маманның дайындығының маңызды өлшемі болып табылады.

Бір қызығы, еңбек қызметінің маңызды құрамдас бөлігі және маңызды реттеушісі-бұл әр түрлі кәсіптердің өкілдері әр түрлі және әр түрлі дәрежеде кәсіпқойлардың көзқарасына, сондай-ақ әлемдегі өз орнының бейнесіне әсер ететін кәсіпқойлардың бейнесі.

Кәсіби тұлғаның маңызды факторы, Э.Ф. Зеердің пікірінше, тұлғаның саналы ойдан туған бағыты. Ол келесі компоненттерді қамтиды: мотивтер, құндылық бағдарлары, кәсіби ұстаным, кәсіби өзін-өзі анықтау. Сонымен қатар, қалыптасудың әртүрлі кезеңдерінде бұл компоненттер жетекші іс-

әрекеттің сипатына және тұлғаның кәсіби даму деңгейіне байланысты әртүрлі психологиялық мазмұнға ие.

Кәсіби критерийлерді қарастыра отырып, А. К. Маркова өзгелерден мыналарды ажыратады: өзін кәсіпқой ретінде дамытуға деген ұмтылыс; кәсіби бақылаудың ішкі локусы, яғни табыстың себептерін іздеу - өз ішінде және мамандық ішінде сәтсіздік; кәсіпқойдың белгілерін толық түсіну, дамыған кәсіби сана, болашақ кәсіпқой ретінде өзін-өзі көрсетудің тұтас көрінісі; адамның мамандық арқылы өзін-өзі дамытуы, жетіспейтін қасиеттерді өзін-өзі өтеу және т.б.

Кәсіби маман мен оның кәсіби сана – сезімдерінің қалыптасуы қалай жүреді деген сұрақ қызықты: табиғи даму арқылы немесе көбінесе мақсатты қалыптастырудың арқасында (еңбекке баулу және тәрбиелеу) деген нұсқалар кең таралған. Кәсіби маман ретінде өзін-өзі дамыту, қалыптастыру және дамыту туралы айтуға болады, бұл әр түрлі адамдарда әртүрлі даму кезеңдерінде көрінеді. Бұған әр түрлі тарихи дәуірлерде және әртүрлі халықтар арасында әр түрлі көрінетін кәсіби мамандарды қалыптастырудың белгілі бір әлеуметтік-мәдени дәстүрлерін қосуға болады [5].

Егер адамның онтогенезіне жүгінетін болсақ, онда мамандықпен алғашқы танысу ерте мектепке дейінгі балалық шақта, балалар рөлдік ойын сатысында басталады. Бұл кезеңде бала адамның іс-әрекетінің «негізгі мағыналарын» түсінеді, мотивтерге бағыну қалыптасады, алға қойылған мақсаттарға жету қабілеті дамиды, сонымен қатар болашақ еңбек субъектісінің одан әрі дамуы мен өзін-өзі тануы үшін маңызды «өзін-өзі бағалау қабілеті дамиды».

Д.Б. Эльконин ойындағы ерте баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, ойыншықпен ойнайтын бала (мысалы, қуыршақпен) қуыршақты актердің атымен атауға ғана емес, сонымен бірге осы қуыршақтың атынан сөйлесуге де қабілетті екенін айтады. Онымен өзін кәсіби және танымдық анықтай алады. Балалардың рөлдік ойынының дамуы уақыт өте келе ол «ережелері бар ойындарға» айналады, онда ойынға қатысушылар арасындағы қарым-

қатынас бірінші орынға шығады, ал рөлдің өзі жеке мазмұнға ие болады, яғни, өз жолымен орындалады, демек, ол өздігінен жүзеге асырылады.

Егер біз дамудың мәдени-тарихи дәстүріне және кәсіби өзін-өзі танудың арнайы қалыптасуына жүгінетін болсақ, онда келесі маңызды ойларды бөліп көрсетуге болады. Ересектердің еңбек әрекетінің элементтерін шартты түрде көрсететін балалар ойынында бала болашақ жұмысқа қосыла бастайды. Бірақ нақты жұмыс түрлеріне қатысу сезімі кейіннен басталды, яғни қоғамның ересек мүшелеріне арнау кезінде болды. [6]


Соңында, мәселені талдаудың тағы бір жолын бөліп көрсетуге болады. Кәсіби сана – сезімнің дамуы неғұрлым негізделгенін түсіну маңызды: алдыңғы оқытудың ерекшеліктері (содан кейін оқу және кәсіби өзін-өзі тану туралы айту орынды болар еді) немесе кәсіби өзін-өзі тануға жақын жұмыстың ерекшеліктері.

Сондай-ақ, кәсіби сана – сезімді кәсіби шеберліктің дамуымен байланыстыруға болады. Кәсіби маманның қалыптасуына әсер ететін басқа жағдайлардың ішінде А. К. Маркова «өзін-өзі бағалау және оның кәсіби деңгейін сараланған бағалауға дайын болу», «адамның мамандық туралы идеялары, адамның өз кәсібін бағалау критерийлері, ондағы кәсібилік, сондай-ақ кәсіпқойды бағалау критерийлері» сияқты жағдайларды атап көрсетеді.

Н.Д. Хмель болашақ мұғалімнің жеке басын қалыптастыру үшін мұғалімнің кәсіби дайындық моделін қалыптастырудың маңызды, жүйелік-құрылымдық және басқарушылық тәсілдерін анықтады [7].

А.П. Сейтешев атап өткендей, мұғалімнің кәсіби жұмысын жүзеге асыру барысында адамның функционалды жүйелері мен психикалық процестері (кәсіби қабылдау, есте сақтау, ойлау және т.б.) ғана қалыптасып қоймайды, сонымен қатар оның белгілі бір құндылық бағдарлары, сипаты, топтар арасындағы және топ ішіндегі қарым-қатынас ерекшеліктері және т. б. [8].

Айтылған ережелер негізінде біз білім беру менеджерлерін дайындаудың қызметтік-үдерістік моделін жасадық (1 сурет).



1-сурет. Білім беру менеджерлерін дайындаудың қызметтік-үдерістік моделі

Ұсынылған модел компоненттерінің әрқайсысын егжей-тегжейлі қарастырайық.

Мақсатты компонент ЖОО-да білім беру менеджерін дайындауды жетілдіру және маманның басқару қызметін қалыптастыру қажеттіліктерімен анықталады. Бұл компонент әмбебап және арнайы құрамдас бөліктерден тұрады.

Әмбебап құрамдауыш дайындық бейініне тәуелді емес және маманның жеке кәсіби қасиеттерін қалыптастыруды көздейді.

Мазмұнды-әрекеттік компонентті басқару, экономика, педагогика, психология бойынша білім көлемін меңгеруге бағытталған және студенттерге басқару қызметі саласында теориялық және практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беретін болашақ менеджердің пәндік дайындығының мазмұнын құрайтын қосалқы жүйе болып табылады.

Жобалау-әдістемелік компонент оқу үдерісін жобалау ерекшеліктерін және білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастыру кезеңдерін анықтайды. Кәсіби дайындық процесінде интерактивті идея компьютерлік технологиялар мен оқытудың инновациялық әдістерін белсенді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушылардың өз бетінше білім алу ісәрекетіне уәждерін, оның нәтижелерін сыни бағалай білуін қалыптастыру.

Мотивациялық құрамдас бөлігі білім алушылардың кәсіптік қызметке оң қатынасымен анықталады, ол:

- білім менеджері мамандығының бәсекеге қабілетті қызметкерді дайындауда, білім алушылардың білімге деген құндылықтық қарым-қатынасын ынталандыруда, политехникалық іскерлікке, білім-аспаптарға қажеттілікті дамытуда, әлеуметтік қорғалуды, кәсіби ұтқырлықты, жан-жақты құзыреттілікті, шығармашылық өзін-өзі дамыту дағдысының қалыптасуын қамтамасыз етеді;

- болашақ кәсіби қызметке қызығушылық және білім саласындағы жұмысқа оң көзқарас;

- өз бетінше сыни ойлай білуді, теориялық кәсіби мақсатта білімді пайдалануды, жалпылық, рефлексия, коммуникативтік серіктестікке қабілеттілікті қалыптастыруды қамтамасыз етуден тұратын құзыреттілік пен

кәсіпқойлықты арттыруға деген ынтамен ұмтылыс.

Нәтижелі-рефлексивті компонент болашақ білім беру менеджерлерінің құзыреттілігі форматында күтілетін нәтижелерді анықтайды. Әлеуметтік экономикалық дамудың инновациялық моделіне көшу міндеттерін шешуге бағытталған білім берудің жаңа моделінде қазіргі заманғы кәсіби маманның, атап айтқанда, білім беру саласының менеджерінің базалық құзыреті ұсынылуы тиіс.

- ақпараттық (ақпаратты іздеу өңдеу, талдау, түрлендіру, осы мәселелерді шешу үшін қолдану және т.б.);

- коммуникативтік (интерактивті технологияларды меңгеру, басқа адамдармен тиімді ынтымақтастық орнату, топтық, тұлғааралық және тұлғааралық коммуникацияның түрлерін жүзеге асыру және т.б.);

- өзін-өзі ұйымдастыру (мақсат қоя білу, шешім қабылдау, өз қызметін жоспарлау, денсаулыққа жауапкершілікпен қарау, тұлғалық ресурстарды және т.б. толық пайдалану.);

- өздігінен білім алу (кәсіби және жеке тиімділікті, табыстылықты және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ете отырып, өмір бойы өзіндік білім траекториясын құрастыруға және жүзеге асыруға дайын болу) [8].

Жоғарыда аталған теориялық мәліметтер негізінде зерттеу экспериментін ұйымдастырды. Зерттеуге педагогикалық мамандықтардың 4-курс студенттері таңдалынып алынды. Олар болашақ жас басшылар ретінде қарастырылып, зерттеу әдісі арқылы сынақтан өтті. Студенттердің мәселені өз бетінше шешу дағдыларын, кәсіби өзін-өзі анықтауын, когнитивті дағдыларын зерттедік.

Зерттеуге жалпы саны 10 студент қатысты. Олардың үшеуі ұл бала, қалғандары – қыз.

Зерттеудің мақсаты – кәсіби сана – сезімнің қалыптасу деңгейін анықтау.

Зерттеу әдісі:

I. «Кәсіби өзін-өзі анықтау деңгейін тексеру» [9]

Мақсаты: студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтау деңгейін анықтау. Барысы: студенттерге өз кәсіптеріне қатысты сауалнама беріледі. Сауалнамаға «иә» және «жоқ» жауаптары

енгізілді. Әрбір «иә» жауабының саны өзін – өзі анықтаудың деңгейін анықтайды.

Нәтижелері:

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың жоғары деңгейі – 7-10 «иә» жауабы (3 балл)

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың орташа деңгейі – 4- 6 «иә» жауабы (2 балл)

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың төмен деңгейі – 0 – 3 «иә» жауабы. (1 балл)

II. «Когнитивті компоненттерді анықтау» әдісі

Мақсаты – кәсіби саладағы когнитивті қызметтердің қалыптасу деңгейін анықтау. Барысы: студенттерге когнитивті аспектілер негізінде анкета беріледі. Студенттің жауабы жеке – жеке талданып қорытындыланады.

Жоғары деңгей – студент (маман) басқару қызметінің функцияларын, міндеттері мен шешімдерін жетік меңгерген, кризистік жағдайлардан өте алады, төзім мен қайраттылық аспектілері жетік қалыптасқан – 3 балл.

Орташа деңгей - студент (маман) басқару қызметінің функцияларын, міндеттері мен шешімдерін меңгеруге деген құлшынысы жоғары, бастапқы түсініктер бар; кәсіби кризистерге төтеп беру қабілеті – орташа – 2 балл.

Төмен деңгей - студент (маман) басқару қызметінің функцияларын, міндеттері мен шешімдерін меңгермеген немесе өте төмен жағдайда – 1 балл.


Ұсынылған әдістер бойынша мына нәтижелерді алдық (1 кесте):

Нәтижелері

Кестеден көріп отырғанымыздай, студенттердің жалпы ортақ нәтижесі орташа деп бағалай аламыз. Бірінші әдіс бойынша екі студент төмен нәтижеге, бес студент орташа нәтижеге, қалған үш студент жоғары нәтижеге ие болды. Екінші әдіс бойынша жоғары деңгей – 3 студент, орташа деңгей – алты студент, төмен деңгей – бір студент алды. Алынған нәтижелерді ескере отырып, мынадай диаграммалар аламыз (2 сурет).

Кесте 1. Зерттеу әдістері бойынша нәтижелер

Сыналушының реттік нөмірі	«Кәсіби өзін – өзі анықтау деңгейін тексеру»	«Когнитивті компоненттерді анықтау» әдісі
1	2	3
2	2	2
3	2	2
4	1	2
5	3	3
6	2	1
7	3	2
8	3	2
9	1	2
10	2	3



2-сурет. Зерттеу әдістері бойынша нәтижелер

Суретке назар аударар болсақ, екі әдіс бойынша пайыздық көрсеткіштерді байқаймыз. Студенттердің өзін-өзі анықтауын тексеру мақсатында жүргізілген зерттеу әдісі бойынша 30% жоғары нәтиже, 50% орташа нәтиже және 20% төмен нәтиже алынды. Ал, когнитивті функцияларды анықтау мынадай нәтижелерді берді: 30% жоғары нәтиже, 60% орташа нәтиже 10% төмен нәтиже.

Қорытынды

Педагогикалық мамандық студенттерінің жас басшылыққа ұмтылу ықтималдығын ескере отырып, олардың кәсіби сана-сезімін дамыту бойынша жұмыстар жүргізу қажет деп танылды, жүргізілген зерттеулер мен олардың нәтижелерін ескере отырып, жас басшылықтың кәсіби сана-сезімін дамыту бойынша мына аспектілерді ұсынамын.

Қағидалық блок. Аталған блок бойынша кәсіби тәрбиені өзектендіру жұмыстарын, мамандықтың маңызын ашу жұмыстарын

ұсынамын.


Мақсатты блок. Бұл блок бойынша ең алдымен сана-сезім компоненттерін дамыту жұмыстары жүргізіледі: когнитивті компонент бойынша – мамандық туралы бастапқы түсініктер мен философиялық мәндегі қызметтері туралы жұмыстар өткізу, кәсіби даралық жолдар мен үздік болуға ұмтылу аспектілерін ашу. Эмоционалды аспект бойынша келесі жұмыс түрлерін ұсынамын: үлкен сахналарда сөйлеу дағдысын дамыту, іскерлік келіссөз қызметін жетілдіру, дауыс тембрін қою және т.б.

Мотивациялық бағытқа келер болсақ, жас басшылықтың мотивациясын оятатын материалдық және рухани құндылық негізіндегі мадақтамаларға шолу жасау.

Аталған жұмыстарды үнемі және үздіксіз орындау жас басшылардың өз кәсіби саласында үздік болуын және кәсіби сана-сезімін жандандырудың кепілі бола алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в психологию. Курс лекций. – М.: Черо, 2008.
2. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психологический словарь – справочник. – Мн.: Харвест, 2011.
3. Зеер Э.Ф. психология профессионального образования. Профориентология: теория и практика. М., 2004
4. Климов Е.А. Введение в психологию труда. – М., 2018.
5. Климов Е.А. Как выбрать профессию. – М., 2014.
6. Маслоу А. Самоактуализация // Психология личности / под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер и А.А. Пузырея. – М., 2002
7. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998. – 320 с.
8. Сейтешев А.П. Профессиональная направленность личности: (теория и практика воспитания). – Алма – Ата:Наука, 1990. – 336 с.
9. Прошицкая Е.Н. Выбирайте профессию. – М., 2001
10. Есенова К. А. / Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесі (салыстырмалы талдау). – А., 2021
11. Словарь психолога – практика / Составитель С.Ю. Головин. – Мн.: Харвест, 2001



СИНГАПУРДЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАСҚАРУ

М.А. Галимжанова

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, п.ғ.к., академик

С.Н. Естанат

Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетінің «Педагогика. Білім берудегі менеджмент» мамандығының 2 курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада Сингапурдың білім беру жүйесінің тарихымен таныстырылып, бүгінгі Сингапурдың ЖОО-дағы білім берудегі басқаруы сипатталған. Себебі, бүгінгі ақпараттар легі тасқындаған уақыттың талғамы бөлек, талабы өзгеше болғандықтан, заманға сай қоғам болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу – үлкен жауапкершілік. Сәйкесінше, әлемдік үлгілер мысал ретінде алынып, салыстырмалы педагогикалық талдаулар жасалды. Сингапурлық білім беру реформалары мен білім берудегі менеджменттің маңыздылығы баяндалды.

Аннотация. В статье представлена история развития системы образования Сингапура и описано управление образованием в современном Сингапурском вузе. Сегодня, при разнообразии информации будущее современного общества видится как большая ответственность за воспитание подрастающего поколения. В связи с этим в качестве примера были взяты мировые модели и проведен сравнительный педагогический анализ. Освещена важность сингапурских образовательных реформ и менеджмента в образовании.

Abstract. The article presents the history of the Singapore education system and describes the management of education in a modern Singapore university. The article presents analysis of world models and highlights the importance of Singapore's reforms and management in education.

Кілт сөздер: Сингапур, білім беру жүйесі, білім беру реформалары, жалпы білім беру, білім берудегі басқару.

Ключевые слова: Сингапур, системы образования, реформы образования, общее образование, менеджмент в образовании.

Keywords: Singapore, education system, educational reform, general education, education management.

Бүгінгі таңда мемлекетті құрудағы ең маңызды жүйе – бұл білім беру жүйесі. Өйткені, болашақ жас, білімді, интеллектуал ұрпақтың қолында. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. [1]

Білім тек сауаттылықпен, жазумен, әріп танумен шектелмейді. Қай елде де жастарға сапалы білім қажет. Ақпаратпен танысу, технологияны меңгеру, әлемдік жоғары рейтингке жету үшін барлық елге тұрақты білім беру жүйесін құру керек. Сондықтан қазіргі таңда жаңа технологияларды меңгерудің маңызды құралы – сапалы білім. Жақсы білім деңгейін көрсеткен, сабаққа белсенді қатысатын, жақсы баға алатын тәлімгер оқу

процесінде өзінің қабілетін көрсете алмайды. Алынған білім шешімдер мен әрекеттерді таңдауда адам дамуының қажеттіліктерін қанағаттандырмайтын жағдайлар жиі кездеседі.

Әлемдегі өзгерістерге сәйкес құндылықтар білімнің маңыздылығын қайта қарауды талап етеді. Бұл мәселелерді шешу үшін білім беру жүйесіне өзгерістер енгізу қажет. Әлемдегі Сингапур, Жапония, Финляндия секілді елдердің білім жүйесінің ерекшеліктерін салыстырсақ, онда білім сапасын арттыру мәселесі қарастырылып жатқанын көруге болады. Оның мақсаты – дамыған елдердің күшті және әлсіз жақтарын қалай басқаратынын анықтау.

Сингапурдың білім беру жүйесі қысқа мерзімде қалай табысқа жетті? Бұл елдегі білім беру жүйесі неге бағытталған? Әр елдің білім беру жүйесі бірегей, түрлі мақсаттарға ұмтылады және тарихи дамудың әр кезеңінде дамиды. Сингапур соңғы 45 жыл ішінде құрылды, білім беру жүйесінде жоғары нәтижелерге қол жеткізді және бүкіл әлемге танылды. Сингапурлық тәлімгер қашан да халықаралық тестілеуден үздік өтеді.

Кіші білім инфрақұрылымы бар және экономика құрылымына жақсы кіріктірілген білім беру мекемелері көрсететін қызмет сапасы тез дамып, дамыған елдердің қатарына қосылды. Білім жаһандық экономикаға бағытталған және табысты әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерге негізделген.

Білім саласын зерттеушілер бұл елдің білім беру жүйесі әлемдегі ең жоғары жүйе екенін айтады. PIRLS зерттеуі бойынша бұл сауаттылық деңгейі бойынша әлемдегі жетекші елдердің бірі, 1995 жылдан бері сингапурлық студенттер математика мен жаратылыстанудан халықаралық тестілеуде (TIMSS) жоғары нәтиже көрсетті, сонымен қатар 2008 жылы консалтингтік компания Сингапур білім беру жүйесін ең тиімді деп атады (әсіресе мұғалімдерді дайындау саласында), ал 2007 жылғы IMD сауалнамасының нәтижелері бойынша жүйе экономикалық талаптардың кең ауқымына толықтай бейімделген.

Сингапурдың ішкі нарығы шағын болғандықтан, импорттың толыққанды стратегиясын пайдалана алмады және сумен, азық-түлікпен және барлық ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында Малайзиямен тығыз байланыста болды. Бұл серпіліс Сингапурдың көпұлтты білім беру жүйесіне оң әсер етті. Осыдан 45 жыл бұрын негізгі саласы кеме жасау болған елде білім беру жүйесі, армия, флот пен ұлттың дамуы үшін ресурстар болмағандығы заңды. Мемлекет белсенді әлемдік сауда жолдары мен адам ресурстарының қиылысында қолайлы орынға ғана сене алатын. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін Сингапур мемлекеті дамудың жолдарын іздей бастады. Табиғи ресурстардың болмауына байланысты үкімет жоғары кәсіби

нарық құру, шетелдік инвесторларды тарту және экспортқа бағдарланған экономикаға көшу үшін интеллектуалды жаңғырту жолын таңдады.

Білім беру жүйесінің міндеті – елді сауатты және техникалық білімді мамандармен қамтамасыз ету. Бірнеше елдің білім беру құрылымдарында бірыңғай стандарттарды енгізуге байланысты оңтайландыру мәселесі бар. Барлық пәндер бір тілде, яғни ағылшын тілінде оқытылды. Сингапурлықтардың барлығына арналған ағылшын тілін оқыту жүйесі халықаралық өнеркәсіптік, сауда және білім беру саясатына бағытталған, ал қытай тілі Азия бизнесіне пайда әкелетінін жақсы білді.

Бүгінде Сингапурда алты жастан бастап он жылдық білім беру жүйесі түрлі білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды қарастырады. Бұл жүйе әр оқушының қажеттілігіне қарай таңдауға және мектеп кеңесі ұсынған бағдарлама бойынша оқуға мүмкіндік береді. Мектепте қосымша спорт пен шығармашылыққа көп көңіл бөлінеді. Бүкіл білім беру жүйесі әлемге ашық командада жұмыс жасай алатын көшбасшыларды тәрбиелеуге бағытталған. Сынып тығыздығы 40 балаға дейін, педагог оқушыларды немесе тәлімгерлерді сегіз топқа бөліп, топтық сабақтар жүргізеді.

Сингапур мемлекетінің білім беру жүйесінегі артықшылықтарды нақтылау үшін тек салыстырмалы түрде ғана көз жеткізе аламыз. Қазақстанның білім беру жүйесін Сингапурдың білім жүйесімен салыстырсақ, екі елдің ерекшеліктерін көреміз. Сингапурда әр студентке қажеттілігіне қарай таңдау мүмкіндігі беріледі, ал оның оқулары әлемдік экономиканың саясатына сәйкес ағылшын тілінде жүргізіледі. Білімді дамыту кезеңінде өмір бойы оқуды ынталандыру, жаңа технологияларды меңгеру, жауапкершілікті қабылдау үшін орта құрылады, оның негізгі идеясы – талантты адамдарды қолдау және көшбасшыларды дайындау. Егер біз сол принциптерді ұстанатын болсақ, біз әр топта оқытатын, қарым-қатынас жасайтын, жеке тұлғаны дамытатын жұмысты көре аламыз. Соңғы уақытта біздің елде де көптілділікке үл-

кен көңіл бөлініп жатыр. Біз біртіндеп ағылшын тілін жаппай меңгеруге көшеміз. Әрине, Сингапур мемлекеті тарихи оқиғалардың негізінде ағылшын тілін жаппай білетіндіктері, олардың әлемдік білім беру жүйесіне айтарлықтай әсер етуіне ықпал етеді. Дегенмен, бүгінгі жаһандық үдерістер біздің елімізде де жойқын өзгерістер жасап жатқандығын кез келген саланың тәлімгері не маманы шет тілдерін білетіндіктерімен дәлелдеуге болады. Сингапурдағы секілді біздің елімізде де көптеген мектептер ағылшын, орыс тілдерін бірінші сыныптан бастап енгізеді, ал кейбір мектептер жаратылыстануды ағылшын тілінде оқытуды қарастырады. Бұл біздің білім беру жүйесіне кері не оң әсер ететіндігін тек уақыт айқындап бере алады. Қазір Сингапурдағы білім жүйесінің ерекшеліктері біздің де білім беру жүйесіне қалай әсер етіп жатқандығын, тек біздің елімізге ғана емес Өзбекстан, Қырғызстан секілді Орта Азия елдеріне де ықпал еткенін айқындау қиын емес.

Сингапурдың да көптеген әлем елдері секілді сырттан білім іздеп келетін тәлімгерлерге есігі ашық. Мысалы, мектепті немесе колледжді аяқтағаннан соң Сингапурлық кез келген ЖОО-ға оқуға түсуге болады. Оқуға алдымен құжат тапсырып, сұхбаттасу кезеңінен өтесіз, ал қажет деп табылса, емтихан немесе тест тапсырылады. Бірақ шетелдіктер үшін Сингапурда білім алу ақылы, сонымен бірге өте қымбат. Түрлі бағдарламалар арқылы стипендияны иеленуге болғанымен, ол мемлекетте өмір сүруге бұл қаржы жете қоймайды. Бірақ статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жыл сайын түрлі сала бойынша Сингапурға әлемнің көптеген елдерінен тәлімгер келеді, білім алып, дипломға ие болады. Әрі бұл мемлекеттің ЖОО-сын бітірген мамандарға үлкен сеніммен қаралады. Себебі, ол жердегі білім жүйесі қатал және терең білім беретіні әлемге аян.

Сингапурлық университеттер жеке меншік және мемлекеттік болып екіге бөлінеді. Жеке меншік университеттерде көбіне экономика және заң ғылымдары оқытылады. Мемлекеттік үш университет бар: Сингапур Ұлттық Университеті, Сингапур Менеджмент Университеті, Сингапур Техникалық Университеті. Бұл университеттерде

оқығысы келетін шетелдік тәлімгер алдымен демеуші іздеуі керек, жеке не заңды тұлға болуына да болады. Онан соң студенттік виза қажет болады.

Сингапурдың білім жүйесі іс жүзінде нөлден бастап құрылды және соңғы 45 жыл ішінде жоғары тиімділікке, бүкіл әлемге танылуға қол жеткізді. Сингапурлық студенттер халықаралық тестілеуден үздік өтеді. Білім беру мекемелерінің жұмыс сапасы бойынша Сингапур дамыған елдердің алдында тұр, оның білім беру инфрақұрылымы ықшам және экономика құрылымына тамаша кіріктірілген. Татарстан Республикасының білім басшылары делегациясының Сингапурға жұмыс сапарының қорытындысы бойынша жазылған мақалада, осы елдегі білім беру жүйесінің негізгі даму кезеңдері ұсынылған. Білім беруді басқару мен басқарудың ерекшеліктеріне назар аударылады. Білім беру саласындағы менеджменттің мәнін Сингапур мемлекеті тәуелсіздік алған жылдардан бастап ұғынды.

Мәдени тәжірибе ретінде білім берудің мақсаты – тек еңбек нарығы үшін мамандарды даярлау ғана емес, сонымен қатар студенттердің халықаралық тестілердегі табыстары, ең алдымен адамның жеке басын қалыптастыру және белгілі бір мәдени тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу болып табылады. Бұл жағдайда білім берудің мәні білім беру практикасының өзінде болады, ал соңғысы, мысалы, нарықтық тиімділік критерийлері арқылы бағаланбауы керек.

Әр елдің білім беру жүйесі бірегей, өйткені әр түрлі елдерде білім беру жүйелері белгілі бір дәрежеде түрлі мақсаттарға ұмтылады, сондай-ақ олардың қалыптасу мен даму жолдарының өзіндік тарихы бар, соған байланысты олар бірегей ерекшеліктерге ие болады. Сонымен бірге біз білім беруді интернационализациялаудың белсенді тенденциясын көріп отырмыз. Білім беру процесінің институционалды қатысушылары мектептегі білімге қатысты білім беру нарығының метафорасын жиі қолданады.

Сонымен қатар, жаңа менеджерлизм рухындағы білім беру жүйесін мемлекеттер мен халықаралық агенттіктер жеке секторға сәйкес

келетін өнімділік критерийлерін қолдана отырып бағалай бастады [8. – 44-56]. Қазіргі әлемдік экономиканың білімге негізделген анықтамасы, елдердің табысқа ұмтылысы, ең алдымен, білім беруді қазіргі әлеуметтік және экономикалық шындықтың қажеттіліктеріне бейімдеу керектігін көрсетеді.

Сингапур – бұл білім беру жүйесі таңқаларлық түрде екі логикаға да изоморфты болатын ел. Ондағы білімнің берік, тіпті дәстүрлі ұлттық негіздері бар, бірақ сонымен бірге ол халықаралық еңбек нарығына және әлемдік деңгейдегі мамандарды дайындауға бағытталған. Сингапурдың соңғы онжылдықтардағы әлеуметтік-экономикалық дамуының жылдамдығымен мұнда білім беру ең консервативті институт болып қала берді [2. – 213–225], бірақ бұл институт бүкіл әлемдегі аграрлық және өнеркәсіптік революцияларға, діни ықпалдың төмендеуіне сәтті бейімделе алды, жаңа баспа және аудиовизуалды технологияларды қолдануды жолға қойды.

Ол ұлттық құндылықтардан нәр ала отырып, қазіргі жаһандық экономиканың сын-қатерлеріне бірдей табысты жауап беретінін дәлелдеді. Білім беру саласындағы сарапшылар үшін Сингапур бірден қызығушылық тудырады, себебі бұл елдегі білім беру жүйесі әлемдегі ең үздіктердің бірі болып саналады. Біріншіден, PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) деректері бойынша Сингапур халқының функционалдық сауаттылығы әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады. Екіншіден, сингапурлық оқушылар 1995 жылдан бері математика мен жаратылыстану бойынша білімнің салыстырмалы халықаралық тестілеуінде (TIMSS) әлемдегі ең үздік көрсеткішке ие болды. Сонымен қатар 2007 жылы IMD (Халықаралық менеджментті дамыту институты) зерттеуіне сәйкес, Сингапурдың білім беру жүйесі әлемдік экономиканың талаптарына барынша сәйкес келетіні хабарланды.

Сингапурлық білім беру жүйесі өзгермелі институционалды ортаның қиындықтарын соншалықты сәтті жеңе алғанын түсіну үшін оның құрылуы мен даму тарихына жүгіну қажет.

1965 жылы толық тәуелсіздікке қол жеткізген Сингапур еліндегі білім жүйесінің қалыптасу тарихының ерекше болатындығы түсінікті. Ең алғаш егемендік алған Сингапурдың білім жүйесі ғана емес, әскери құрылымы да, заң жүйесі де, тіпті оларды дамытуға ықпал ететін табиғи байлықтары да болмады. 45 жыл бұрынғы Сингапурдың алдында бір ғана жол тұрды. Бұл жол тек интелектуалды модернизация ғана болатын. Білім мен ғылымның нәтижесінде шетелдік инвесторларды тарту, сонымен бірге «ұлттық болмысты» қалыптастыру жаңа мемлекет үшін өте қиын жол болды. Бірақ бүгін олар бұл жолды абыроймен жүріп өткенін көре аламыз.

Енді Сингапурдегі білім беру жүйесінің даму кезеңдеріне тоқталайық. Табиғи ресурстар болмаған кезде үкіметтің стратегиялық жоспарларын жүзеге асыру үшін адами капиталды дамыту қажет болады. Білім беру жүйесіне елдегі техникалық білімді және сауатты жұмыс күшімен қамтамасыз ету міндеті қойылды. Егер білім беру жүйесінде британдық билік кезінде жергілікті және этникалық сипаттағы мақсаттар, мәдени репродукция мәселелері бірінші орынға шықса, енді Сингапур үкіметі экономикалық мүдделер мен тиімділікті бірінші орынға қойды.

Мәдени-саяси негіздерден бөлек, қос тілділіктің пайдасына таңдау прагматикалық мотивке ие болды. Экспортқа бағдарланған экономикалық модельді құру үшін келіссөз жүргізе алатын және әлемнің барлық бұрыштарындағы мәдени жағдайларға тез бейімделетін білікті жұмыс күші қажет болды. Сондықтан Сингапур мемлекеттің кез келген басқару жүйесінде билингвизмді қолдады. Қытай және ағылшын тілі мемлекет ұстанымдарының қос қанатына айналды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Сингапур білім беруді дамытудың бес жылдық бағдарламасын қабылдады (1961-1965 жж.). Жалпыға бірдей және ақысыз бастауыш білім беру жүйесін құруға басымдық берілді. Бұл кезеңнің философиясы Сингапур Білім министрлігінің қорытынды есебінде жинақталған: «Біз азаматтарға тең мүмкіндіктерді сақтауға, әртүрлілікте бірлікті сақтауға жағдай жасауға

және жаңа ұрпақты даярлаудың ұзақ мерзімді бағдарламасын құруға тырысамыз. Заманауи индустриалды және технологиялық қоғамның қажеттіліктерін алдымен қамтамасыз етеміз».

Сингапур тәуелсіздік алғаннан бері білім беру жүйесінде өте көп өзгерістер жасады. Түрлі «Білім туралы Заңдар» қабылданды. 1997 жылы Learning Nation, Thinking Schools жобаларын іске асыра бастады. Білім беру жүйесінде бастысы білімді, мықты ұстазбен көреген басшы (директор, декан, ректор т.б.) болу керек деп есептеледі. 2015 жылдан бастап бұл елде білім беру орындарына ең үздік оқыған тәлімгерлер қабылданады.

Оң қорытынды болған жағдайда болашақ мұғалім іріктеудің бірінші кезеңіне өтеді, ол үміткердің түйіндемесін бағалаудан тұрады [3. – 3-5]. Ең төменгі біліктілік талаптарға сәйкес, үміткер өзінің жас тобындағы оқу үлгерімі рейтингінен 30% жоғары болуы керек.

Сингапурлық білім жүйесін жасаушылар мен оны реформаторлардың өздері олардың саясаты әрдайым нақты тексерілмегенін және Сингапур қоғамының жағдайына пайдалы әсер еткенін атап көрсетеді. Алайда, тұтастай алғанда, білім беру жүйесін құру мен қайта құру процесінде көптеген реформалық бағдарламалар әзірленгеннен бас тартылғанына қарамастан, білім беру саясатының негізгі мақсаты өзгеріссіз қалды.

Сингапурлық білім жүйесін жасаушылар мен оны реформаторлардың өздері олардың саясаты әрдайым нақты тексерілмегенін және Сингапур қоғамының жағдайына пайдалы әсер еткенін атап көрсетеді. Алайда, жалпы алғанда, білім беру жүйесін құру мен түрлендіру барысында көптеген реформалық бағдарламалардан тез арада бас тартылғанына қарамастан, білім беру саясатының негізгі мақсаты өзгеріссіз қалды: нәсіліне, тіліне, жынысына, дініне қарамай барлық сингапурлықтар білімді болу керек. Ондаған жылдар бойы білім беру жүйесі ұлттық және жаһандық экономиканың өзгермелі қажеттіліктеріне бейімделді, бірақ сонымен бірге ол елдің орталығы болып табылатын азаматтық және моральдық құндылықтарға адал болып қала берді.

Біздің ойымызша, Сингапурға білім беруде

институционалдық тиімділіктің жоғары деңгейіне жетуге мүмкіндік берген негізгі себептері бар. 1965 жылы Сингапур тәуелсіздік алу кезеңінде ерекше жағдайға тап болды: елде әмбебап білім беру жүйесі болмады. Бұл жағдайды үлкен кемшілік деп санауға болады, бірақ оны бір жақсылық ретінде қарастыра аламыз және «нөлден бастап» әлемдік экономиканың қазіргі қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім беру жүйесін жобалау үшін тарихи сәтсіздіктерді қолдануға болады. Білім беру жүйесінің институционалды дизайнына әлемнің үздік сарапшылары тартылды.

Сингапур – басқару үшін қолайлы ел. Шағын көлемді, халықтың тығыздығы біркелкі, қолайлы географиялық орналасуы – бұл кешенді жоспарлау үшін тамаша алаң. Барлық білім беру мекемелерінің бір органға – Білім министрлігіне бағынуы реформаларды жүзеге асыру мен басқаруға кететін шығындарды айтарлықтай төмендетіп, олардың тиімділігін арттырды. Білім министрлігі – республиканың барлық білім беру саласындағы процестерді үйлестіретін әмбебап орган.

Ағылшын тілін мектептердегі негізгі оқыту тілі мен халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде қабылдауды 45 жылдан кейін өте көреген қадам ретінде қарастыруға болады. Бұл ағылшын-саксондық оқытудың ең жақсы тәжірибесін, ең бастысы, әлемдік интеллектуалды капитал мен тәжірибені қолдануға мүмкіндік берді. Батыс әлемімен академиялық алмасулар мен үздік идеялардың «кросс-тозаңдануы» мүмкін болды. Сонымен қатар мектептерде әртүрлі этникалық топтардың тілдерін сақтау мен зерделеу Азия әлемімен мәдени және экономикалық байланыстарды дамытуға, демек, оның тез өсу мүмкіндіктерін пайдалануға жағдай жаратты.

Сингапур соңғы 45 жыл ішінде елеулі әлеуметтік-саяси және экономикалық қалыптасулардан аулақ болды. Ең аз шығынмен тиімді жұмыс істейтін тұрақты, бірақ сонымен бірге динамикалық жүйе жасады. Позитивті және табысты тәжірибелер әрқашан өздерін қолдайды және жетілдіреді. Білім беруді реформалаудағы өткен табыстар болашақтағы

табысқа деген үміт пен азаматтардың мемлекетке деген сенімін қалыптастырады, оның әрекеттері мен ұсынылған реформаларды қоғам тиімді және ақылға қонымды деп бағалайды.

Сингапур үкіметі білім беру жүйесінің имиджін құруға қол жеткізді, ол жұмыс жасау қызықты және оқуға ыңғайлы болатын инновациялық және беделді бағыттарды таңдады. Білім беруді дамыту ұлттық жобаға айналды, оған барлық азаматтар тартылды, ал үкімет оған барынша қолдау көрсетті, осылайша халықтың алдында оның құндылығын арттырды.

Бәсекелестік – Сингапурдың білім беру жүйесіндегі қызметтің принципі мен жетекші механизмі. Ол мектеп директорының, мұғалімнің, оқушының, білім беру қызметкерінің жұмысының нақты және объективті көрсеткіштерін жасауға мүмкіндік беретін құрал. Жыл соңында өсім немесе сыйақы алу үшін қол жеткізу қажет көрсеткіштер анықталады.

Сингапурлықтардың моральдық құндылықтарға байыпты көзқарасы мен цинизмнің болмауы білім беру жүйесіндегі институционалды қайта құрулардың негізі болып табылады [4]. Сингапур азаматтығы бастапқыда конфуцийлік патернализм, бағыну мен еңбекқорлық (тәртіп) идеяларына негізделген.

Сингапурлық білім жүйесіндегі менеджмент – бір орталықтандырылған, бірізділендірілген және сапалы басқару формасына айналған үлгі деп айта аламыз. Себебі, адамзаттық және ұлттық құндылықтар мен принциптер негізінде жүргізілетін басқару жүйесі ЖОО-да да басты орынға ие. Мұны біз Қазақстандық білім беру жүйесімен салыстыра отырып айта аламыз. Бүгінгі ақпараттар легі тасқындаған уақыттың талғамы бөлек, ~ талабы өзгеше болғандықтан, заманға сай қоғам болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті міндеттеді. Бұрынғы цензуралық білім жүйесі, стандартты қайталауға арналған сабақ құрылымы ата-ананың да, баланың да талғамынан табылмады. Бұл жалғыз біздің елімізді ғана емес, барлық мемлекетті толғандырды [7]. Сингапурлық білім беру жүйесіндегі ерекшеліктерді бүгінгі

Қазақстан білім беру жүйесінен де байқаймыз. Салыстырмалы педагогиканың методологиясы, теориясы мен практикасына арналған Б.Л. Вульфсон мен Малькованың «Сравнительная педагогика» А.Н. Джуринскийдің «Развитие образования в современном мире» [5] ұзақ уақыт ең танымал оқулықтар болып келді. Соңғы жылдары Г.К. Нұрғалиева, А.Қ. Құсайынов, Қ.С. Мусиннің «Салыстырмалы педагогика» атты модульдық негізінде жасалған оқулығы жарық көрді [6]. Аталмыш оқулықтарында авторлар мынадай негізгі міндеттерді шешуге талаптанған: Қазақстан мен дүниежүзі қауымдастығының басқа елдеріндегі білім беру жүйесінің даму тенденциясын салыстыра талдайтын қазіргі педагогикалық зерттеулердің мазмұны мен нәтижелерінің маңызын арттыру. Қазіргі кезеңде дүние жүзінің түрлі елдерінде, әсіресе білім беру жүйесі дамыған елдердің тәжірибесімен танысып білуге ерекше мән беріледі. Бұл мақалада Сингапурағы білім бері жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталдық. Қазақстан 2016 жылдан бастап, жалпы орта мектептердің бағдарламасын жаңартылған мазмұнға ауыстырды ал Сингапур 1979 жылдан бері, жаңа бағдарламалармен оқытады. Бүгінгі Сингапур білім беру жүйесінің қағидаттары:

- екі тілді білім беру бағдарламалары (қытай және ағылшын тілдерінде оқытылады),
- жас ұрпақты толеранттылыққа тәрбиелеу,
- меритократия (адамның еңбегі оның қоғамдағы орнын анықтайды),
- қол жетімділік (мемлекет бір де бір баланың оқу мүмкіндігінен айырылмайтынына кепілдік береді).

Сингапурдағы білім беру жүйесі британдық принципке негізделген яғни ағылшын тілінде сабақ беру. Ағылшын тілінде білім алу үшін Сингапурда ел азаматтары да, шетелдіктер үшін де бірінші дәрежелі жағдайлар жасалған. Сингапурдағы студенттік өмір басқа елдерден студенттер жатақханаларының жоқтығымен ерекшеленеді. Әдетте, Сингапурдың оқу орындары бұл жағдайдан үшінші тарап ұйымдарымен келісімшарт жасау арқылы шығады. Бұл ұйымдар қоғамдық кампустарында орындар ұсынады. Бөлме үшін орташа есеппен

айына 500 доллар төлейді.

Қорыта келгенде, Сингапурдағы оқытудың артықшылықтары:

Бірнеше тілде, соның ішінде ағылшын тілінде оқыту;

Білім беру жүйесі Кембридж бағдарламасына жақын, арзан;

Кез-келген типтегі білім беру мекемелері жайлы оқуға барлық жағдай жасайды; сирек кездесетін оқу орындарында жеке студенттер кампустары бар;

Дипломдар мен сертификаттар халықаралық деңгейде мойындалады;

Қатаң тәртіп пен жауапкершілік.

Кемшіліктері:

Тегін білім алуға мүмкіндік жоқ;

Азиялық емес елдерден келген шетелдік студенттер үшін Сингапурдағы білім қымбат болып қалады;

Оқу кезінде қосымша ақша табуға жол жоқ;

Техникалық мамандандырулар бойынша практикалық сабақтардың аз болуы.

Сингапурда оқитын тәлімгер тек академиялық немесе техникалық білім ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік-Шығыс Азия әлемі туралы білім алады. Бұл Еуропалық университеттерде табылмайтын әмбебап оқыту және сирек мәдени құндылық. Сингапурдағы ЖОО-дағы басқарудың да ерекшеліктері білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктерінің төңірегінде болатыны белгілі. Қорыта айтқанда, әлемдік стандарттарға сай, кез келген елдің білім беру жүйесіне үлгі бола алатын Сингапурдағы оқу орындарындағы педагогикалық менеджмент біздің ертеңгі үлгі алуымызға болатын үдеріс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев., *Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.*
2. Gardner H. (2004) *How education changes: Considerations of history, science and values // Globalization: Culture and education in the new millennium. / M. Suarez-Orozco, D. Qin-Hilliard (ets). Berkeley: University of California Press. P. 213–225.*
3. Redpath J. *Report on the Singapore group visit 2008. URL: www.ltscotland.org.uk/Images/JohnRedpathFR_tcm4–555580.doc.*
4. Кузьминов Я.И., Радаев В.В., Яковлев А.А., Ясин Е.Г. *Институты: от заимствования к выращиванию. Опыт российских реформ и возможности культивирования институциональных изменений // Модернизация экономики и выращивание институтов. «Дом ГУ–ВШЭ» баспасы. 2005, 7–64.*
5. Джуринский А.Н. *Развитие образования в современном мире.-Москва: ВЛАДОС, 2003.-230.*
6. Нұрғалиева Г.К., Құсайынов А.Қ., Мусин Қ.С. *Салыстырмалы педагогика. – Алматы: Рауан, 1999.-179 бет.*
7. Қабдықайыров Қ., *Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015.*
8. Дим Р. *«Новый менеджериализм» и высшее образование: управление качеством и продуктивностью работы в университетах Великобритании // Вопросы образования. 2004. № 3. 44–56.*

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Р.С. Касымова

п.ғ.к., доцент

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
Алматы қ.

А.М. Жапсар

«7М01101 – Педагогика және психология» 2 курс магистранты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
Алматы қ.

Аңдатпа. Мақалада экологиялық тәрбие берудің негіздері қарастырылған. Экология, экологиялық тәрбие, экологиялық білім, экологиялық мәдениет ұғымдарына анықтама берілген. Экологиялық тәрбие беруде ғұлама ойшылдардың, педагог-психологтардың зерттеулері және қазақ халқының ағартушы ғалымдарының көзқарастары келтірілген. Экологиялық тәрбие берудің маңызы мен мәні жан-жақты талданған. Оқушыларға экологиялық тәрбие берудегі әлеуметтендіру ортасы мектеп екені және мұғалімнің рөлі көрсетілген.

Аннотация. В статье рассматриваются основы экологического воспитания. Даны определения экологии, экологического образования, воспитания, экологической культуры. В экологическом воспитании излагаются исследования мыслителей, педагогов, психологов и взгляды просветителей казахского народа. Подробно анализируется важность и значение экологического воспитания. Показано, что социальной средой в экологическом образовании учащихся является школа и роль учителя.

Abstract. The article discusses the basics of environmental education: the definitions of ecology, ecological education, upbringing, ecological culture. It presents literary review of teachers, psychologists and educators of the Kazakh people in the sphere of ecological education. The importance and significance of ecological education is analyzed in detail. The article shows the role of school and the teachers for promoting the ecological education among learners.

Кілт сөздер: экология, процесс, тәрбие, экологиялық тәрбие, экологиялық білім.

Ключевые слова: экология, процесс, воспитание, экологическое воспитание, экологическое образование.

Key words: ecology, process, education, environmental education.

Бүгінгі таңда «адам» мен «табиғат» арасындағы қарым-қатынас мәселелері түрлі сипат алууда. Бұл жерде адамның табиғатқа әсерін байқамай кетуге болмас. Экологиялық зиян келтіру адамдар тарапынан болып жатқанын ескерсек, экологиялық хал-ахуалды жақсарту мәселелерін шешу қазіргі таңның

өзекті тақырыптарының бірі болып отыр.

Жер бетіндегі тіршіліктің сақталуы үшін азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру күрделі және ұзақ процесс. Экологиялық білім беру әдістемесін меңгеру әр мұғалімнің, тәлімгер мен тәрбиешінің міндеті. Мұнда мұғалім – оқушыларды

экологиялық жауапкершілікке, адамдардың қоршаған ортамен қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудегі басты тұлға.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде «табиғат» терминін әлемдегі барлық нәрселер, бүкіл материалдық, жігерлі және ақпараттық әлем (В.Даль, С.И.Ожегов, БСЭ, Н.Ф.Реймерс) ретінде, адамның өмір сүруіне арналған шарттардың жиынтығы ретінде ажыратып қарастырған [1].

Қазіргі кезде адам мен табиғат арасындағы өзара әрекеттесудің мәнін түсінуде үш іргелі бағытты ажыратуға болады.

Біріншісі антропоцентризм деп аталады. Философиялық тұрғыдан антропоцентризм адам ғаламның орталығы және жоғарғы мақсаты деген көзқарасты білдіреді.

Екінші бағыт – натурофилософиялық. Бұл тәсілдің негізі – жеке адамның ғана емес, жалпы адамзаттың кішіпейілділік қасиетіне сену.

Үшінші бағыт – эоцентризм. Бұл барлық тіршілік иелерінің ғаламдық өзара байланысын және адамның өзара байланыста болуын терең түсіндіруге негізделген жаңа экологиялық этика тұжырымдамасы [1].

Қоғамның дамуында осы бағыт негізге алынуы тиіс. Эоцентризм туралы В.А. Ясвин экологиялық сана туралы айта келіп, әлемнің эоцентрлік жүйесінің ерекшеліктерін көрсеткен. Табиғаттың адам өміріндегі маңыздылығының төрт аспектісін көрсетуге болады.

Табиғаттың танымдық құндылығы – жануарлар мен өсімдіктердің қоршаған ортаға бейімделу ерекшеліктерін ескере отырып, адам дизайн ерекшеліктері мен принциптері табиғаттан алынған заттар, машиналар, құрылғылар жасауды үйренгенін көрсетуге болады.

Табиғаттың эстетикалық құндылығы. Табиғат – суретші. Табиғаттағы түстер мен формалар туралы шексіз айтуға болады. Мұны қай заманның суретшілері болмасын түсінген.

Табиғаттың адамгершілік құндылығы – табиғатпен қарым-қатынас жан дүниесінде ізгілік туралы білуге жоғары адамгершілік сезімдерді тудыру.

Табиғаттың сауықтыру-гигиеналық құндылығы – табиғи факторлардың жиынтығы адамға тыныштандыратын және пайдалы әсер етеді [2].

Экологиялық білім мен тәрбие беру – қазіргі кездегі айқын бағыттардың бірі. Экологиялық білім мен тәрбие берудің басты мақсаты – білім алушылардың, жастардың бойында табиғатқа деген ізгілік қатынастарды қалыптастыру, оларды «Адам-Қоғам-Табиғат» арасында толық үйлесімділік рухында тәрбиелеу [3].

Жалпы адамзаттық құндылықтың маңызын түсінетін, ақыл-ойы дамыған, білімді де саналы, экологиялық мәдениетті тұлғаны қалыптастыру жаңа заманның күн тәртібінде де басты назарда. Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскен кезеңде жас ұрпақты ізгілікке, эстетикаға, отан сүйгіштікке баулитын экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсуде. «Табиғат-қоғам-адам» жүйесіндегі қарым-қатынастардың шиеленісіп, экологиялық зардаптар тіршілікке қауіп төндіріп отырғанын айта кету керек.

Экологиялық деп атауға болатын сананың жаңа түрін қалыптастыру оқыту және тәрбиелеу процесі арқылы жүзеге асады. Экологияны оқыту және экологиялық тәрбие ретінде түсінілетін экологиялық білім беру қоршаған орта мәселелеріне, экологиялық зиян нысандарына назар аудара отырып, табиғатқа ұтымды және ұқыпты қарым-қатынасты орнатуға ықпал етеді. Экологиялық тәрбие процесі адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты табиғи реттейтін мінез-құлық нормаларын бекітуге бағытталады. Сонымен бірге, экологиялық білім беру мен тәрбиелеу қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық қызметті жандандырады және қоғамдық сана деңгейін көтеруге ықпалын тигізеді, жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Экологиялық тәрбие берудің педагогикалық-психологиялық сипаттамаларын зерттеуші ғалымдар О.С. Анисимов, И.В. Анфалова, А.Н. Баранова, Ермолаева М.В. Ермолаева, М.А. Ковальчук, В.С. Мухина, Э. Эриксон, Т.А. Фалькович, И.В. Журавлева еңбектерінде келтірілген.

Ал, бала, жасөспірім кезінде оларға тәрбие берудің психологиялық негіздері орыс психологиясында Л.С. Выготскийдің, Д.Б. Элькониннің, Л.И. Божовичтің, Д.И. Фельдштейннің, Г.А. Цукерманның және басқа авторлардың еңбектерінде қарастырылған.

Экологиялық тәрбие беру проблемасын зерттеуде педагогика кемеңгерлерінің прогресшіл ой-пікірлерін танып-білудің орны ерекше. Табиғат арқылы балаларда имандылық сезімдерінің алғашқы нышандарын қалыптастыру туралы Я.А. Коменский [4] жазған болатын.

Педагог ғалымдар Ж.Ж. Руссо [5], Г.Песталоцци [6], А.Дистервег [7] балада оның табиғатпен қатынасын қалыптастыру негізінде білім беру, тәрбиелеу, дүниетанымын орнықтыру заңдылықтарын көрсеткен. И.Г. Песталоцци тәлім-тәрбиенің табиғатпен үндестігі туралы айта отырып, қоршаған дүниені танып-білуі арқылы баланың барлық табиғи қабілет-дарындары мен күш-қуатының артатынын жазған болатын. Сол себепті де ол табиғатпен үндестікті тәрбие жұмысының негізгі принципі, өзегі деп алуға болады.

Ұлы ғұламалар Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қ.А. Иассауи, М. Қашқари, С. Бақырғани сияқты ойшылдардың тіл ғылымы, логика, география, психология, этика, табиғат құбылыстары жайында жазған еңбектерінің кейінгі ұрпақ үшін берер тәрбиелік, тағылымдық маңызы ерекше [8]. Адамды оқу-білім, тәлім-тәрбие, ізгілік сияқты қасиеттерге тәрбиелеу үшін оны қоршаған дүниенің сырын түсінуге үйретеді.

Қазақтың Асан Қайғы, Ақтамберді, Қазтуған, Бұқар, Махамбет, Базар және т.б. ақын-жыраулары шығармаларында да экологиялық мәселелер көрініс тапқан. Олардың берер тәрбиесі салт-сана, болмыс, адамның еліне, жеріне деген қарым-қатынасы негізінде табиғат жайындағы ой-түйіндерімен астасып жатады.

Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және т.б. ағартушылар жаратылыстың сұлу көріністері, жыл мезгілдеріндегі жағымды құбылыстар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуде табиғатқа

қамқорлықтың ұлттық тәлім-тәрбиеден бастау алатынына үлкен мән бергенін білеміз [8].

Экологиялық тәрбие беруде «тәрбие» сөзіне назар аудармай кетуге болмайды. Тәрбие үрдісінің мақсаты – оқушы тұлғасының жан-жақты үйлесімді дамуы. Ол келесідей бағыттарға негізделген:

- тұлғаның оң сапасын тәрбиелеуге;
- белсенді өмір көзқарасына дағдыландыруға;
- өзін-өзі тәрбиелеу, қалыптастыру және өзін-өзі бақылау қабілетіне;
- жеке құндылық сезімін тәрбиелеуге;
- рухани және адамгершілік қабілетін қалыптастыруға;
- экологиялық мәдени өмірге [9].

Е.А. Мухортова тиімді экологиялық білім үшін жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, мектеп оқушыларының жабайы табиғатпен белсенді өзара әрекетін ұйымдастыру қажеттігін атқан [10]. Бұл орайда әлеуметтену институты ретіндегі мектеп ерекше маңызды рөл атқаратынын ескерген жөн. Яғни, мектеп – экологиялық тәрбие ошағының бастауы бола алады. Мұнда экологиялық тәрбие мен білім беруде педагогикалық менеджмент арқылы ұйымдастырылып қолға алынуы керек.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде Л.И. Бозович, Л.С. Выготский, В.В. Давыдова, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн еңбектеріне сүйенсек, мұнда өзін Әлемнің бір бөлігі ретінде жүзеге асырған адам ғана психологиялық тұрғыдан экологиялық мақсаттағы антропогендік қызметке дайын екендігі көрсетілген. Сондықтан оқу процесінде экологиялық тәрбиені қалыптастыруда формаларын, құралдар мен әдістердің алуан түрін қолдануды талап етеді.

Бұл тұрғыда экологиялық білім беру технологияларын қоғам талабына сай жаңартып отыру қажет. 1950 жылдардан бастап Е.В. Гончарова бұл бағыттың педагогика ғылымында оқытудың оңтайлы жүйесін жобалаумен, педагогикалық процесті жобалаумен айналысатын жаңа бағыты ретінде пайда болғанын жазған. Ол экологиялық білім беру технологиясын әдіс-тәсілдер мен

қадамдар жүйесі ретінде қарастырады.

Экологиялық білім берудегі технологиялары оқушылардың тәрбиесін, оқуын және жеке тұлғаны дамыту мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді. Экологиялық білім беру технологиялары білім беруді экологизациялауға бағытталады.

Білім беруді экологизациялау дегеніміз – заманауи білім беру жүйесін реформалау бағыты, жүйеленген экологиялық білімді, білік, дағдыларды игеруге, қоршаған әлемнің тағдыры үшін экологиялық сананы, мәдениетті, жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған үздіксіз оқу процесі [11]. Бұл жерде экологиялық мәдениет, экологиялық факторлар, экологиялық білім сияқты ұғымдардың мән-мағынасын ажыратып алу керек.

Экологиялық мәдениет – экология, өнер, наным, заңдылықтар, әдет-ғұрыптар, қоршаған ортаны сақтау және жақсарту бойынша белсенді іс-шаралар саласындағы білім, білік, құндылық бағдар жүйесі.

Экологиялық факторлар – тіршілік иесі бейімделу реакцияларымен әрекеттесетін организмдердің тіршілік әрекетінің қозғаушы күші ретінде қоршаған орта жағдайлары.

Экологиялық білім беру дегеніміз – қоршаған әлеуметтік және табиғи ортаға жауапкершілікпен қарауды қамтамасыз ететін ғылыми-практикалық білім мен дағдылардың, құндылық бағдарлардың, мінез-құлық пен іс-әрекеттің жүйесін қалыптастыруға бағытталған оқыту, тәрбиелеу және тұлғаны дамытудың үздіксіз процесі.

Қорыта келе, экологиялық тәрбие азаматтардың әл-ауқатының белгілі деңгейін, өмірлік қажетті ақпаратқа қол жеткізуде қоршаған ортаға жаппай саналы тұрмыстық қарым-қатынасқа негіздей отырып, қоршаған табиғат үшін қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру. Экологиялық тәрбие беру болашақта қоршаған ортадағы сан мен сапалық шығындардың азаюына ықпалын тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Гончарова Е.В. Теория и методика экологического образования детей дошкольного возраста: Курс лекций для студентов высших педагогических учебных заведений. – Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гуманит. ун-та, 2008. – 326 с.
2. Дерябо С.Д., Ясвин В.А. Экологическая педагогика и психология. – Ростов н/Д, 1996.
3. Адиетова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық іс-әрекет процесінде адамгершілікке тәрбиелеу. Вестник Атырауского университета имени Халела Досмұхамедова. 2020, №56(1), 55-61бб.
4. Коменский Я.А. Избр.пед. соч.–М.: Педагогика, 1974. –Т.2. – 364 с.
5. Руссо Ж.Ж. Педагогические сочинения – М.1981
6. Ротенберг В. А. Педагогическая деятельность И. Г. Песталоцци // Советская педагогика. 1952. № 3; Tröhler D. J. H. Pestalozzi. Bern, 2008
7. Дистервег А. Избранные педагогические сочинения. – М.,1956.- 374 с.
8. Асанова Г. «Экологиялық тәрбие туралы белгілі ғалымдардың ой-пікірлері». 439.
9. Ахметжанова Ж. Б., Шахина С. Ж., Балапанова К. Ж. Халықтық тәлім-тәрбие және педагогикалық көзқарас //Technology, Kiev, Ukraine Assistant Editor–Stepanenko OI, Doctor of Physical Sciences, Ternopol National Technical University, Ternopol, Ukraine. – С. 29.
10. Социальная, профессиональная и персональная ответственность личности в современном обществе. – 2020. – С. 185-188.
11. Түгелбаева К., Кожаева С.К. Экологиялық білім мен тәрбие берудің теориялық негіздері // Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time. – 2018. – С. 249-258.

ЖАСӨСПІРІМ ШАҚТАҒЫ ГЕНДЕРЛІК БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІК МОДЕЛЬДЕРІ

Г.М. Кабиева¹, М.Д. Шағырбаева²

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Sezim_kabieva@mail.ru¹, mentay77@mail.ru²

Аңдатпа. Жасөспірім шақтағы гендерлік бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері сонау мектепке дейінгі жастан бастау алады. Мақала мектепке дейінгі жастан бастап жасөспірім жас аралығындағы ұл балалар мен қыз балалардың гендерлік бірегейлігінің қалыптасу ерекшеліктерін, зерттеу нәтижелерін сипаттауға арналған. Атап айтқанда, гендерлік сәйкестілік моделін жас бойынша қалыптасуы және мазмұнмен топтасуы және толтыру процесі қарастырылды.

Аннотация. Статья посвящена описанию особенностей формирования гендерной идентичности мальчиков и девочек от дошкольного до подросткового возраста, на основании результатов исследования. В частности, рассматривается процесс возрастного формирования и наполнения содержанием модели гендерной идентичности.

Abstract. The article describes the features of forming gender identity in boys and girls from preschool age to adolescence and the results of this study. It considers the process of forming a model of gender identity by age, grouping and filling it with content.

Кілт сөздер: гендер, гендерлік сәйкестілік, құрылымдық мазмұндық модель, жас ерекшелігі.

Ключевые слова: гендер, гендерная идентичность, структурно-содержательная модель, возрастная специфика.

Key words: gender, gender identity, structural content model, age identity.

Жыныстық және гендерлік бірегейлікті заманауи зерттеу осы жеке білімнің күрделі сипатын көрсетеді. Сонымен қатар, психологтардың арасында гендерлік сәйкестіліктің қалыптасуы феноменологиясы, құрылымы және динамикасы туралы көзқарастар әртүрлі. Гендерлік бірегейлік өзін-өзін индивид ретінде ішкі Менін сезіну үшін қарастырылады (Ю.Е. Гусева, З.Ш. Мухтарова, Л.Н. Ожигова, Л.А. Полянская, И.В. Романов, А.А.Чекалина, И.Ю. Шилов және т.б.) . Осыған байланысты гендерлік сәйкестіліктің құрылымдық және динамикалық аспектілеріне аз көңіл бөлінетінін атап өткен жөн, зерттеудің өзектілігі де осында. Сонымен қатар, әйелдердің еркектенуі және ерлердің феминизациясы (В.В. Абраменкова, В.Е. Каган, Н.К. Радина) жыныстар арасындағы

айырмашылықтардың эрозиясына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде қоғамдағы "еркек" және "әйел" идеяларының мәнін өзгертеді - гендерлік сәйкестілік құрылымының поляризациясы осы құбылыстың көп компонентті құрылымы туралы идеяларға жол ашады, бұл гендерлік компоненттердің жиынтығын теориялық түсіну мен эмпирикалық таңдауды маңызды етеді, бұл гендерлік бірегейліктің маңызды мазмұнын қамтуға мүмкіндік береді. (Н.Л. Иванова, И.С. Клецина, Л.Н. Ожигова, И.В. Романов, Л.Б. Шнейдер және т.б.) [1, 2, 3, 6]. Қолданыстағы гендерлік тұжырымдамаларды теориялық талдау, гендерлік сәйкестіліктің көп компонентті құрылымға ие екенін көрсетті. Тұтас қалыптасқан гендерлік сәйкестілік құрылымдық-мазмұндық моделін қолдана отырып сипатталуы мүмкін, оның құрамына

келесі компоненттер кіреді:

I. Танымдық (сипаттамалық) компонент идеясы:

- өзінің гендерлік қатыстылығы;
- дененің гендерлік бейнесі (дене бітімі және келбеті);
- гендерлік рөлдерде, нормаларда және күтулерде;
- жүргізудің гендерлік нысандары;
- гендерлік стиль (темперамент, эмоционалдық көріністер);
- тұлғаның гендерлік қасиеттері (психологиялық ерекшеліктері);
- гендерлік дағдылар;
- гендерлік бағдарлар;
- гендерлік артықшылық;
- гендерлік социализаторлар;
- гендерлік көзқарастар мен стереотиптер;
- гендерлік атрибуттар;
- жыныстық бағдар және жыныстық сценарийлер.

II. Аффективті компонент:

- өзінің гендерлік қатыстылығына қанағаттануы;
- гендерлік өзін-өзі бағалау;
- гендерлік қатыстылықтың субъективті құндылығы.

III. Мінез-құлық компоненті:

- гендерлік схемалар мен мінез-құлық жоспарлары;
- мақсат қоюдың гендерлік стратегиялары;
- мінез-құлықтың гендерлік себептері;
- гендерлік өзін-өзі таныстыру.

IV. Семантикалық-символдық компонент:

- Мен- гендерлік идеалмын;
- гендерлік бағдарлар;
- гендерлік „Мен-фантазиямын“;
- гендерлік архетиптер. [2]

Зерттеу барысында гендерлік сәйкестіліктің жоғарыда аталған құрылымдық моделі оның құрамдас бөліктері тұрғысынан мектепке дейінгі жастан бастап жасөспірімге дейінгі жас ауқымында айтарлықтай өзгертінді дәлелденді [1]. Нәтижесінде белгілі бір жасқа қарай қалыптасқан гендерлік сәйкестіліктің келесі ықтимал мазмұнды-құрылымдық модельдерін сипаттауға болады:

Мектепке дейінгі жас.

1) Неғұрлым қалыптасқан деп аффективті құраушы гендерлік бірегейлікті айтамыз, ол өзінің гендерлік қатыстылығымен және өзінің гендерлік сәйкестігін қабылдауымен байланысты. Әрі қарай оның маңызды құрылымдық өзгерістері болмайды. Бұл ретте қыздардың гендерлік өзін-өзі бағалауы біршама жоғары, ал ұлдардың өзін-өзі бағалауы төмен, қыздардың гендерлік тиесілілігінің құндылығы мен қанағаттануы ұлдарға қарағанда жоғары.

2) Қалыптасу деңгейі бойынша екінші-танымдық компонент. Оның құрылымының өте жоғары толықтығына қарамастан ішкі, жеке гендерлік ерекшеліктермен байланысты компоненттердің мазмұнды толықтығы өте нашар және әлсіз сараланған. Бұл гендерлік компоненттер әлі де нашар түсініледі және ең жақсы жағдайда олардың ең жарқын элементтері деп аталады (ұлдар батыл, дөрекі; қыздар нәзік, қамқор). Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігінде қыздар "жақсы" категориясымен, ал ұлдар "жаман" категориясымен байланысты.

Негізінен, өз жынысын және гендерлік қарама-қарсы жынысты сипаттағанда, мектеп жасына дейінгі балалар сыртқы белгілерге (киім, шаш үлгісі, байқалатын мінез-құлық) сүйенеді, бұл дамудың жоғары дәрежесінде және мінез-құлықтың гендерлік формалары мен дене бейнесі туралы идеялардың барынша саралануында көрінеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігінде гендерлік тұрақтылық туралы идеялар нақты қалыптасқан.

Жақын ортаға тәуелділік, мінез - құлықтың жоғары нормативтілігі, сондай-ақ ерте гендерлік әлеуметтену тетіктерінің әрекетімен байланысты дамудың әлеуметтік жағдайы осы жаста гендерлік қалаулар және бағдарлар танымдық компоненттердің қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, қалыптасқан идеялар стереотиптің, нормативтік тапсырманың және тұрақтылықтың жоғары деңгейімен сипатталады. Егер гендерлік преференциялар мен бағдарлар гендердің барлық компоненттерінің ішіндегі ең маңыздылары болса, онда гендерлік әлеуметтендірушілер мен факторлардың әсері әлі толық танылмайды. Гендерлік сәйкес-

тіліктің гендерлік рөлдер, дағдылар, стереотиптер мен атрибуттар туралы идеялар сияқты компоненттері орташа саралау мен қалыптасуға ие. Бұл мектеп жасына дейінгі балалар ең тұрақты гендерлік көзқарастар мен стереотиптер туралы жалпы түсінікке ие екенін көрсетеді (ұлдар жыламайды, мылжың, жалқау, күшті, батыл; қыздар – әдемі, нәзік, мейірімді, ұқыпты, әлсіз, қорқақ), дағдылар (қыздар жақсы оқиды, тамақ дайындайды; ұлдар спортпен шұғылданады, күреседі). Алайда, олар нашар түсініледі және мүмкіндігінше нормативті.

3) Семантикалық-символикалық жартылай құрауыш (4 компоненттен 2 компонент). Жеке тұлғаның жеке тәжірибесіне-гендерлік архетиптерге (ұжымдық бейсаналық элементтер) және Мен - қиялға (қиял элементтері) аз дәрежеде белгілі және тәуелді емес бөлігі бар. Бұл компоненттердің мазмұны "күш – батылдық – қорғаныс - жауынгерлік" және "сұлулық – пысықтық - аналық" архетиптік өзегімен шектеледі.

4) Жеке мінез-құлықта және қызметте гендерлік модельдерді пайдаланумен, гендерлік өзін-өзі таныстырумен байланысты мінез-құлық құраушы бәрінен әлсіз қалыптасқан (4-тен 1 құрауыш). Бұл, мүмкін, жеке өмірлік тәжірибенің жоқтығымен, гендерлік компоненттердің көпшілігі туралы нашар хабардар болуымен түсіндіріледі, бұл оларды мінез-құлық белгілері ретінде пайдалануға мүмкіндік бермейді. Байқалатын мінез - құлық компоненті-бұл гендерлік схемалар мен мінез-құлық жоспарлары. Алайда, оның мазмұны әлсіз сараланған, шектеулі және аз саналы. Бұл бақыланатын гендерлік мінез-құлықтың ең тұрақты формаларына қатысты, оны балалар нормативтік қысымның әсерінен зерттейді: қыздар жақсы оқиды, мойынсұнады, анасына көмектеседі; ұлдар өздері үшін тұра алады, әлсіздерді қорғайды, басқаларға көмектеседі. Жалпы алғанда, мектепке дейінгі жастағы гендерлік сәйкестілік компоненттерінің мазмұндық толықтығы сараланудың, мағыналылықтың және қалыптасудың төмен дәрежесіне, толықтықтың орташа дәрежесіне ие.

Кіші мектеп жасы.

1) Гендерлік сәйкестіліктің аффективті

құрамдас бөлігінде гендерлік өзін-өзі бағалау неғұрлым барабар болады.

2) Қалыптасу деңгейі бойынша екінші-танымдық компонент. Гендерлік әлеуметтену тетіктерінің әрекетіне байланысты гендерлік бағдарлар мен артықшылықтар қалыптасудың максималды деңгейінде сақталады.

Жалпы алғанда, осы компоненттің жалпы құрылымының толықтығы мектепке дейінгі жастағы сияқты қалады, бірақ оның компоненттерінің мазмұны артады. Гендердің сыртқы көріністеріне бағдарланудан мағыналы мінез-құлық бағдарларына көшудің басталуы бар. Бұл танымдық компоненттің мінез-құлықтың гендерлік формалары, гендерлік әлеуметтенушілер мен факторлардың әсері туралы идеялар сияқты компоненттерінің қалыптасу, саралау және мағыналық деңгейінің жоғарылауымен көрінеді. Сонымен қатар, мінез-құлық көріністерінің мазмұны толығымен дерлік толтырылған, бақыланатын және үйренген гендерлік сценарийлердің көпшілігін қамтиды. Балалардың белгілі бір гендерлік топқа жату қажеттілігі артып келеді, бұл жыныстық сегрегацияның жоғарылауына әкеледі. Ең көп кездесетіні-ересектер үшін үлгі болатын ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдерін актуализациялайтын ойындар.

Гендерлік стиль мен жеке қасиеттер туралы идеялардың үлесі артып келе жатқанына қарамастан, бұл компоненттер тек 40-50% - ға ғана толы, сондықтан жеке гендерлік сипаттамаларға кең бағдарлануға көшу туралы айтуға ерте.

Мектепке дейінгі жастағы гендерлік сипаттамадағы сыртқы белгілерге сүйену үрдісі сақталады және күшейтіледі. Бұл дененің гендерлік бейнесі туралы идеялардың мазмұндық элементтерінің саралану дәрежесінің жоғарылауымен бірге жүреді, ондағы гендерлік тұрақтылық туралы идеялардың физикалық сипаттамаларын қиындатады.

Осы жаста нормативтік және ақпараттық қысымның жоғарылауы гендерлік рөлдер, дағдылар мен стереотиптер туралы жалпы идеялардың тез қалыптасуына және кеңеюіне әкеледі. Бұл анықтамалық гендерлік

бейнелердің стереотиптік деңгейінің айтарлықтай өсуіне әкеледі. Алайда, бұл компоненттер әлі де нашар түсініледі және мүмкіндігінше нормативті.

3) Семантикалық-символдық компонент әлі де жартылай қалыптасқан. Архетиптік ядроның мазмұны «ерлер бауырластығы» және «әйелдердің жауаптылығы» ұғымдарын қосу арқылы біршама кеңейеді.

4) Жеке мінез-құлық пен қызметте гендерлік модельдерді, гендерлік өзін-өзі таныстыруды пайдаланумен байланысты мінез-құлық құрамдасы елеулі өзгерістерге ұшырамаған. Дегенмен, мектепке дейінгі жаста пайда болған гендерлік схемалар мен мінез-құлық жоспарларымен байланысты компонент мағыналы бола бастайды. Бұл, ең алдымен, бастауыш мектеп жасында белгілі бір өмірлік тәжірибе алумен байланысты.

Жалпы алғанда, бастауыш мектеп жасындағы гендерлік сәйкестілік компоненттерінің мазмұндық толықтығы сараланудың, мағыналылықтың, қалыптасудың және толықтықтың орташа дәрежесіне ие.

Жасөспірімдер жасы.

1) Гендерлік сәйкестіліктің аффективті құрамдасы толығымен қалыптастырылды. Гендерлік өзін-өзі бағалаудың барабарлығы, гендерлік қатыстылықтың құндылығы мен қанағаттануы өседі.

2) Когнитивті құрауыштың құрылымында бұрынғы жастағылар сияқты қалыптасудың сол көкейкесті деңгейінде гендерлік бағдарлар мен артықшылықтар, өзінің гендерлік тиістілігін, гендерлік әлеуметтанушылар мен факторлардың әсерін сезіну, мінез - құлықтың гендерлік нысандары, гендерлік дағдылар туралы идеялар сақталады. Сонымен қатар, гендерлік түсінік неғұрлым саналы және жүйеленген, барынша сараланған, гендерлік стереотиптер түпкілікті бекітілген. Бұл белгілі бір мәдениетте "еркек" және "әйел" ережелерін реттейтін нормалар мен ережелерге қатынастар жүйесінің қалыптасуының аяқталғанын көрсетуі мүмкін.

Гендерлік стиль мен жеке қасиеттер туралы идеялардың мазмұны өзінің гендерлік және қарама-қарсы жынысты сипаттау кезінде жеке

гендерлік ерекшеліктер мен семантикалық категорияларға бағдарлауға түпкілікті ауысуды баса көрсете отырып, максималды дифференциация мен мағыналылыққа жетеді.

3) Жасөспірім шағында қалыптасқан семантикалық-символдық компоненттер мазмұнмен белсенді түрде толтырылады, бұл өз жынысын бағалау кезінде семантикалық категорияларға көшуді анықтайды. Өзін-өзіне деген қарым-қатынас осы компоненттің құрамдас бөліктерін мазмұнды толтырудың жетекші негізіне айналады, алдыңғы гендерлік әлеуметтену кезінде үйренген идеяларды қабылдауды немесе қабылдамауды анықтайды. Бұл қатынас алдыңғы жас, гендерлік бағдарлар мен идеалдарға қарағанда анағұрлым айқын және мағыналы жүйемен реттеледі, яғни бағдарлау адамның жынысына қайшы келетін мінез-құлықтың алдын-ала анықтайтын стандарттардың үлгілері.

Гендерлік стандарттар ақпараттық және нормативтік қысымның әсерінен қалыптасатын мәдени игерілген үлгілермен нақты анықталған. Олар жасөспірім кезіндегі бірнеше өзгертілген семантикалық гендерлік компоненттердің дәстүрлі формаларға оралуына ықпал етеді. Енді әйелдің еркектікке деген ұмтылысы негізінен гендерлік қиялдың мазмұнында ғана көрінеді. Егер жасөспірім қыздар ерлердің жеке басына деген ұмтылысын айқын көрсетсе, онда 18-19 жастағы қыздар ерлер мен әйелдердің үйлесімді бірігуіне бейім. Олар өздерінің гендерлік ерекшеліктерін жоққа шығармайды.

4) Мінез-құлық компоненті. Жасөспірім кезінде іс-әрекеттегі еркек/әйел ретінде өзі туралы үнемі ақпарат беру арқылы сыртқы байқалатын мінез-құлық үлгілерін интерьерлеу процесі аяқталады. Бұл жеке іске асырылатын гендерлік схемалар мен мінез-құлық жоспарларының, мақсат қою стратегияларының саралануы мен маңыздылық деңгейінің едәуір артуымен қатар жүреді. Жас ерекшелігіне байланысты гендерлік мотивтер қарым - қатынас салаларын актуализациялаумен, серіктестік және отбасылық қатынастардың маңыздылығымен, жеке және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігімен отбасын құруға, мамандықты игеруге және мансап құруға деген

орташа емес ұмтылыстармен толықтырылады. Сонымен қатар, мақсаттарға жету үшін ерлер мен әйелдердің стратегияларының дифференциациясы айқын болады, бұл қыздардың коммуникативті, жеке тәсілдерін қолданумен қатар жүреді, ал жас жігіттер тұрақты инвестициялармен, тәуекелмен және логикамен байланысты күшті болады.

Жалпы, жасөспірім кезіндегі гендерлік сәйкестілік өзінің құрылымдық қалыптасуына жетеді. Гендерлік компоненттің мазмұндық толтырылуы сараланудың, мағыналылықтың ең жоғары дәрежесімен ерекшеленеді; гендерлік сәйкестікті сипаттау кезінде тек сыртқы ерекшеліктер мен мінез-құлық көріністерін ғана емес, сонымен қатар жеке және семантикалық сипаттамаларға үлкен мән беру есебінен неғұрлым толық болады, өзгермейтін ядролық гендерлік белгілердің санын ұлғайту есебінен тұрақты болады.

Гендерлік сәйкестіліктің когнитивті, аффективті, мінез-құлық және семантикалық-символдық компоненттерінің құрамдас бөліктерінің қалыптасуы және олардың мазмұнымен толықтырылуы біркелкі емес. Атап айтқанда, аффективті компонент болашақта құрылымында айтарлықтай өзгерістерге ұшырамай, мектепке дейінгі жаста қалыптасады. Әрі қарай, когнитивті компоненттің табиғи қалыптасуы оның құрамдас бөліктерінің жасына қарай саралану деңгейінің біртіндеп өсуімен бірге жүреді, бұл жас дамуының жалпы заңын растайды. Мінез-құлық және семантикалық-символдық компоненттер басқаларға қарағанда кейінірек қалыптасады, бұл олардың қалыптасуына жеке тәжірибенің айтарлықтай әсерімен анықталады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Иванова Н.Л. Структура социальной идентичности личности: проблема анализа // Психологический журнал. 2004. Т. 25. №1. С. 52-61.
2. Клёцина И.С. Современные тенденции развития гендерной проблематики в психологии// Психология человека: интегративный подход в психологии: сб. тр. СПб.: Изд-во РГПУ им.А.И.Герцена, 2004. Вып. 2. С. 50-65.
3. Ожигова Л.Н. Психология гендерной идентичности личности. Краснодар: Кубанский гос. ун-т, 2006. 290 с.
4. Перегудина В.А. Особенности возрастного становления гендерной идентичности // Известия ТулГУ. Гуманитарные науки. Вып. 2. Тула: Изд-во ТулГУ, 2010. С. 305-310.
5. Перегудина В.А. Структурно-содержательная модель гендерной идентичности // Психосфера: сб. науч. тр. кафедры психологии ТулГУ. Вып. 6 / под ред. Е.Е. Сапоговой. Тула: Изд-во ТулГУ, 2012. С. 65-73.
6. Шнейдер Л.Б. Личностная, гендерная и профессиональная идентичность: теория и методы диагностики. М.: Московский психолого-социальный институт, 2007. 128 с.





ЭЖ 37
FTAMP 15.41.21

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

А.Б. Маханбетияр¹, А.М. Кудайбергенова²

1 әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

2 әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

98_akhnur_98@mail.ru¹, aliya.malykovna@mail.ru²

Аңдатпа. Мақалада студенттердің эмоционалды интеллектісінің теориялық аспектілері қарастырылған. «Эмоционалды интеллект» ұғымының мәні ашылып, дамудың алғы шарттары, оның құрамдас бөліктері, сонымен қатар студенттердің эмоционалды интеллектінің даму мүмкіндіктері талданады.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические аспекты эмоционального интеллекта студентов. Раскрывается сущность понятия «эмоциональный интеллект», анализируются предпосылки развития, его составляющие, а также возможности развития эмоционального интеллекта учащихся.

Abstract. The article deals with the theoretical aspects of learners' emotional intelligence. The article reveals the concept of „emotional intelligence“, its components, the prerequisites and the possibilities for its development.

Кілт сөздер: эмоционалды интеллект, эмоционалды интеллект дамуының алғы шарттары, студенттердің эмоционалды интеллектісінің құрамдас бөліктері мен компоненттері.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, предпосылки развития эмоционального интеллекта, компоненты и компоненты эмоционального интеллекта учащихся.

Key words: emotional intelligence, prerequisites for developing emotional intelligence, components of learners' emotional intelligence.

КІРІСПЕ

Қазіргі әлемде әртүрлі оқу орындарына қойылатын талаптар, мамандарды дайындау сапасы мен білімнің қалыптасу деңгейі тез өзгеруде. Қазіргі өмірде эмоционалды интеллект жоғары бағаланады. Жоғары білім беру жүйесі студенттердің рухани-адамгершілік және кәсіптік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Кәсіби қызметі адамдармен қарым-қатынасқа байланысты студенттерді дайындау процесінде эмоционалды интеллект ерекше маңызға ие. Сондықтан студенттердің эмоционалды интеллектісі проблемасы ғалымдардың жеткілікті көп бөлігін, мұғалімдерді, психологтарды және басқа зерттеушілерді қызықтырады.

Эмоциялар теориясына, когнитивтік және эмоционалды процестердің корреляциясына

көзқарастың бірте-бірте өзгеруі ғылыми парадигмаға «эмоционалды интеллект» терминін енгізуге әкелді. Тұжырымдаманың дамуын Чарльз Дарвиннің жұмысынан бастауға болады, ол кез келген қозумен ақыл-ой, жүрек және ми арасында маңызды өзара әрекеттесу бар екенін атап өтті.

«Эмоционалды интеллект» түсінігін 1990 жылы П.Саловей мен Дж.Мейер енгізді, сол кезден бастап көптеген ғалымдар оны басқаша түсіндіреді. П.Саловей, Дж.Мейер және Д.Карузоның анықтамасы бойынша эмоционалды интеллект адамның өзінің және басқалардың эмоцияларын сезінуіне және түсінуіне ықпал ететін психикалық қабілеттер тобы ретінде түсініледі [4]. И.Н.Андреева эмоционалды интеллектке келесідей анықтама береді: «...бұл адам өмірінің эмоционалды

саласын тиімді түсіну қабілеті (айналадағы адамдардың эмоциясын түсіну, қарым-қатынас пен мотивацияға байланысты мәселелерді шешу үшін эмоцияларды пайдалану)» [1].

Көптеген ғалымдар бұл мәселені әртүрлі аспектілерде зерттеді. Ең маңызды үлесті, келесі ғалымдар қосты: Д.Гоулман (эмоционалдық құзыреттілік теориясы), Р.Бар-Он («эмоционалдық коэффициент» концепциясы), С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский аффективті және интеллектуалдық процестер туралы (интеллектуалдық процесс эмоциялардың қатысуынсыз мүмкін емес) және А.Н.Леонтьев (ойлаудың эмоционалды реттелуі бар) [5].

Біз өзіміз үшін «эмоционалды интеллектті» өзінің жеке эмоциялары мен басқалардың эмоцияларын түсінуге, сондай-ақ тұлғалық дамуға және тұлғааралық өзара әрекеттесуге әсер ететін мінез-құлық когнитивтік және эмоционалдық қасиеттердің жиынтығын қамтитын күрделі құрылым ретінде анықтаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Эмоционалды интеллект проблемасы бойынша зерттеулерді талдау оның дамуының алғы шарттарын тұжырымдауға мүмкіндік берді:

- биологиялық (эмоциялық қабілеттің тұқым қуалайтын бейімділігі, ойлау түрі және т.б.);
- әлеуметтік (өзін-өзі танудың даму дәрежесі; эмоционалды салауатты қарым-қатынастар; гендерлік ерекшеліктер, эмоционалдық білім мен дағдылар және т.б.).

Дж.Майер мен П.Саловей эмоционалды интеллекттің төрт құрамдас бөлігін анықтады:

- эмоцияларды қабылдау - басқа адамдардың эмоцияларын тану, сонымен қатар өздерінің эмоцияларын анықтау қабілеті.

- ойлауды ынталандыру үшін эмоцияларды пайдалану - адамның ойлау процесін бейсаналық түрде белсендіру, эмоцияларды мотивациялық фактор ретінде пайдалану, өз бойындағы шығармашылық қабілеттерді ояту.

- эмоцияны түсіну - белгілі бір эмоцияның пайда болу себебін анықтау, эмоциялар мен ойлардың байланысын анықтау, эмоцияның уақыт бойынша пайда болуын болжау.

- эмоцияларды басқару - өз эмоцияларын және басқа адамдарды басқара білу, оларды белгілі бір мақсаттарға жетуге бағыттау [3].

Р.Бар-Он эмоционалдық интеллект деп адамға әртүрлі өмірлік жағдайлардан сәтті шығуға мүмкіндік беретін барлық когнитивті емес қабілеттер, білімдер мен құзыреттер деп анықтама берді. Ол құзіреттіліктің бес кең саласын анықтады, олардың әрқайсысында табысқа апаратын нақты дағдыларды атап өтті [4]:

- 1) өзінің жеке тұлғасын білу (өзінің эмоциясын сезіну, өзіне деген сенімділік, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі жүзеге асыру, тәуелсіздік);

- 2) тұлғааралық дағдылар (тұлғааралық қарым-қатынас, әлеуметтік жауапкершілік, эмпатия);

- 3) бейімділік (проблеманы шешу, шындықты бағалау, бейімделу);

- 4) стресстік жағдайларды басқару (стресске төзімділік, импульсивтілік, бақылау);

- 5) басым көңіл-күй (бақыт, оптимизм).

Эмоционалды интеллекттің алғышарттарын, сондай-ақ гуманитарлық ғылымдар бойынша студенттердің тұлғалық және кәсіби қасиеттерін талдау негізінде эмоционалды интеллект құрылымын қарастыруға болады, ол келесі компоненттерді қамтиды:

- когнитивтік компонент - бұл адекватты өзін-өзі бағалау; эмоционалдық өзін-өзі тану; эмоционалдық қасиеттерді білу; рефлексия.

- эмоционалды компонент - бұл басқа адамдардың эмоциясын тану қабілеті, эмоционалдық тұрақтылық, жетістікке жету мотивациясы, сонымен қатар эмоционалды жауап беру.

- мінез-құлықтың құрамдас бөлігі – бұл өз эмоцияларын басқара білу, байланыстарды сақтай білу және байланыс орнату; кез-келген жағдайларда әртүрлі адамдармен ортақ тіл таба білу.

Студенттік кезең – адам өміріндегі жоғары оқу орнында оқумен байланысты кезеңнің бір түрі. Көптеген зерттеушілер студенттік кезеңді 17-25 жас аралығын қамтитын жастық кезеңге жатқызады. Бұл жаста адамдармен қарым-қатынасқа және оларды тануға деген қажеттілік артады,

бұл басқа әлеуметтік қауымдастықтармен белсенді әрекеттесумен, университеттегі оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктерімен айтарлықтай анықталады. Қарым-қатынас қажеттілігі жан-жақты байланыстар орнатуға, серіктестік, достықты дамытуға ықпал етеді, білім мен тәжірибе алмасуды, пікір, сезім, көңіл-күйді ынталандырады. Қарым-қатынаста студенттер өзін ғана емес, басқаларды да тануға үйренеді, қоғамдық өмір тәжірибесін меңгереді. Сонымен қатар, өзін-өзі тану және өзін-өзі бекіту мәселелерін тиімді шешу басқа адамдармен қарым-қатынассыз мүмкін емес.

Ғылыми әдебиеттерді талдау эмоционалдық интеллекттің төмен деңгейі білімді қабылдаудың қиындауына, сонымен бірге қарым-қатынаста оқшаулануға әкелетінін көрсетті, бұл болашақта жеке тұлғаның әлеуметтенуінің бұрмалануына әсер етуі мүмкін. Студенттің жоғары психикалық жүйесін қалыптастыру сыртқы әлеммен және құрдастарымен эмоционалды әрекеттесу арқылы ғана жүзеге асырылады.

Эмоционалды интеллект деңгейінің жоғарылауы когнитивтік қабілеттер моделі шеңберінде жоғарыда айтылып кеткен құрамдас бөліктерінің әрқайсысының дамуына мақсатты сыртқы (тренингтік) әсер етуді ұйымдастыру арқылы мүмкін болады. Эмоционалдық жағдайды терең зерттеу және эмоционалдық интеллекттің дамуы жылдам болуы мүмкін емес, ол жеке көзқарас пен ұзақ уақытты қажет етеді.

Әрбір эмоцияның қарқындылығы бар, сондықтан эмоцияның деңгейін төмендетуге немесе арттыруға болады. Адамның дамуын ынталандыратын негізгі және оқу процесінің тиімділігін арттыратын негізгі эмоция – қызығушылық эмоциясын қарастырайық. Қызығушылық бізді туған сәттен бастап жетелейді және өмір бойы ойдың анықтығын және әлемге дана көзқарасты қамтамасыз етеді. Егер студенттің білім алуға деген қызығушылығы болмаса, онда ол есте сақтау ресурстарын пайдалана отырып, «Үйренді – өтті – ұмытты» қағидасы бойынша оқиды. Сонымен қатар, ол тіпті жоғары оқу үлгерімін көрсете алады, бірақ оқуды бітіргеннен кейін

басым көпшілігі мамандығы бойынша жұмысқа бармайды.

Қызығушылық, мотивациялық құрамдас бөліктің негізінде жатыр және зерттеулер табысты оқу әрекеті үшін интеллект факторына қарағанда мотивациялық фактор маңыздырақ екенін көрсетеді. Эмоциялардың ең маңызды қасиеті – олардың мотивациялық потенциалының болуы. Эмоция мен мотив – латынның «*motere*» – «қозғалу» деген сөзінен шыққан ортақ шығу тегі бар терминдер. Эмоциялар адамды белгілі бір эмоционалдық жағдайға бейімделуге мәжбүрлейтін әрекетке мотиватор қызметін атқарады. Адам белгілі бір мінез-құлық тәсіліне импульс алады, эмоцияның мақсаты әрекетті ынталандырушы фактор ретінде қызмет етеді.

Эмоциялық интеллектті дамыту арқылы реттеуге болатын тағы бір өте күрделі мәселе – емтихан кезінде студенттердің қорқынышы. Қорқыныш - негізгі сезім, адам үшін ең маңызды және қажетті сезімдердің бірі, өйткені оның негізінде өзін-өзі сақтау инстинкті жатыр. Барлық эмоциялар қажет, барлық эмоциялар маңызды - бірақ белгілі бір жағдайдағы эмоциялардың деңгейі маңызды. Емтиханнан өтпей қалу қорқынышы студентті итермелеп, сабаққа дайындалуға және қатысуға итермелейді. Бірақ сонымен бірге емтихан кезеңінде қорқыныш деңгейінің жоғарылауы психикалық және соматикалық денсаулыққа, өнімділікке, когнитивтік, эмоционалдық және физиологиялық процестердің көрсеткіштеріне теріс әсер етеді. Қорқыныштың эмоционалдық деңгейін төмендетуге көмектесетін арнайы жаттығулар бар. Жаттығулар жиынтығынан әркім қорқынышты деструктивті деңгейден конструктивті деңгейге ауыстыруға көмектесетін ең қолайлы және тиімді құралдарды таңдайды.

Эмоциялар ресурс ретінде қарастырылады, олар бізге көмектеседі, ішкі кеңесші ретінде әрекет етеді. Белсенділік тиімділігін арттыру үшін эмоциялар арқылы алатын ақпаратты тануды, түсінуді және саналы түрде пайдалануды үйрену маңызды. Тіпті ең жағымды эмоциялардың тым жоғары деңгейі бізді тез шаршатады, ал төменгі деңгей жиі

біздің ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді. Өзіміздің оңтайлы режимдерімізді бақылау және реттеу мүмкіндігі өте маңызды.

Эмоционалды интеллект ресурсын түсіне отырып, оны автоматизмге дейін дамытуға болады. Ересек адамның миы жүргенде, тамақ ішкенде, сөйлескенде қалай жұмыс істесе, ол да табиғи түрде жұмыс істейтін болады.

Студенттердің эмоционалды интеллектінің дамуы оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолданатын тренинг сабақтары арқылы жүзеге асырылады. Эмоционалды интеллектті дамытуға арналған тренинг «ішкі менмен» байланысты сезімдерді вербалды және вербалды емес түрде барынша толық көрсетуді ынталандыруға бағытталуы мүмкін; бұрын болған және бұрмаланған тәжірибелерді тану; сезім объектілерін саралау және тану. Тренингтің мақсаты – бұрын қалыптаспаған тәжірибелерді игерту (тұлғалық өсу тренингі), өзін-өзі реттеу, рефлексия, фасилитативтік әсер ету және эмпатия (дағдыларды жаттықтыру) қабілеттерін дамыту арқылы өзіндік тұжырымдаманы қайта ұйымдастыру [2].

Тренингтерді өткізу барысында белгілі бір мақсаттарды көздейміз. Мақсаттар оқыту түріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. И.В. Вачкова бойынша, барлық тренингтерге ортақ мақсаттарды тізімдесек:

1. топ мүшелерінің психологиялық мәселелерін зерттеу және оларды шешуге көмектесу;

2. субъективті әл-ауқатты жақсарту және психикалық денсаулықты нығайту;

3. адамдармен анағұрлым тиімді және үйлесімді қарым-қатынас жасау үшін тұлғааралық өзара әрекеттестіктің психологиялық заңдылықтарын, механизмдерін және тиімді жолдарын зерттеу;

4. ішкі және сыртқы мінез-құлық өзгерістеріне негізделген эмоционалды бұзылыстарды түзету немесе алдын алу үшін қатысушылардың өзіндік санасын және өзін-өзі зерттеуін дамыту;

5. тұлғаның даму процесіне, шығармашылық әлеуетті жүзеге асыруға, өмірдің оңтайлы деңгейіне жетуге және бақыт пен сәттілік сезіміне ықпал ету [6].

Студенттердің эмоционалды интеллектісін дамытуға арналған тренингтер «Мен – Мен» және «Мен – Басқалар» түріне сәйкес құрылады. Классификацияның осы түрлерін таңдау студенттердің тұлғаишілік және тұлғааралық эмоционалды интеллектісін дамытуға бағытталғандығына байланысты. Тұлғаишілік эмоционалды интеллект белгілі бір адамның өзіндік ішкі әлемін білдіреді, сондықтан «Мен – Мен» бағыты маңызды. Тұлғааралық эмоционалды интеллект басқа адамдармен байланысты қабілеттерге жатады, сондықтан «Мен – Басқалар» бағдары тренинг үшін маңызды [5].

Семинарлар да белсенді оқыту әдісі болып табылады. Семинарлардың әртүрлі түрлері бар, олар жетекшінің арнайы дайындығын талап етеді. Семинарлар бізде академиялық эмоционалды интеллектті дамыту әдісі ретінде қарастырылады, өйткені олар эмоционалды интеллект туралы білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әдебиет көздерін талдай отырып, соның негізінде «белсенді оқыту әдістері эмоционалды интеллекттің дамуына ықпал етеді» деп тұжырымдай аламыз.

Интеллект түрлерін, эмоционалды интеллекттің негізгі құрамдас бөліктерін, сондай-ақ қалыптасу жағдайларын егжей-тегжейлі талдаудың арқасында біз осылайша қорытынды жасаймыз:

1. Әлеуметтік-психологиялық тренинг эмоционалды интеллектті дамытудың тиімді әдісі болып табылады.

2. Семинарлар академиялық эмоционалды интеллектіні тиімді дамытады, ал әлеуметтік-психологиялық тренинг практикалық эмоционалды интеллектті тиімді дамытады.

Оқыту процесінде когнитивті және эмоционалды деңгейде ұжыммен тікелей әрекеттестік болған кезде, проблеманы ұжымдық талқылау арқылы эмоционалды интеллект дамуы мүмкін. Эмоционалды интеллектті дамытудың басқа да өнімді әдістеріне ойындар, арт-терапия, психогимнастика, мінез-құлық терапиясы, пікірталас әдістері, модельдеу, рөлдік ойын, кері байланыс және т.б. жатады.

Осылайша, эмоционалды интеллект



- адамның өзінің және басқалардың эмоцияларын сезінуге, түсінуге ықпал ететін, сондай-ақ жеке тұлғаның дамуына және тұлғааралық өзара әрекеттесуге әсер ететін мінез-құлық танымдық және эмоционалдық қасиеттердің жиынтығын қамтитын күрделі құрылым. Эмоциялық интеллект құрылымы белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы топтық сабақтар барысында қалыптасатын когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлық компоненттерінен тұрады.

ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Зерттеу жұмысының мақсаты: студенттердің эмоционалдық интеллектісі мен олардың оқу үлгерімі арасындағы байланысты анықтау.

Жұмыстың бастапқы кезеңінде ғылыми әдебиеттерге аналитикалық шолу жасалды, бұл зерттелетін мәселенің даму дәрежесі туралы жалпы түсінік алуға және әдістерді анықтауға мүмкіндік берді. Студенттердің эмоционалды интеллектінің әртүрлі аспектілерінің

диагностикасы Д.В.Люсин сауалнамасы – респондент контингентінің ерекшеліктеріне байланысты толықтырылған өзіндік есеп беруге негізделген психодиагностикалық әдістеме арқылы жүзеге асырылды. Соның негізінде зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес студенттердің эмоционалдық интеллектісі мен олардың оқу үлгерімі арасындағы байланысты анықталып, қорытынды жасалынды.

ӘДІСНАМА

Студенттердің ЭИ-ін зерттеуге эмоционалдық интеллект дамуы мен студенттердің оқу үлгерімі арасындағы негізгі байланыстарды анықтауға бағытталған барлау зерттеуін жүргіздік. Зерттеу алаңы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің психология және педагогика мамандығының студенттері болды. Зерттеуге 38 бакалавриат студенттері қатысты, оның ішінде барлық төрт оқу курсынан 25 қыз (65%) және 13 ұл (35%). (1-кесте).

1-кесте

Респонденттерді оқыту курстары бойынша бөлу

Курс	Курстағы студенттер санынан респонденттердің үлесі, %
1 курс	52
4 курс	48

Студенттердің ЭИ әртүрлі аспектілерін диагностикалау үшін Д.В. Люсиннің сауалнамасы қолданылды – өзін-өзі есеп беруге негізделген психодиагностикалық әдістеме. Сауалнама өзінің және басқалардың эмоцияларын түсіну және оларды басқару қабілеті ретінде ЭИ интерпретациясына негізделген. Әдістemenің авторы тұлғаишілік және тұлғааралық ЭИ-ді анықтайды. Бұл екі құрамдас әртүрлі танымдық процестер мен дағдыларды жүзеге асырады, бірақ олар бір-бірімен байланысты болуы керек [4].

Д.В. Люсиннің сауалнамасы 46 мәлімдемеден тұрады. Респонденттерге сауалнаманың әрбір тармағының мазмұнымен келісу дәрежесін «толық келіспеймін» ден «толық келісемін» деген шәкіл бойынша бағалау

ұсынылды. Эмоционалдық интеллекттің оқу үлгеріміне әсері туралы болжамды тексеру үшін базалық тізімге оқу барысы, жасы және студенттердің оқу жылында алған бағалары туралы сұрақтар қосылды. Студенттермен өзара әрекеттесу ыңғайлылығы және ақпаратты жылдам жинау үшін онлайн сауалнама формасы әзірленді.

НӘТИЖЕЛЕРІ

Зерттеудің бірінші кезеңі студенттер менеджерлерінің ЭИ жалпы деңгейін талдау болды. Орташа көрсеткіш 83 ұпайға тең болды, бұл ЭИ орташа деңгейіне сәйкес келеді, ал респонденттердің 37% эмоционалдық интеллект деңгейін орташадан төмен көрсетті (2-кесте).

2-кесте

Студенттердің эмоционалдық интеллектінің деңгейі, %

Төмен	Ортадан төмен	Орта	Ортадан жоғары	Жоғары
19	18	47	11	5

Осылайша, бірінші болжамымыз расталмады. Мұны, шамасы, біз студенттердің болашақ мамандығын таңдау туралы хабардарлығын асыра бағалаумен түсіндіруге болады. Олардың белгілі бір бөлігі, мүмкін, оқу орнын және болашақ мамандығын таңдағанда, мамандыққа қойылатын талаптарды және оған өздерінің бейімділіктерін басшылыққа алмаған. Бір қызығы, жалпы эмоционалдылықтың жоғары болуына қарамастан, қыздардағы ЭИ деңгейі ұлдарға қарағанда төмен болды (тиісінше 81 және 87 балл). Бұл сауалнамаға қатысқан қыздардың, оны өткізу кезінде, ұлдарға қарағанда эмоцияларды түсіну және басқару қабілетінің аз болғанын көрсетеді.

Бірінші курс студенттерінің орташа ЭИ деңгейі 85 баллды құрап, төртінші курс студенттерінің ЭИ деңгейінен 2 бірлікке асып түсті.

Екі көрсеткіш те ЭИ дамуының орташа деңгейіне сәйкес келеді. Осылайша, біздің екінші болжамымыз да расталмады. Төртінші курс студенттерінің ЖОО-ға түсу кезіндегі ЭИ деңгейі туралы ақпараттың болмауы ЭИ дамуына ЖОО ықпалының дәрежесін бағалауға мүмкіндік бермеді. Дәл осындай фактор бірінші курс студенттерінің төртінші курс студенттерімен салыстырғанда жоғары үлгерімінің объективті себептерін анықтауға мүмкіндік бермеді. Бірінші курс студенттері университетке бастапқыда анағұрлым дамыған ЭИ-мен келді деп болжауға болады. Студенттердің эмоционалдық интеллектісін Д.В.Люсин анықтаған құрылымдық компоненттер контекстінде қарастырайық (3-кесте).

3-кесте

Студенттердің эмоционалды интеллектінің құрылымдық құрамдастарының орташа мәндері (ұпай саны)

Тұлғааралық ЭИ	Тұлғаішілік ЭИ	Эмоцияларды түсіну	Эмоцияларды басқару
43	41	42	42

Студенттер арасында ең дамыған тұлғааралық ЭИ болды. Бұл зерттеуге қатысатын студенттердің басқа адамдардың эмоцияларын түсіну қабілетінің жоғары деңгейін көрсетеді. Бәлкім, бұл студенттердің бір-бірімен үнемі байланыста болуы, бірлескен тапсырмаларды, жобаларды орындау, қоғамдық шараларға қатысу, нәтижеге жету үшін топтық жұмыс дағдыларын қажет ететін оқытудың топтық формасымен байланысты болуы мүмкін.

Зерттеу жұмысын талдау студенттің ЭИ мен оның оқу нәтижелері арасындағы

статистикалық маңызды байланысты көрсетті. Алайда, бастапқы болжамға қарама-қайшы, бұл қатынас теріс болып шықты. ЭИ деңгейі жоғары студенттер оқу, жұмыс және жеке өмір арасында толыққанды тепе-теңдікті құра отырып, өз бағаларына еркіндікпен қарайды деп болжауға болады. Алдағы уақыттарда біз бұл мәселелерді егжей-тегжейлі зерттеуді жоспарлап отырмыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Заманауи білім беру ортасын өзгерту

жеке тұлғаны дамытуға көбірек көңіл бөлуде. Оқыту процесінің эмоционалды құрамдас бөлігі мамандарды дайындаудың бір бөлігіне айналады. Жүргізілген диагностика студенттердің ЭИ орташа деңгейде екенін көрсетті. Біздің ойымызша, бұл нәтиже болашақ түлектердің ЭИ-ді одан әрі дамытудың ықтимал әлеуеті ретінде қарастырылуы керек.

ЖОО-да мамандарды дайындау кезінде оқытушылар заманауи оқыту технологияларын, соның ішінде вербалды және вербалды емес құзыреттіліктерді, коммуникативті,

интерактивті және перцептивті дағдылар мен дағдыларды дамыту үшін коммуникативті ойындар мен тренингтерді пайдаланады. Бұл студенттердің ЭИ дамуына ықпал етеді.

Зерттеу жұмысын талдау студенттің ЭИ мен оның оқу нәтижелері арасында статистикалық маңызды теріс қатынасты көрсетті. Бұл жоғары деңгейдегі ЭИ бар студенттер абсолютті үздік студент болуға ұмтылмайтынын көрсетуі мүмкін. Олар үшін бағадан гөрі әлеуметтік қарым-қатынас пен эмоционалды қанағаттану маңыздырақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

[1] Андреева И. Н. Эмоциональный интеллект как феномен современной психологии. – Новополюцк: Полоцкий государственный университет, 2011. – 388 с.

[2] Калинина Т. В. Инновационный подход к профессиональной подготовке педагогов-психологов в условиях модернизации профессионального образования / Модернизация системы профессионального образования на основе регулируемого эволюционирования: Материалы V Всероссийской научно-практической конференции: – Челябинск: Изд-во Образование», 2006. – С. 179–188.

[3] Люсин Д. В. Современные представления об эмоциональном интеллекте // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования / под ред. Д. В. Люсина, Д. В. Ушакова. М.: Институт психологии РАН, 2004. 260 с. С. 29–36.

[4] Мэйера, П. Сэловея, Д. Карузо «Эмоциональный интеллект» (MSCEIT v. 2.0): Руководство. – М.: Институт психологии РАН, 2010 г. – 174 с.

[5] Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии – СПб: Издательство «Питер», 2009–712 с.

[6] Ильин Е. П. Мотивация и мотивы. Спб.: Питер, 2002. -512 с.



ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК МӘСЕЛЕСІ - ҰЛТТЫҢ ОРТАҚ МӘСЕЛЕСІ

Д.Е. Орумбаева

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Педагогика және психология мамандығының магистранты

Аңдатпа. Қоғамның ұлттық санасы, ең алдымен, ұлттық рухани құндылықтарға, мемлекетіміздің бүгінгі мен болашағына қызмет ететін діни құндылықтарға, ұлтымыздың философиялық, ғылыми-эстетикалық және құқықтық-адамгершілік мұраларына, ұлттық тәуелсіздік мұраттарына негізделген. Ұлттық тарихи құндылықтар заманауи және прогрессивті жалпы адамзаттық құндылықтармен және прогрессивті демократиялық құндылықтармен үйлескенде ғана біздің қоғам жоғары руханилыққа, демек, прогреске қол жеткізе алады.

Аннотация. Национальное сознание общества базируется, прежде всего, на национальных духовных ценностях, религиозных ценностях, служащих настоящему и будущему нашего государства на философском, научно-эстетическом и нравственно-правовом наследии нашего народа, идеалах национальной независимости. Только при сочетании национальных исторических ценностей с современными и прогрессивными общечеловеческими ценностями и прогрессивными демократическими ценностями наше общество может достичь высокой духовности и, следовательно, прогресса.

Abstract. The article deals with the national consciousness, its fundamental aspects and was of managing them. The author of the article considers that national consciousness is based on national, spiritual and religious values that serve the present and future of our state, on philosophical, scientific, aesthetic, moral and legal heritage of our people, and on the ideals of national independence. The author proves that by combining national historical values with modern progressive human values and progressive democratic values our society can achieve high spirituality and progress.

Кілт сөздер: жаһандану, ұлт, ұлттық сана, ұлттық бірегейлік, ұлттық сананың мәні, ұлттық бірегейліктің құрамдас бөліктері.

Ключевые слова: глобализация, нация, национальное сознание, национальная идентичность, сущность национального самосознания, компоненты национального самосознания.

Key words: globalization, nation, national consciousness, national identity, essence of national consciousness, components of national consciousness.

Жаһандану және Қазақстанның әлемдік кеңістікке интеграциялану процестері мәдени әртүрлілік жағдайында ұлттық мәдениеттің бірегейлігі мен ерекшелігін сақтау мәселесін күшейтеді. Сонымен бірге өзіндік әлеуметтік-мәдени бірегейлікті сақтауға деген ұмтылыс шовинизм, ұлттық және діни эксклюзивтілік көріністеріне жол бермей, әртүрлі мәдениеттің өзара жақындасу және өзара ену процестерімен бірлікте жүруі керек. Этносаралық қатынастар Қазақстандағы қоғамдық өмірдің ең күрделі аспектілерінің бірі екендігі айдан анық.

Жаһандану үдерісі тіпті ұлттық мемлекеттер ішінде де бірегейліктің саясаттануына әкелді, ал бұл үдеріс қолданыстағы ұлттық сәйкестікті заңдастыруға бейім. [1]

«Ұлттық сана» ұғымын анықтау оңай емес. Бұл ұжымдық сәйкестіктің бір түрі – яғни жеке адамдар немесе қауымдастықтар өздерін үлкен топтар шеңберінде қалай қабылдайтыны. Ал тұжырымдаманың дерексіз болуы, яғни жеке ойлар мен қабылдауларға байланысты және объективті және нақты фактілерге сүйенбеуі тек тапсырманы қиындатады. Алайда ұлттық

бірегейліктің физикалық көріністері өте нақты болуы мүмкін - мысалы, көрнекті жерлер немесе ұлттық рәміздер. [2]

Адамдар «ұлт» ұғымы пайда болғаннан әлдеқайда бұрын қауымдастықтарға біріккен. Бұл қауымдастықтардың өсуіне қарай олардың ұйымдары күрделене бастады және өздерін басқа қауымдастықтардан қорғау қажеттілігі туындады. Уақыт өте келе, дамыған қауымдастықтар негізінде ұлттар пайда болды. Қауымдастықтарды біріктіретін факторлар ретінде жалпы аумақ, этникалық тиістілік немесе тамырлар, мәдениет пен тіл болуы мүмкін. Адамдар, тұрғылықты жер және мәдениет сияқты компоненттер әлі күнге дейін көптеген халықтар үшін маңызды.

Дүние жүзіндегі ұлттардың дамуы әр түрлі жолдардан өтті. Процесс Батыс Еуропада басталды, және еуропалық империализмнің нәтижесінде Еуропа ұлттарының өкілдері формаланған мемлекеттік құрылымды әлемнің басқа бөліктеріне «экспорттады». Модель ұлттық мемлекетке айналды - өзінің құқықтық және саяси жүйесімен шектеулі территориядағы біртұтас басқару түрі. [3]

«Ұлттық сана» ұғымы, ұлттың санасын емес, белгілі бір ұлттық қауымдастықтың ұлттық ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылады. «Ұлт санасы» категориясы «ұлттық сана» ұғымына қарағанда кеңірек, өйткені ол бүкіл тіршілікті, бүкіл әлемді бейнелейді, ал ұлттық сана ұлттың әлеуметтік болмысын ғана көрсетеді. [4]

Сонымен, ұлттық сана - қоғамдық сананың құрылымдық элементтерінің бірі. Бұл әлеуметтік өмірдің ұлттық-этникалық аспектісіндегі көрінісі және олардың ажырамас байланысы мен өзара тәуелділігінде ұлттың философиялық, саяси, құқықтық, адамгершілік, эстетикалық және басқа көзқарастарын білдіреді.

Ұлттық сананың мәнін түсіну үшін бұл анықтаманың тарихи генезисі жеке мемлекеттердің қалыптасуымен және нығайуымен байланысты екенін ескеру қажет. Осы тұрғыдан алғанда «ұлттық сәйкестік» дегеніміз - бұл адамдарда ғасырлар бойы қалыптасқан терең сезім және бұл ең алдымен

өз Отанына деген сүйіспеншілік, оның іс-әрекетімен оның мүдделерін, мәдениетін, дәстүрлерін, өмір салтын, әдет-ғұрпын, тілін бөлу қажеттілігі; өзінің аумақтық тұтастығын сақтауға дайын болу, рухани және табиғи байлығын арттыруға ұмтылу.

Кез-келген халықтың ұлттық сана-сезімі оның ұлттық ерекшелігімен тығыз байланысты. Ұлттық өзіндік сана-сезімнің мәнін ашу үшін жалпы өзіндік сананың не екенін анықтау керек. «Соңғы философиялық сөздік» келесі түсініктеме береді: «Өзіндік сана – бұл сыртқы әлемді (объектіні) «Меннің» автономды (бөлек) ойлар, сезімдер, тілектер, іс-әрекет қабілеттілігіне толы болмыс ретіндегі бірлігі мен ерекшелігінің тәжірибеден өткізу қарама-қарсылығы». Мұнда жеке тұлғаның іс-әрекетіндегі бағалау сәті ерекшеленеді. Бірақ өзін-өзі тану жеке тұлғаның атрибуты ғана емес, ол кез-келген әлеуметтік топқа, соның ішінде ұлттық топтарға да тән.

Ұлттық бірегейлікке адам өзін немесе сол этникалық қауымдастықпен байланыстыратын элементтер, белгілер жатады. Оларға өз адамдарына тән ерекшеліктер туралы, күнделікті санаға тән аутостереотиптер деп аталатын идеялар, олардың арасындағы ықтимал айырмашылықтарды жеткілікті түрде білмей, белгілі бір ұлттық қауымдастықтың барлық мүшелеріне жатқызылған схемаланған, жеңілдетілген идеялар жатады. Адам өзін этноспен байланыстыратын белгілерге туған ел туралы, тарихи тағдырдың қауымдастығы және т.б. туралы түсініктер жатады.

Қазақстан үшін ұлттық сана мәселелері әрқашан ерекше маңызға ие болды. Еліміздің этникалық әртүрлілігі, оның кең алқаптары, қоғамдық өмірдің қауымдық құрылымының ерекшеліктері мемлекет пен дінді консолидациялаудағы этникалық факторлардың маңыздылығын арттырды. Осы тарихи жағдайларға байланысты ұлттық бірегейлік ұлтты тұтас рухани-әлеуметтік-мәдени кеңістікке байланыстыратын факторға айналды.

Білім беру жүйесінің алдында ұлттық мәдениеттің рухани құндылықтарын дамыту

мен сақтауға жауапты, жоғары мәдениетке ие, этносаралық қарым-қатынасқа ие, ұлттық бірегейлік стереотиптерінен арылуға және басқа мәдениеттердің өкілдерімен сындарлы диалог құруға қабілетті қоғамның жаңа белсенді мүшелерін тәрбиелеу мәселесі тұр.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде бұл мәселені шешу үшін ұлттық тарих пен мәдениетте «тамырлас» тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін білім беру процесіне ерекше назар аудару қажет. Білім беру саласындағы жаңа шешімдердің қабылдануымен (педагогикалық бағдарламаларды құру; ЖОО-ға түсу кезінде студенттердің профильдік бағыттылығы) біздің қоғам қалайша біртіндеп азаматтық және мәдени негіздерді жоғалтып жатқанын көруге болады, бұл тарихи процестің негізінде біздің қоғамды басқа ұлттық мәдениеттерден ерекшелендіреді. Бұл жағдай біздің мемлекетіміздің тарихындағы КСРО-ның ыдырауы кезінде болған саяси және идеологиялық жүйенің жойылуымен бірге жаңа жүйеге «қайта даярланған» адамның мәдени компоненті құлдырап кеткен бетбұрыс кезеңдерімен байланысты. Бұл Қазақстан тұрғындарының тарихи өткен ұрпақтары ретінде ұлттық өзіндік санасының дамуын қиындатты.

Қазақ тарихы бізге қалдырған нәрсені сақтау үшін болашақта қазақ қоғамының негізі болатын жас ұрпақ арасында ұлттық бірегейлік идеясын насихаттау қажет. Зерттеушілер қоятын басты сұрақ – олардың мемлекеттің болашақ толыққанды азаматтары ретінде ұлттық өзін-өзі тану деңгейін түсіну. Жастар жоғары оқу орындарына түскеннен кейін Қазақстан тарихы, оның басты белестері туралы, ең бастысы халқымыздың жеңістерімен мақтануға мүмкіндік берген адамдар туралы түсінікке ие болуы керек [3].

Осы тақырыпты қарастыра отырып, «ұлттық сана» мен «тұлға» ұғымдары өзара байланысты деп айта аламыз. Сондықтан өзіндік сана-сезімге талдау жасай отырып, біз тарихи тұлғалардың Қазақстан тарихындағы рөлін түсінуге бейімділік жасаймыз. Зерттеуші С.Е. Крапивенский индивидті белсенділік танытатын және «қоғамдық өмірдің белгілі бір

сферасын дамытуға және ол арқылы тұтастай тарихи процесске белгілі үлес қосатын» жеке тұлға ретінде қарастырады [4]. Тарихты адамдар жазады, ал бұл фактіні түсіну азаматтың тарихи санасына кіреді.

Ұлттық бірегейлік мәселесі - ұлттың орталық проблемасы. Әр адам, қай ұлттан болмасын, ең алдымен өз халқының тарихы мен болашағына қызығушылық танытады және өз өмірін одан оқшаулап елестете алмайды. Оның жүрегінде өз халқына деген сүйіспеншілік пен қызмет сезімі бар. Бұл заттар ұлттық психологияда және ұлттық санада көрініс табады, онсыз ұлттық сана өмір сүре алмайды. Зерттелетін мәселенің өзектілігі жоғарыда аталған аспектілермен анықталады.

Ұлттық бірлік сезімі әр адамның бойында бар. Бірақ бұл сезімге әр адамның көзқарасы әртүрлі. Біздің заманымыздың өзекті мәселелерінің бірі – жастарды рухани жетілген тұлға, Отан мен ұлт мүддесіне қызмет етуге әрдайым дайын тұлға ретінде қалыптастыру.

Оқушылардың ұлттық өзіндік сана-сезімін қалыптастыру жөніндегі қызметтің табысы белгілі бір критерийлерге, көрсеткіштерге және білім беру процесінің тиімділік деңгейлеріне негізделген нақты нәтижелерге байланысты. Критерий нақты қандай құбылыстармен, олардың стандартқа сәйкес келуімен немесе сәйкес еместігімен белгіленетін, зерттелген құбылыстың жоғары деңгейін білдіретін өлшем, стандарт, идеал модель ретінде қызмет етеді. Мектеп оқушыларының ұлттық өзіндік сана-сезімін қалыптастырудың мынадай бірқатар критерийлері бар:

-когнитивті критерий – олардың ұлттық-этникалық тобының мәдениеті, әдет-ғұрыптары, нормалары, құндылықтары, мінез-құлық стереотиптері туралы білімдердің жоқтығынан және қабылдамауынан, басқа ұқсас қауымдастықтар арасындағы олардың орнын түсінбеуінен бастап, өз халқының өткені мен бүгіні туралы кең ауқымды білімі болуы, өз елінің тарихын, қазіргі заманғы жағдайы мен ұлттық-этникалық топтың дамуының болашақ перспективаларын түсіну, өздерінің белгілі бір ұлтқа жататынын сезінуіне дейін;

-мотивациялық критерий – жағымсыз

және немқұрайлы қатынастан, өз ұлтының тарихын, мәдениетін игергісі келмегендіктен, оларға деген жағымды көзқарастың жетілген формаларына дейінгі ауқымды көрсетеді;

- эмоционалды-коммуникативті критерий – сәйкестендіру қабілетінің толық жетіспеушілігінен, өзін-өзі ақылға қонымсыз бағалаудың жеткіліксіздігінен және өз ұлтының мәдениетіне деген теріс көзқарастан ұлттық тарих пен мәдениетке жағымды қарым-қатынас, эмпатия, рефлексия, уайым, ортақтастық сезімін білдіру;

- мінез-құлық және іс-әрекеттік критерий – ұлттық-этникалық топта қабылданған әдет-ғұрыптарды, нормаларды, құндылықтарды, мінез-құлық стереотиптерін, мәдени дәстүрлерді сақтамауынан бастап, әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы дұшпандық және агрессивті мінез-құлықтан бастап достық және сыйластық қатынастарды қабылдауға, этикалық және құқықтық мінез-құлық нормаларын сақтауға дейін.

Критерийлердің компоненттері, олардың көмегімен жеке тұлғаның белгілі бір сапасының, біздің жағдайда мектеп оқушыларының ұлттық өзіндік санасының қалыптасу деңгейінің даму деңгейіне баға беруге болады.

Жасөспірімнің ұлттық сана-сезім деңгейін анықтау үшін 10 сынып оқушыларына (15-17 жас аралығы) сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты қазақстандық жастар ортасында ұлттық бірегейліктің қалыптасуының қазіргі жағдайын анықтау болды. Мақсатты орындау барысында бірнеше міндеттер туындады:

Бірінші міндет – жалпы білім беретін мектепте оқушыларды педагог-психолог арқылы зерттеу туралы жалпы ақпараттандыру;

Екінші міндет – оқушыларға ұлттық сана-сезімі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Мәңгілік ел» идеясы туралы онлайн конференцияда баяндау;

Үшінші міндет – оқушылардың зерттеудің сауалнамасына дайындығын, олардың сұрақ, тілектерін қанағаттандыру арқылы қамтамасыз ету;

Төртінші міндет – сауалнаманы ұсынып, оқушыларға қолайлы жағдайда оны өткізу (онлайн), нәтижелерге қол жеткізу.

Сауалнама мақала авторларының қарастырылып отырған өзекті мәселеге сай сұрақтарды қамтамасыз етуімен құрастырылған. Сауалнамаға қатысушылар ретінде Алматы қаласындағы «Сапар Байжанов атындағы 162 мектеп гимназиясы», Алматы облысы, «Алмалыбақ ауылындағы орта мектеп гимназиясы», «Үштерек орта мектебі» 10 сынып оқушылары таңдап алынды. Біздің ойымызша, ұлттық өзіндік сана-сезімді қалыптастыру мәселелерін шешуде жас аралығы – бұл өзінің барлық күрделілігіне қарамастан, қоғамдық қатынастар жүйесінде саналы мінез-құлық негіздерін қалауға мүмкіндік беретін жасөспірімдік кезең. Жоспарланған сыналушылар саны $n=109$, сынғандар саны $n=109$. Респонденттердің басым көпшілігі қыз балалар $n=64$, қалғаны ер балалар $n=45$. Сауалнама 2 апта жүргізілді. Мақала авторлары сауалнаманы мектептің әлеуметтік педагогтің қолдауымен оңтайлы жүргізе алды. Зерттеудің барлық міндеттері орындалды.

Сауалнама барысында келесі сұрақтарды 10 баллдық шкала бойынша бағалау талап етілді:

Менің Отаныма деген сүйіспеншілік сезімім.

Мен өзімді патриотпын деп санаймын.

Қазақстан тарихын жетік меңгергенмін.

Ұлттық намыс сезімім.

Ұлттық дәстүрлерді қатаң ұстанамын.

Ұлттық мүдделер менің өмірімде маңызды орын алады.

Еліміздің дамуына үлес қосқан тарихи тұлғалар мен үшін әрдайым

үлгі тұтар жандар.

Ұлттық мәдениет күнделікті өмірімде көрініс табады.

Ұлттық менталитет күнделікті өмірімде көрініс табады.

Қазақстан азаматы болғаныма қуанамын.

Сауалнама нәтижесін өңдеуде келесі нәтижелер анықталды.

Кесте 1 – Сауалнама нәтижесі

Ұпай	Сұрақ 1, %	Сұрақ 2, %	Сұрақ 3, %	Сұрақ 4, %	Сұрақ 5, %	Сұрақ 6, %	Сұрақ 7, %	Сұрақ 8, %	Сұрақ 9, %	Сұрақ 10, %
1	1,8	1,8	0,9	1,8	2,8	1,8	0	0,9	1,8	0,9
2	0	0,9	1,8	0	0,9	1,8	0,9	1,8	1,8	0,9
3	1,8	3,7	1,8	0	0,9	0	0,9	1,8	0,9	0
4	1,8	0,9	3,7	1,8	5,5	5,5	3,7	8,3	7,3	3,7
5	3,7	4,6	17,4	4,6	11	7,3	0,9	11,9	9,2	1,8
6	0	0,9	13,8	4,6	8,3	6,4	2,8	5,5	8,3	0,9
7	3,7	10,1	14,7	1,8	15,6	6,4	5,5	6,4	10,1	3,7
8	9,2	10,1	12,8	17,3	14,7	18,3	10,1	13,8	20,2	3,7
9	4,6	11,9	13,8	10,1	11,9	12,8	8,3	13,8	11	7,3
10	73,4	55	19,3	67,9	28,4	39,4	67	35,8	29,4	77,1

Сауалнаманың бірінші, екінші және оныншы сұрақтары мектеп оқушыларының өз патриотизм сезімдерін қалай бағалайтынын, және өз елінде тұрып жатқанына қаншалықты риза екендерін анықтау мақсатында қойылды. Себебі патриотизм - ұлттық бірлік сезімін түсінудің маңызды аспектілерінің бірі. Патриотизм мағынасында әлеуметтік-психологиялық, жеке-психологиялық сипаттамалар мен сезімдер көрінеді. Нәтижеге сүйенетін болсақ, респонденттердің басым көпшілігі (73,4 %) Отанына деген сүйіспеншілік сезімін 10 ұпаймен бағаласа, өздерін патриотпын деп 10 ұпайға санайтын оқушылардың тең жартысы болып шықты (55 %), ал Қазақстан азаматы болғанына риза оқушылар жалпы сұралған оқушылардың 77,1 % -ын құрады.

Отан мүдделерін сезіну де ұлттық бірлікті қалыптастырудың маңызды факторы болып көрінеді. Мұны адамдардың өзін-өзі білуі одан әрі жақсартады. Себебі Отанды сүю ғана емес, оның мүдделері мен қажеттіліктерін сезіну – ұлт мүшелерінің бірігуіне әкелетін маңызды сезім. Терең пайымы бар, ерік-жігері бар адамдар елдің мүддесін түсінеді және өз күші мен жігерін, ерік-жігерін осыған бағыттайды. Біздің зерттеуіміздің нәтижесі өмірінде ұлттық мүдделердің алатын орнын 10 баллмен есептеген оқушылардың 39,4 көрсетті. Елді сүю, оның мүдделерін, қажеттіліктерін сезіну, ең алдымен, жеке психологиялық тәжірибелер қалыптастыратын қоғамдық сана мен сезімнің

қалыптасуына байланысты. Қоғамның жетістігі оның мүшелерінің жан-жақты қызметіне, әр адамның рухани байлығы мен сезіміне байланысты.

Сауалнаманың үшінші және жетінші сұрағы ұлттық өзін-өзі тану деңгейімен қатар келетін «тарихи сауаттылықты» анықтау мақсатында қойылды. Жас ұрпақтың бойындағы тарихи тұлғалар мен Қазақстан тарихы туралы білімнің үстірт екенін байқаймыз. Өздерінің тарихты меңгерген деңгейін 10 баллмен есептеген респонденттердің 19,3 % ы ғана. Бүгінгі таңда білім беру және идеялық деңгейін көтеру үшін оқушылармен жүргізілетін педагогикалық жұмыстың әр түрлі формаларын дамыту қажет. Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында оқып жатқан жас ұрпақ – бұл біздің туған мемлекетіміздің болашағы және жастарды ажырамас ұлттық-мәдени қоғам ретінде шоғырландыратын маңызды тарихи әлеуетті қаншалықты дұрыс бере алатындығымыз тікелей біздерге байланысты.

Менталитет – адамның рухани бастауының негізгі компоненттерінің бірі. Әр халық өзінің даму барысында өмірде бағдар ретінде қызмет ететін қажетті қатынастарды қалыптастырады. Жеке тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқы қоғамдағы адекватты мінез-құлықты реттеуші ретінде әрекет ететін идеялардан, қатынастардан және стереотиптерден тұрады. Сананың құрамдас бөліктерінің бірі ретінде менталитеттің ерекшелігі – оның шындықты бейнелеу қабілеті. Қазақ философиясының

негізін қалаушылардың бірі М.С. Орынбеков менталитетті қоғамда қалыптасқан және осы қауымдастықтың барлық мүшелерінде көрінетін әр этностың мәдениетінің «ферменті» деп түсінеді. Бұл метафораның мағынасы – қоршаған әлемдегі өзіндік тірек нүктесі бола отырып, адамның әлеуметтік өмірін басқарады. Менталитет санамен құрылған, саналы және бейсаналық мекемелердің көптігінен тұратын құрылым ретінде, адамды белгілі бір қоғамда бекітілген мінез-құлық нормалары деңгейінде таңдауға әсер етеді. Сол себепті, сауалнамалардың сегізінші және тоғызыншы сұрақтары осы тақырып аясында құрастырылған. Ұлттық мәдениеттің өз өмірінде көрініс табуын 10 баллдық шкаламен есептеген оқушылар 35,8 -ы бағаласа, ұлттық мәдениеттің күнделікті өмірінде көрініс табуын 10 баллдық шкаламен бағалаған оқушылар 29,4 құрады. Біздің ойымызша көрсеткіштердің орташа ұпайдан төмен болуының басты себептерінің бірі – мәдениетаралық коммуникация. Бұл – жаһандану үдерісінің ажырамас бөлігі.

Кейінгі кезде ұлттық намыс туралы көп айтылмайтын болып кетті. Сірә, соған қарағанда «ұлттық намыс» біздің мемлекетіміздің жүргізіп отырған ұлтаралық және халықаралық саясатының көптеген форматтарына сай келмейтіндей, тіптен оған қарсы болатын жағдайға тап болса керек деп топшылауға болады.

Қоғамды біріктіретін, ұлттық мүддеге қызмет етуге қоғамды жұмылдыратын рухани қасиеттер, намысшылдық. Намыс елдік түсініктен, ақыл-парасаттан шығатын қасиет. Ұлттың сақталуы, ұлттық мүдденің ұрпақ тарапынан қорғалуы үшін рух қажет. Рух дегеніміз ақыл-парасат, білім, тәрбие, мінез арқылы жеке адамның, халықтың болмысына ұялайтын қасиет, рухани қасиеттердің жиынтығы. Осы тұста, сауалнаманың төртінші және алтыншы сұрақтары өзекті. Респонденттер ұлттық намыс сезімін және өміріндегі ұлттық мүдделердің алар орнын түрліше бағалады. Ұлттық намыс сезімін 10 баллдық шкаламен сыналған оқушылардың 67,8-ы бағаласа, өміріндегі ұлттық мүдденің алар орнын максимум ұпаймен жасөспірімдердің 39,4-ы

бағалады. Оның түпкілікті себебі мынада болуы мүмкін: Қазақстан өзін «көпұлтты» деп жариялады. Соның әсерінен «ұлтаралық қатынаста бір ұлтқа басымдық беру ұлттар арасындағы достыққа, мемлекет тұтастығына нұқсан келтіруі мүмкін» деген саясат қалыптасты. Ал бұл өз тарапынан жасөспірімге дамуының сыртқы орта факторы ретінде әсер етуі мүмкін.

Жоғарыда аталған жүргізілген әлеуметтік-психологиялық зерттеу негізінде келесідей тұжырымдар жасауға болады:

Отанды сүю, оның белсенді қатысушысы болу, оны қалыптастыру және мектеп оқушыларында дамыту маңызды тәрбиелік және адамгершілік аспект. Адамзаттың тарихи дамуындағы маңызды процестердің бірі – отбасы, оның қалыптасуы, сыртқы келбеті, күші, әлеуметтік-психологиялық процесі, ол қоғамның дамуына, бала тәрбиесіне, ата-анасына және басқа да көптеген мәселелерге әсер етеді.

Зерттеулер көрсеткендей, жастар арасындағы ұлттық бірлік пен өзін-өзі тану сезімі орташа деңгейде. Бұл дегеніміз, жастар ұлттық мүдделер, қажеттіліктер, мақсаттар, бірлік, ұйымшылдық, ынтымақтастық пен келісім мүддесінде өседі.

Патриотизм мен ұлтшылдық сезімі де жас ұрпақтың жүрегінен орын алады. Мұны жүргізілген зерттеулер растайды.

Жоғары көрсетілген критерийлерді есепке алар болсақ, респонденттердің ұлттық санасының қалыптасу деңгейі – орташа. Оны келесі критерийлерден анықтауға болады:

когнитивті критерий: өзінің тарихы, қазіргі жағдайы және өзінің ұлттық-этникалық тобының болашақ даму перспективалары туралы белгілі бір білімге ие. Ол өзін ерекше табиғи биологиялық-анатомиялық-физиологиялық қасиеттері, сыртқы келбеті бар адамзат ұрпағының өкілі ретінде біледі, бірақ дәстүрлер мен мәдени құндылықтар, өзінің ұлттық этникалық тобы адамдарының рөлі туралы жеткілікті білімі жоқ. Тілді, халық шығармашылығы мен кәсіби өнерді, әдебиетті жетік білмейді. Ол өзінің дүниетанымының, өмірлік ұстанымының және басқа адамдарға

деген көзқарасының ерекшеліктерін анықтайтын ұлттық сипаттың қасиеттерін жеткізуші ретінде өзін-өзі ішінара біледі.

мотивациялық критерий: өз халқының мәдениеті, тарихы, ғылыми жетістіктері туралы белгілі бір білім алуға ұмтылады, тарихқа, әдебиетке, мәдениетке, өзінің және басқа халықтардың ғылыми жетістіктеріне деген қызығушылықты көрсетеді.

эмоционалды және коммуникативті – ұлттық тарих пен мәдениетке, ұлттық мүдде мен ұлттық намысқа бейтарап.

мінез-құлық және іс-әрекеттік критерий – өзінің ұлттық-этникалық тобында қабылданған жеке әдет-ғұрыптарды, нормаларды, құндылықтарды, мәдени дәстүрлерді сақтайды. Күнделікті өмірінде жиі көрініс таппаса да, ол өз менталитетінің ерекшеліктері мен көріністері туралы хабардар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Interrogating Naturalness of National Identity*, Manoj Kumar Mishra, Received: 6 March 2020 /Accepted: 27 May 2020 / Published online: 4 June 2020 © Fudan University 2020
2. Charles Adabo Oppong: *The Councilor: A Journal of the Social Studies "The History Curriculum and Inculcation of National Consciousness in History Students in Ghana"*, October 2019
3. Margaret A. Majumdar, *"Postcoloniality: The French Dimension"*, Berghahn Books, 2007
4. Мельников, А. П. К вопросу о сущности понятий национального сознания, национального характера, национального менталитета /А. П. Мельников // Сацыяльна-эканамшныя і прававыя даследваннн - 2007. - № 2. - С. 141 - 156.
5. *Wschodnioeuropejskie Czasopismo Naukowe (East European Scientific Journal) #2(54), 2020*
6. Seydabullaeva Nargiza Tangirbergenovna *THE IMPORTANCE OF THE CONCEPT OF NATIONAL SELF-CONSCIOUSNESS IN THE DEVELOPMENT OF THE HOMELAND*
7. Орынбеков М.С. *Духовные основы консолидации казахов.* – Алматы: ИД «Аркауим», 2008. – 252 с.
8. Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ.. Abai.kz, «Общественная позиция» газеті. (проект «DAT» #12 (283) от 26 марта 2015 г).
9. Коновал, И.Ю. *МОДЕЛЬ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ СТАРШЕКЛАССНИКОВ СРЕДСТВАМИ КУЛЬТУРООХРАННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ* – 2012 г.
10. Кыдыралина Ж. *Идентичность и единство нации – основа стабильного государства* // Казахстанская правда. – 2015 - №107 (27983) – С 4.
11. Оспанов Т.Т. *Кризис национальной идентичности в условиях глобализации* // Роль ученых-философов университета в формировании казахстанской идентичности: Материалы международной конференции. – Алматы, 2014. – С. 262-264
12. Ұлт жоспары – Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы // 20.05.2015
13. *The role of national identity in collective pro-environmental action*, Taciano L., Danny Osborne, KumarYogeeswaran, Chris G.Sibley, *Journal of Environmental Psychology*, Volume 72, December 2020, 101522
14. *Nations and nationalism*, John Breuilly, Daphne Halikiopoulou, John Hutchinson and Eric Kaufmann, Volume 27, Issue 4, October 2021
15. *The nexus between globalization and ethnic identity: A view from below*, Gal Ariely, March 22, 2019, The Author(s) 2019



ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Н. Кайрова

Тұран Астана университеті,
Бизнес және ақпараттық технологиялар факультеті,
Педагогика және психология мамандығы

Н.М. Иргебаева

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Аңдатпа. Қазіргі таңда мемлекетіміз қарқынды дамып келеді және білім беру саласында оқушылардың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға батыл қадам жасап отыр. Сонымен қоса қоғамның да әлеуметтік тапсырыстары өзгеруде. Бүгінгі күні білім жүйесінде оқушылардың функционалды сауаттылығын соның ішінде оқу сауаттылығын арттыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Осы орайда зерттеулерге назар сала отырып қазақ тілі пәні бойынша оқу сауаттылығын арттыру өзекті мәселе екендігін анықтаймыз.

Аннотация. В настоящее время наше государство динамично развивается и делает решительный шаг к формированию интеллектуального потенциала учащихся в сфере образования. Вместе с тем меняются и социальные заказы общества. На сегодняшний день одной из главных задач в системе образования является повышение функциональной грамотности учащихся, в том числе грамотности чтения. В этой связи, ориентируясь на исследования, определяем, что повышение грамотности чтения по казахскому языку является актуальной проблемой.

Abstract. The article deals with the state concerns about the intellectual potential of learners. The social orders are changing - the main task in the education system is to improve the functional literacy of students, including Reading Literacy. Thus, the article arises the problem of improving reading literacy in the Kazakh language taking into considering recent researches in this field.

Кілт сөздер: функционалды сауаттылық, қазақ тілі пәні бойынша оқу сауаттылығы, функционалдық дағдылар.

Ключевые слова: функциональная грамотность, грамотность чтения по казахскому языку, функциональные навыки.

Key words: functional literacy, Reading Literacy, subject of the Kazakh language, functional skills.

Әлемдегі түбегейлі өзгерістер кәсіби мамандарға жаңа талаптар қойды. Бүгінгі күні еліміздегі білім беру жүйесінде әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастыру үдерісі жүріп жатыр.

Қазіргі таңда әлеуметтік тапсырыс – оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту, оның ішінде оқу сауаттылығы. Бүгінгі мектептің маңызды міндеттерінің бірі - функционалды сауатты адамдарды қалыптастыру. Демек, оқушылардың функ-

ционалды сауаттылығының қалыптасу деңгейі мен қоғам өміріне тиімді қатысу қабілетін, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге даярлау.

Функционалды сауаттылық мәселелерін қарастыруда шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне жүгінетініміз белгілі. Соның ішінде, С.А. Тангян, О.Е. Лебедев, С.А. Крупник, А.В. Хуторской теория тұрғысынан Ирина Алексашина, Оксана Абдулаева, Юрий Киселев сынды ғалымдар зерттеген. Отандық зерттеушілерге тоқталсақ Г.Н. Клычниназова, Г.М.

Кенжебаева, Г.С. Жусупова атап өтсек болады. Зерттей келе Функционалдық сауаттылық дегеніміз не? «Функционалдық сауаттылық» терминінің жан-жақты зерделеп көрсек. Осы тұрғыда О.Е. Лебедев: «Функционалдық сауаттылық - оқу құрылымындағы жүйеде білім алушының өзі үшін шешілетін өзекті мәселенің маңыздылығын түсінуі болып табылады», деген пікір қалдырды [7]. Яғни, функционалдық сауаттылықты біз білім алушы бойындағы құзыреттілікті одан әрі дамытушы негіз ретінде қарастырады. С.А. Танган зерттеулерінде қазіргі педагогикада «функционалдық сауаттылық» ұғымын қоғамның білім беру парадигмасынан «білімді қолдануға» ауысуына байланысты білім беруде белсенді дами бастаған құзыреттілік тәсілінің проблемалық өрісі негізінде қарастырады [5]. Құзыреттілікті дамыту қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады. Осы тұста қазақ тілі пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту білімді күнделікті тұрмыста қолдана білуге бағыттау керек, нәтижесінде білім алушының жеке қабілеттері дамиды және нақты мәселелерді шешуде соның ішінде күнделікті өмірде, тұрмыстық, әлеуметтік жағдайда мүмкіндік тудырады. А.В. Хуторской өз зерттеуінде аталған функционалдық сауаттылықты дамыту білім беру жүйесінің тікелей сипаттамасы ретінде құрамдас бөліктері екендігін көрсетеді [6].

Қазіргі кезеңде сауаттылық ұғымының ауқымы кеңейіп, оның көрсеткіштері түрліше сипатталады.

Функционалдық сауаттылықтың даму деңгейі Оқушылардың білім беру жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы немесе PISA (Programme for International Student Assessment) арқылы тексеріледі, мұнда оқушылардың деңгейін әлі де төмен екенін байқаймыз. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын жақсарту жолдарының бірі ретінде сабақ барысында тапсырмаларды, олардың негізінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, білім алушыларды шығармашылық жобаға тарта отырып, қазақ тілі сабағында кең ауқымда тапсырмаларды зерттеу ұсынылады. Осы орайда отандық және шетел практикасына

жүгіне отырып жасалған оқу-танымдық және оқу-тәжірибелік тапсырмалардың көмегімен функционалдық сауаттылықты дамыту барысында педагогикалық мүмкіндіктері кең. Қазақстан PISA зерттеуіне 2018, 2015, 2012, 2009 жылдары қатысты. Қазақстандағы PISA-2018 нәтижелеріне тоқталсақ білім алушылардың 36%-ы оқу дағдысының екінші деңгейіне жетті, салыстырмалы түрде ЭЫДҰ орташа көрсеткіші 77%-ды құрайды [1]. Бұл деңгейде оқушылар орташа ұзындықтағы мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады, анық, кейде қиын критерийлер негізінде ақпаратты таба алады, мәтіндер оларға нақты бағытталған кезде олардың мақсаты мен формасы туралы ой елегінен өткізе алады. Бұл көрсеткіштер бойынша біз оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша жұмыс жоспарын тереңдету керектігі анықталды. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарының міндеттерінің бірі: білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу. Алайда «Негізгі білім беру деңгейінің 5 - 6 - сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында» берілген мақсаттарды орындауда ұсынылған оқулықтың мазмұндық ерекшеліктері және әдістемелік нұсқаулық жеткіліксіз болып отыр. Зерттеу тақырыбының негізгі өзектілігі де осында. 5-6 сыныпқа арналған қазақ тілінің оқу бағдарламасы мен оқулық мазмұнының жетілдіру қажет. Оқу бағдарламасында берілген оқу мақсаттарына орай берілген тапсырмалар жиынтығы ашпайтындығын анықталды. Зерттеу барысында оқу сауаттылығына арналған ғылыми жазбаларға сүйене отырып 5-6 сынып оқушыларының сабақ барысында функционалдық сауаттылық ұғымында қазақ тілінің грамматикалық нормаларға сай дұрыс оқу мен жазу дағдыларын игеру керектігі айтылады. Алайда осы тұста білім алушының күнделікті тұрмыста, өмір сүруде қажет болатын, оқытуға ұсынылған білім мен білік дағдылары арқылы берілген тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді. Функционалдық құзыреттілікті ғалымдар соның ішінде А.Хуторский,

Н.Н.Нұрахметов, Ж.Т.Дәулетбекова әр пәнге байланысты білім алушының игерген дағдылар мен тәсілдер ретінде атап көрсетті. 5-6 сынып оқушыларының орта буынға көшіп әр пәнге жеке оқуға деген қызығушылығы мен көзқарасы пайда бола бастайды. Және орта білім беру деңгейінде білім алушылар келесідей білік пен дағдыны қалыптастыру қажет деп анықтайды [4]. Мысал ретінде қазақ тілі пәнінде меңгеру керек функционалдық дағдыларды атап қарастырайық:

- мәлімдемеден басты ойды анықтау;
- жеке көзқарасын мәтін мазмұнын байланыстырып айтып беру;
- мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру;
- мәтінге сұрақтар қою;
- алған ақпараттар негізінде қорытынды жасау;
- өз ойын жазбаша білдіру;
- қосымша ақпараттар көздерін қолдану, анықтамалық әдебиеттерді пайдалану;
- өз жұмысының нәтижесін дәл бағалау.

Осы білік-дағдылардың көпшілігі ойлау қабілеттеріне сүйенеді: заттың, құбылыстың, т.б. жалпы және дара сипатын салыстыру және таба білу; бастыны айырып көрсету, маңыздыны болмашыдан айыру, логикалық қорытынды мен тұжырымдама жасай алу біліктері, т.с.с.

Сол себепті қазақ тілі пәнінің де арнайы бағытының бірі білімді игеріп қана қоймай оқушы бойындағы құзіреттілікті қалыптастыру болып отыр.

Функционалдық сауаттылықты зерттеуде А.А. Леонтьев мынадай анықтама берді: «Егер формальды сауаттылық – оқу техникасының дағдыларын меңгеру болса, функционалдық сауаттылық – адамның осы дағдыларды нақты мәтінді түсіну, іріктеу, түрлендіру арқылы еркін пайдалана білуі» [3]. А.А.Леонтьевтің айтылған пікіріне келесідей қорытынды жасай аламыз. Білім беруде оқушыларға қазақ тілі сабағында оқу және түсіну қабілетін дамытып қана қоймай, өз бетінше мағыналы мәтіндер құра білуге үйрету және оны талдай алуға, түрлендіруге, негізгі ақпаратты іріктей алуға үйрету керек. Сонымен, біз теориялық шолу жасай отырып 5-6 сынып оқушыларынан бастау алатын орта буын білім алушыларына негізгі білімді бере отырып оны шынайы өмірде, өзгермелі қоғам

жағдайында өмір сүруге бейімді тұлға даярлау қажеттігін анықтадық. Осы тұста қазақ тілі пәні бойынша оқыту әдістемесі мәселелеріне қайта шолу жасап өзгертулер еңгізуді талап етеді.

Әдістер мен әдістемеге тоқталатын болсақ, қазіргі таңда білім алушыларға арналған ресурс көздері функционалдық сауаттылықты дамыту – белсенділік пен тұлғалық-бағдарлы тәсілдерге негізделуі қажет. Педагогика саласындағы теориялық дереккөздерге талдаулар жасалған және зерттеу нәтижесінде қазіргі таңда сабақтың педагогикалық әлеуеті, атап айтқанда, білім алушыларға тапсырмаларды түрлендіріп, оқу сауаттылығына бағыттау керек екендігі анықталды. Демек сабақ барысындағы мақсатқа бағытталған әдістер мен тапсырмалар оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға маңызды перспективалар ашады. Нәтижеге қол жеткізу үшін тиімді оқу тапсырмаларын және практикалық дағдыларды дамыту қажет.

Қазақ тілі пәнін оқытуда алған білім, білік, дағды жалпы және қосымша білім беруде, сыныптағы жұмыстарда функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда тиімді тапсырмаларды ұйымдастыру керек.

Қазақ тілі пәні бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыру саласында қажетті оқу-әдістемелік материалдардың жеткіліксіздігін атап өткен жөн. Осы орайда, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда сабақ барысында жүйелі кешенді өзгерістер мен білім беру жүйесінде тапсырма «21 ғасыр дағдыларымен», білім алушылардың функционалдық сауаттылығымен және әр түрлі мінез-құлықтың оң стратегияларын дамытумен байланысты жаңа нәтижелерге қайта бағдарлау қажет.

Қазақ тілі пәні бойынша Функционалдық сауаттылықты дамытуда білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру басты міндеті болып табылады. Пән бойынша оқушыларыға арналған тапсырмалар жүйесі білім беру жүйесін жаңа нәтижелерге қайта бағдарлауды ескере отырып, оқу және әдістемелік материалдарды жаңартуға ықпал етеді. Берілген тапсырмалар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және оң тұлғалық ұстанымдарды дамыту,

оқыту мотивациясын көтеруге бағытталуы тиіс. Оқу процесінде тұлғаның дамуы негізгі білім беру бағдарламаларын игерудің маңызды нәтижелерінің бірі болып табылады. Қазақ тілі сабағы бойынша білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру процесінде жағымды жеке қасиеттер мен көзқарастарды дамытып оқыту басты мақсат. Функционалдық сауаттылық оқушылардың жеке жетістіктеріне баса назар аудара отырып барлық кезеңдерінде тұлғаның ішкі жағдайын дамытудың шарттары мен құралдарын іздеуге бағытталған.

А.В. Хуторскойдің айтуы бойынша функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі оқушыны даярлаумен ғана шектелмейді [6]. Функционалдық сауаттылықтың әрбір құрамдас бөлігі бойынша әзірленетін тапсырмалар тақырыптық блоктарға біріктірілген негізде құрылған жағдайда оқушылардың берілген тапсырманы дәйекті орындалуы сұрақтан сұраққа көшу арқылы нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Тапсырмалар жиынтығы жоғарыда айтылғандай, нақты жағдай және осы жағдайға қатысты бірқатар сұрақтар мен тапсырмалар арқылы жаңа білімді сонымен қатар функционалды дағдыларды қалыптастырады. Тапсырмалардың сапасына қатысты проблемалар еркін

жауаптары бар тапсырмаларды сараптамалық тексеру процесінде және статистикалық талдау барысында айқындалады. Оның шеңберінде тапсырмалардың мазмұндық және конструкциялық құрылымы, бағалау критерийлері мен саралау қабілеті басты назарға алынады [2].

Қорыта айтқанда, қазақ тілі пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың негізі білім беру құралдарының көмегімен пайда болуы керек. Нәтижесінде оқушының қабілеттері дамиды және күнделікті өмірде тұрмыстық, өндірістік және әлеуметтік нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік болады. Қазіргі педагогикалық зерттеулерде «функционалдық сауаттылық» ұғымы қоғамның білім беру парадигмасына байланысты белсенді дами бастаған құзыреттілік тәсілінің өрісінде қарастырылады. Функционалдық сауаттылық деңгейі қоғамда қабылданған нормалар, ережелер, нұсқаулықтар бойынша әрекет ете білу дағдысының қалыптасуын көрсетеді. Ол білім алушының әлеуметтік функцияларын жүзеге асырумен стандартты және стандартты емес өмірлік міндеттерді шешу қабілетімен сипатталады. Бүгінгі таңда білім берудегі құзыреттілік тәсілді барлық деңгейлерде іске асыруға ерекше назар аударылуда.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары».
2. Schleicher A., Ramos G. Global competency for an inclusive world // OECD, 2016 [Электронный ресурс]. URL: <https://www.oecd.org/pisa/aboutpisa/Global-competency-for-an-inclusive-world.pdf>.
3. Образовательная система «Школа 2100». Педагогика здравого смысла: сб. мат-лов / под науч. ред. А.А. Леонтьева. М.: Баласс, Издательский дом РАО, 2003. 368 с.
4. Фрумин И.Д., Добрякова М.С., Баранников К.А. и др. Универсальные компетентности и новая грамотность: чему учить сегодня для успеха завтра. Предварительные выводы международного доклада о тенденциях трансформации школьного образования. М.: НИУ ВШЭ, 2018. 28 с.
5. Танган, С.А. «Новая грамотность» в развитых странах / С.А. Танган // Советская педагогика. – 1990. – № 1. – С. 3–17.
6. Хуторской А.В. Чем функциональная грамотность отличается от компетенции? // А.В.Хуторской. Персональный сайт – Хроника бытия; 11.03.2016 г. – <http://khutorskoy.ru/be/2016/0311/>
7. Е.С., Лебедева О.В. Проблема формирования функциональной финансово-экономической грамотности студентов колледжа // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 28. – С. 265–267. – URL: <http://e-koncept.ru/2016/56537.htm>.

МӘДЕНИ ТЫНЫҒУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТТІК ДЕҢГЕЙЛЕР

А. Тилеген

«7М01101 – Педагогика және психология» 2 курс магистранты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
Алматы қ.

Аңдатпа. Мақалада мәдени тынығуды ұйымдастыру үдерісіндегі менеджменттік деңгейлер қарастырылды. Мәдени тынығу процесінің маңызы, оны ұйымдастыру барысындағы әдістер мен формалар туралы ақпарат жинақталды. Бос уақыт ұғымының категорияларына тоқталып, оны ұйымдастырудың негізгі төрт принципі анықталды. Мәдени тынығуды ұйымдастыру процесіндегі Ойын әрекетіне кеңірек тоқталып, ойын әрекеті мәдени тынығу процесіндегі ең негізгі формалардың бірі екенін, келесі функцияларды орындайтынын анықтады: ойын-сауық, коммуникативтілік, өзін-өзі жүзеге асыру, танымдық, түзету, әлеуметтену. Көптеген ойындардың С.А. Шмаков бойынша төрт негізгі қасиеті көрсетілді. Жасөспірімдердің мәдени тынығуын ұйымдастыру процесінде түрлі мекемелерде ойын әрекеттері өте танымал. Ойын әрекеттерінің ішінде тиімділерінің бірі – би өнері. Ол арқылы жасөспірімдердің мәдени тынығуы деңгейі қарастырылды. Бос уақыттың негізгі сипаттамалары анықталып, сипаттама негізінде сауалнама өткізілді. Сауалнама 10-сынып оқушыларынан алынды. Талдау жұмыстары жүргізілді. Өзіндік қорытындылар жасалынып, үйірмелік жұмыстар мен сыныптан тыс жұмыстар ұсынылды.

Аннотация. В статье рассмотрены уровни менеджмента в процессе организации культурного досуга. Обобщена информация о значении процесса культурного досуга, методах и формах его организации. Остановившись шире на игровой деятельности в процессе организации культурного отдыха, установлено, что игровая деятельность является одной из основных форм в процессе культурного отдыха, выполняет следующие функции: развлекательная, коммуникативная, самореализация, познавательная, коррекционная, социализация. Среди игровых действий одним из эффективных методов является танцевальное искусство. Через него рассматривается уровень культурного досуга подростков. Определены основные характеристики досуга, проведен опрос на основе описания. Проведена аналитическая работа. Были сделаны самостоятельные выводы, представлены кружковые работы и внеклассные работы.

Abstract. The article considers the levels of management in the process of organizing cultural leisure - the significance of the process of cultural leisure, methods and forms of its organization. Gaming is one of the main forms of cultural leisure, it performs the following functions: communicative, cognitive, correctional, entertaining, self-realizing, socializing. Dance art is found to be the most effective for teenagers. The article provides main characteristics of leisure, a survey, analysis and effective ways of organizing leisure such as club work and extracurricular activities.

Кілт сөздер: мәдени тынығу, бос уақыт, ұйымдастыру, фестиваль, байқау, би өнері, әдістер, деңгейлер.

Ключевые слова: культурный отдых, досуг, организация, фестиваль, конкурс, танец, приемы, уровни.

Key words: cultural leisure, organization, festival, competition, dance, methods, levels.

Адам өмірінде мәдени тынығу процесі маңызды орынға ие. Ал баланың, оқушының, студенттің, яғни жеткіншектер мен жасөспірімдердің мәдени тынығуын ұйымдастыру үдерісі қиын, әрі қызықты процесс. Олардың бос уақытын тиімді пайдалана білуі немесе бос уақыттағы мәдени тынығуын ұйымдастыру барысында түрлі деңгейлер ескеріледі. Кез келген адам сияқты жасөспірімдер үшін де бос уақыт өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады. «Бос уақыт» ұғымы 4 негізгі категорияға бөлінеді:

1. Қабылдау ретіндегі демалыс мәдениет және ақыл-оймен көбірек байланысты: бұл ақыл мен жанның күйі. Бұл тұжырымдамада бос уақыт әдетте өнімділік тұрғысынан қарастырылады, онымен жеке адам жұмыс жүргізеді. Жұмыс барысында өзінің артықшылықтары мен кемшіліктерін өзі ескеретін болады. Өзіне-өзі әділ болуды үйренеді. Осы әділдік арқылы өзін жетілдіреді.

2. Жұмыс ретіндегі демалыс – әдетте, ол еңбекпен ешқандай байланысы жоқ әрекет ретінде де сипатталады. Бірақ бос уақыттың мұндай түсінігі өзін-өзі жүзеге асыру мағыналарын қамтиды. Бұл үдеріс барысында екі нәтижеге қол жеткізіледі. Әрі еңбектенеді, әрі демалады. Бұл көбіне нәтижелі жұмыспен байланысты. Ағаштан ойып керекті заттар жасау немесе тоқыма жұмыстарын мысал ретінде қарастыруға болады.

3. Бос уақыт ретіндегі демалыс – бұл кезең әртүрлі тәсілдермен қолданылуы мүмкін және оны еңбекпен біріктірілген немесе онымен біріктірілмеген жұмыс мақсаттарына сәйкес қолданылады. Бұл демалыс кезеңі жеке адамның өз міндеттерін білдірмейтін нәрсеге құмар болған уақыт кезеңі ретінде қарастырылады.

4. Еркіндік ретіндегі демалыс – бос уақыттың жоғарыдағы 3 кезеңін біріктіреді, «жұмыс» және «жұмыс істемеу» арасындағы шекараны ажыратады және бос уақыттағы адамның мінез-құлқын сипаттау тұрғысынан бағаланады. Онда уақыт пен бос уақытқа қатысты анықтамалар бар [1. – 104-106].

Мәдени тынығуды ұйымдастыру үдерісі бос уақытты тиімді пайдаланумен тікелей

байланысты екені түсінікті. Бос уақытты мәдени тынығу арқылы өткізу барлық уақытта өзекті болды. Сондықтан да бүгін мәдени тынығуды ұйымдастыру процесіндегі менеджменттік үдерістерді анықтау арқылы балалардың болашағына инвестиция құя алатын боламыз. Бұл менеджменттік деңгейлер бос уақытты ұйымдастырудағы принциптермен тікелей байланысады. Бос уақытты ұйымдастырудың 4 принципі бар:

1. Әмбебаптық және қолжетімділік принципі – шығармашылық әлеуетті, олардың бос уақытын өткізуге деген қызығушылықтарын қанағаттандыру мақсатында бос уақытты ұйымдастыру мекемелерінің қызмет саласына барлық адамдарды тарту, қатысу мүмкіндігі.

2. Әуесқойлық орындау принципі – барлық деңгейде жүзеге асырылады: әуесқойлар бірлестігінен жаппай ұйымдастырылған шараларға дейін. Өзіндік белсенділік, сондай-ақ жеке меншіктің негізгі белгісі жеке және ұжымдық қызметте ең жоғары жетістіктерге кепілдік береді. Жеке көзқарас принципі олардың бос уақытын қамтамасыз ету кезінде жеке қажеттіліктерді, қызығушылықтарды, бейімділіктерді, мүмкіндіктерді, қабілеттерді, психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеруді білдіреді.

3. Жүйелі және мақсаттылық принципі – адамдардың бос уақытын қамтамасыз етуге арналған абсолютті барлық әлеуметтік институттардың жұмысындағы сабақтастық пен өзара тәуелділіктің жан-жақты және дәйекті үйлесуі негізінде осы қызметті жүзеге асыруды білдіреді. Бұл адамның әлеуметтік жаратылысқа, өзімен және қоғаммен үйлесімді толыққанды өмір сүретін қарқынды және жасампаз тұлғаға айналуының процесі.

4. Сабақтастық принципі – мәдени байланыс пен қарым-қатынасты және ұрпақтар сабақтастығын білдіреді. Тәжірибеде бос уақытты ұйымдастыру негіздерін жүзеге асыру адамға әсер етудің өзіндік масштабына сәйкес бос уақытты өткізудің шеңберінен шығып кетеді. Бұл адамның жеке басын жан-жақты қалыптастыру мақсаты болып табылатын ауқымды қоғамдық әрекет [2. – 110-114].

Күнделікті өмірде мәдени тынығу

рекреациялық, сауықтыру және емдік түрдегі көптеген әртүрлі функцияларды орындайды. Оларды толық жүзеге асырмай, көптеген жасөспірімдер сөзсіз күйзеліске ұшырайды, невротизмнің жоғарылауы, психикалық теңгерімсіздік, тұрақты аурулардың түрлеріне айналады.

Сонымен қатар, мәдени тынығу әрекеті жасөспірімге өз болмысының қарама-қарсы векторларын жүзеге асыруға оны тануға, жетілуге мүмкіндік береді. Бір жағынан, мәдени тынығу процесінің көпшілік бөлігі басқа жасөспірімдермен тұлғааралық қарым-қатынас жасау мүмкіндігін тудырады (демалыс кезінде, саяхатта, әлеуметтік орталарда және т.б.) және осылайша бірлік сезімін, адамдардың бір-бірімен жалпы байланысын арттыра түседі. Екінші жағынан, мәдени тынығып жатқан жасөспірім жиі жалғыз қалуға, жалғыздықтың тыныштандыратын әсерін сезінуге, күнделікті уайымдарда оның назарында болмайтын өмірінің аспектілері туралы ойлауға ұмтылады. Демек мәдени тынығу жасөспірім өмірінің көптеген аспектілерін тұтастыққа біріктіреді, оның бойында өмір сүруінің мазмұны туралы түсінік қалыптастырады. Мәдени тынығу болмаса, қазіргі адамның өмірі тек кері кетіп қана қоймайды, ол өзінің негізгі өзектерінің бірін жоғалтады, ол сабырсыз бола бастайды.

Жасөспірімдер мәдени тынығудың қандай түрін жақсы көреді? Көбінесе бұл фильм көру, компьютер ойнау, теледидар көру, Интернетте сөйлесу және үйде болу. Мұның бәрі, әрине, ата-аналар үшін материалдық тұрғыдан қымбат емес, бірақ бала өзін түрлі қырынан дамытпайды, жаңа әрекеттерді үйренбейді. Біздің заманымызда көптеген түрлі тегін мекемелер, тұрғылықты жері бойынша үйірмелік клубтар, жастармен жұмыс істейтін қалалық мекемелер бар, оларда жасөспірімдер мен балаларды жан-жақты дамытуға, қызметтің жаңа бағыттарын білуге көмектесетін және оқытатындай артықшылықтары бар. Жасөспірімдердің мәдени тынығуын ұйымдастыру тек ата-аналарға ғана емес, олардың өміріндегі барлық ересектерге байланысты. Мәдени тынығу іс-әрекеті әртүрлі формаларды қамтиды. Яғни, мәдени тынығуды

ұйымдастыру үдерісіндегі түрлі менеджменттік деңгейлер қарастырылады. Олардың кейбіреулерін қарастырайық.

Фестиваль – (латын тілінен аударғанда «мереке»), жаппай мерекелеу, өнердің әртүрлі түрлерінің жетістіктерін көрсететін шолу мерекесі. Олар үлкен аумақтарда да, кішігірім жерлерде де, үйде де, сыртта да өткізіледі. Алғашқы фестивальдер XIX ғасырда пайда болды және олар музыкалық мерекелер болатын. XX ғасырдан бастап фестиваль үлкен даңққа ие болды және танымал демалыс іс-шараның түріне айналды. Фестиваль демалыстың, мәдени тынықтырудың бір түрі ретінде танымал болғаннан кейін би, театр, цирк және кино фестивальдері өткізіліп, ұйымдастырыла басталды. Қазіргі уақытта ол барлық дерлік мәдениет мекемелерінде, жалпы және қосымша білім беру мекемелерінде қолданылады.

Байқау – өнер, ғылыми қызмет және басқа да салалар бойынша бірнеше жеке тұлғалардың, топтардың, командалардың жеңіске жететін үміткерлерін анықтау мақсатындағы сайыс. Әдетте байқау бірнеше кезеңде өтеді: іріктеу, негізгі және финалдық. Байқауда қатысушыларды сараптау комиссиясы бағалайды және дауыс беру рәсімі өткізіледі. Байқау жеңімпазы ұйымдастырушылар мен қазылар алқасынан сый-сияпат алады. Қазіргі уақытта байқау әртүрлі ұйымдарда, мекемелерде, мектептерде, жоғары оқу орындары мен колледждерде де қолданылады. Бұл танымал мәдени тынығу немесе демалыс түрі. Қазір бірнеше конкурстық іс-шаралар бар, олар қалалық, аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі мәртебеге ие. Оларды ұйымдастыру түрлерінің деңгейі де байқаудың деңгейімен байланысты болады. Байқау түрлі кезеңдерден, түрлі тапсырмалардан тұрады, олардың күрделілігі байқаудың деңгейіне тәуелді. Ойын әрекеті – бұл әлеуметтік тәжірибені қайта құруға, меңгеруге және үйретуге бағытталған әртүрлі жағдайларды ойнауға болатын әрекет түрі.

Сондай-ақ, ойын ойын-сауық, ақыл-ой белсенділігі және бос уақытты толтыру мақсатында ұйымдастыралатын мәдени

тынығудың түрлері жаңарып, кейде көнеріп отырады. Мәдени тынығуды ұйымдастыру процесіндегі Ойын әрекетіне кеңірек тоқталғанды жөн көрдік. Себебі, ойын әрекеті мәдени тынығу процесіндегі ең негізгі формалардың бірі. Ол келесі функцияларды орындайды: ойын-сауық, коммуникативтілік, өзін-өзі жүзеге асыру, танымдық, түзету, әлеуметтену. Көптеген ойындардың төрт негізгі қасиеті бар (С.А. Шмаков бойынша):

1. Нәтижеден (процедурадан) ләззат алу емес, әрекет процесінің өзінен ләззат алу үшін баланың қалауы бойынша ғана жүзеге асырылатын еркін дамытушылық әрекет;

2. Ойынның шығармашылық, негізінен импровизациялық, өте белсенді сипатының болуы («шығармашылық саласы»);

3. Белсенділіктің эмоционалды көтерілуі, бәсекелестік, бәсекеге қабілеттілік, тартымдылық және т.б. (ойынның сезімдік сипаты, «эмоционалды шиеленіс»);

4. Ойынның мазмұнын, оның дамуының логикалық және уақыттық реттілігін көрсететін тікелей немесе жанама ережелердің болуы [3. – 57].

Сталь Анатолевич Шмаков ерекшеленген бос уақытты ұйымдастыру әдістерін қарастырайық.

Ойын әдісі және ойын жаттығулары. Ойын мектеп оқушыларының ұнататын және ұнатпайтын тұстарын оңай ашады. Ойындар оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерінің даму деңгейін анықтайды, сонымен қатар олардың дене қабілеттерін анықтайды.

Театрландыру әдісі. Студенттердің бос уақытын өткізу сюжеттер мен әлеуметтік рөлдердің алуан түрлілігіне ие. Бұл әдіс костюм сахналары, рәсімдер, әдет-ғұрыптар арқылы жүзеге асырылады.

Жарыс әдісі. Байқау шығармашылық күштерді босатуға ішкі серпін береді, ізденуге, іске асыруға және ашуға ынталандырады. Бос уақыт әрекеті әрқашан өте эмоционалды, сондықтан ол мінез-құлықтың экстремалды формаларын: толқу, қуаныш, реніш және т.б.

Тең рухани байланыс әдісі. Бұл әдіс балалар мен ересектердің бірлескен іс-әрекетіне негізделген. Мұғалімдер мен оқушылар

мектептегі клубтардың, бірлестіктердің, шығармашылық үйірмелердің тең құқылы мүшелері болып саналады.

Тәрбиелік жағдаяттар әдісі. Тәрбиелік жағдаят – өмірді өзінің барлық күрделілігімен, қиындығымен көрсететін мұғалімнің арнайы жасаған жағдайлары.

Импровизация әдісі. Импровизация әдісі баланың толқуын тудыру үшін қызмет етеді, шығармашылық қабілетін дамытады.

Жасөспірімдердің мәдени тынығуын ұйымдастыру процесінде түрлі мекемелерде ойын әрекеттері өте танымал. Ойын әрекеттерінің ішінде тиімділерінің бірі – би өнері. Биді адамның шығармашылық, бос уақытын өткізу әрекетінің түрі ретінде зерттеуді біз А.С. Фоминнен білеміз. Бұл әдіс бидің құрылымын анықтау және келесі концептуалды би семантемаларын бөлу арқылы бидің теориялық моделін ғылыми негіздеуге мүмкіндік берді. Бидің құрылымы оның кеңістіктік-уақыттық және әлеуметтік ұйымдасуын дәл көрсетеді. Бидің құрылымы поза, ырғақ, пас, ым-ишара және оған еліктеу арқылы анықталады. Бұл жаттықтырушыға бұрын-соңды ешкім ерекшеленбеген нақты құрылымдық компоненттермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Нақты білімнің жуықтап алған білімнен артықшылығы айқын [4. – 60-69].

Кең мағынада би – орындаушының өзіне ойнақы әсер етуге немесе ым-ишараға еліктеу, поза мен пас ырғақты өзгерту арқылы қол жеткізілетін әсерге арналған, адамның ойын білдіретін бейнелі тіл қызметін атқаратын адамның шығармашылық әрекетінің түрі, эмоционалдық күйдің нәтижесі немесе сол күйдің өзі. Би өз мәні бойынша адамзат қоғамының бүкіл мәдениетінің эволюциясын, бидің барлық тарихи түрлерін қамтиды. Оны шартты түрде «мәдени-логикалық би» деп атасақ, ол жаппай дене тәрбиесі жүйесіне сәтті тартылуы мүмкін. Ойын билері, яғни тікелей қатысушылардың мүддесі үшін жүргізілетін, бидің бірінші (кең) түріне жатады. Тар мағынада би – адамның шығармашылық әрекетінің бір түрі, онда арнайы қадамдар міндетті түрде қолданылады, функционалдық

және эстетикалық бірлігі бар позалардың осындай ырғақты комбинациялары. Шартты түрде биді «көркем пастың биі», әсерлі немесе эстетикалық би деп атайық. Көпшілікке арналған билер, сәйкесінше бидің екінші (тар) түріне жатады. Бидің бұл түрін жаппай дене шынықтыру деп атауға болады, бірақ өте шектеулі және кеңейтілмеген нысандарда. Мұндай типологиялық классификация биді «ойынға» бөлу, яғни тікелей қатысушылардың өздерінің мүдделері үшін жүргізіледі және көрермендер үшін орындалатын «тамаша» (хореографиялық) орындаушының кәсіби мәртебесіне қарамастан, біз қарабайыр немесе мінсіз деп анықтайтын спектакльдің сапасын дәл көрсетеді [5. – 215].

Қазіргі уақытта би марафоны секілді мәдени тынығудың түрлері аса көп емес. Би марафоны – жасөспірімдер мен жастардың үздіксіз би жаттығулары арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған мәдени тынығудың бір түрі. Бұл ұғымның нақты анықтамасы жоқ, өйткені бұл форма бұрын мекемелерде іс-шаралар өткізу мақсатында пайдаланылмаған және біз бұл анықтаманы өзіміз шығардық. Бұл форма кез келген балаға, жасөспірімге және жалпы адамға қызықты болады, өйткені мәдени тынығудың бұл түріне кез келген адам қол жеткізе алады. Алдын ала кастинг, іріктеу сынақтары, кезеңдері және т.б. өту талап етілмейді. Би марафоны баланың, жасөспірімнің ерік-жігерін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамытады. Бұл сонымен қатар өз бойындағы жаңа мүмкіндіктер мен таланттарды ашуға көмектеседі, ол көптеген адамдарды қамтуы мүмкін, кез келген сайтта және шексіз уақытта орын ала береді. Бұл мәдени тынығу түрі жүйелі және циклдік.

Осының барлығы жасөспірімдердің бос уақытын өткізудің бір түрі ретінде би марафоны ұғымының жаңа екенін және бұрын қолданылмағанын тағы да растайды. Бұл пішін жасөспірімдердің жан-жақты дамуы үшін тиімді болады, кешендерден арылуға көмектеседі деп болжауға болады.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болады: мәдени тынығуды ұйымдастыру саласында жасөспірімдерге

қоғам және жалпы қоғам көбірек әсер етеді. Сондықтан жасөспірімдердің мәдени тынығуын ұйымдастыру процесі біздің заманымызда барған сайын маңызы артып отыр. Жасөспірімдерге жаңа нәрсені білуде жан-жақты даму қажет. Би бағытының көмегімен, дәлірек айтсақ, би марафоны формасының көмегімен мәдени тынығу процессінде жасөспірімде ұжымдық, ұйымшылдық, біртұтас ұжымдық сезім қалыптасады. Сондай-ақ бұл әрекет түрі эмоционалды шиеленісті жеңілдетуге және шаршаудан арылуға көмектеседі.

«Жасөспірімнің мәдени тынығуы жас адамның бойында өмірге деген құштарлығын арттыратын, бос уақытқа деген көзқарасын толығымен анықтайтын әдеттер мен дағдыларды қалыптастырады» [6. – 86]. Өмірдің осы кезеңінде бос уақытты ұйымдастыру мен мәдени тынығудың жеке стилі қалыптасады, мәдени тынығуды және жеке бос уақытын ұйымдастыру тәжірибесі жинақталады, әр түрлі іс-әрекет түрлеріне жаңа көзқарас пайда болады. Қазіргі уақытта балалар мен олардың ата-аналарының психикасы өзгерді, коммуникативті мәдениет деңгейі төмендеді деген пікір бар. «Осыған байланысты бұл мәселені шешудің бір жолы балалардың жеке қарым-қатынаста болатын, толыққанды қарым-қатынастар үшін қолайлы жағдайлар жасауға болатын (отбасы, топ, сынып, клуб) қоғамның шағын құрылымдарын жетілдіру керек» [7. – 44]. Бұл мақсатқа баланың бос уақытын тиімді мәдени тынықтыру арқылы жетеміз.

Кез келген мәдени тынығу төрт негізгі функцияны орындауға қабілетті:

демалу
ойын-сауық,
байланыс

өзін-өзі дамыту [8. – 115].

Социологиялық зерттеулер балалардың бос уақытын қызықты өткізуге бағытталғанын көрсетеді, сондықтан балалардың бос уақытын мазмұнды өткізуге үйрету өте маңызды. Оқушылардың бос уақытына жұмсалған қаражат немесе оларға бөлінген көңіл болашақта өзінің жемісін беретін дәлелдеп келе жатыр. Түрлі үйірмелер мен секцияларға қатысатын

оқушылардың өздері таңдайтын салада жақсы маман болып жүргенін уақыт дәлелдеп келеді. Дегенмен С.В. Лавренцованың «бос уақытты тиімді пайдалануда отбасының маңызды рөл атқаратынын» [9. – 115] ұмытпауымыз керек. Ал отбасыдан бөлек бос уақытты жүзеге асыратын кәсіпорындар мен мекемелердің мақсатты бағыты: «мәдени ағарту, көркем шығармашылық, эстетикалық сезімдерді дамыту; аудиторияның демалысы мен көңіл көтеруі» [10. – 20].

Бос уақыттың негізгі сипаттамаларын қарастырайық:

бос уақыт шығармашылық әрекетті қамтиды;
бос уақыт жұмыс түрін таңдаудағы еріктілікке негізделеді;

бос уақыт жеке тұлғаны қалыптастырады

және дамытады;

бос уақыт шығармашылық бастаманы ынталандырады;

бос уақыт еркін таңдалған әрекеттер арқылы тұлғаның өзін-өзі көрсетуіне, өзін-өзі бекітуіне және өзін-өзі дамытуға ықпал етеді;

бос уақыт жеке адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру сферасы;

бос уақыт құндылық бағдарларының қалыптасуына ықпал етеді;


бос уақыт қанағаттануды, көңілді көңіл-күйді қамтамасыз етеді. [11. – 234]

Осы сипаттамаларды ескере отырып, біз №40 жалпы орта білім беретін мектептің 10-сынып оқушылары арасында төмендегідей сауалнама өткіздік. Сауалнамамыздың сұрақтары:

Сұрақтары:	Жауаптары:
1. Сіз уақытыңызды жоспарлайсыз ба?	Иә/Жоқ/Кейде
2. Сізде бос уақыт бола ма?	Иә/Жоқ/Кейде
3. Сіз бос уақытыңызды қалай өткізесіз?	Ашық жауап
4. Бос уақытыңызда танымал тұлғалармен кездесіп, ой алмасуды қалайсыз ба?	Иә/Жоқ/Ойланып көрмеппін
5. Әлеуметтік желілерде қанша уақыт отырасыз?	Көп (2 сағаттан көп) /Аз (30 мин 1 сағ) /Өте көп (4-5 сағаттан көп)
6. Ата-анаңызға көмектесесіз бе?	Иә, әрине/Жоқ /Кейде, арасында
7. Бос уақытыңызды ата-анаңызбен өткізуге қалай қарайсыз?	Қаламаймын /Қуана-қуана /Онша қаламас едім
8. Қандай бағдарламалар көресіз?	Ашық жауап
9. Бос уақытыңызды кітап оқуға арнайсыз ба?	Иә/Жоқ/Кейде
10. Таза ауада серуендейсіз бе?	Иә/Жоқ/Кейде
11. Виртуалды әлем шынайы әлемнен әлдеқайда қызық келісесіз бе?	Иә/Жоқ
12. Бос уақытыңызды сыныптастармен, құрбы-құрдастармен өткізген қызықты ма?	Иә/Жоқ
13. Бос уақытыңызды шығармашылыққа арнауға қалай қарайсыз?	Жақсы ғой/Жоқ
14. Өз қатарластарыңызға бос уақытты өткізуде қандай кеңестер берер едіңіз?	Ашық жауап


Бірінші сауалымызға жауап берген оқушылардың аты-жөндері және олардың жалпы саны төменде берілген. Оқушылардың жалпы саны: 38

Аты-жөніңіз:
38 ответов




Алғашқы және маңызды сұрағымызға берілген жауаптың статистикасы:

1.Сіз уақытыңызды жоспарлайсыз ба?
38 ответов



Екінші сұрағымыздың статикасын көру арқылы оқушылардың «бос уақытының» деңгейін анықтай аламыз. Бос уақыты болмайтын оқушы жоқ екенін анықтадық. Демек кез келген оқушының бос уақыты болады.

Сізде бос уақыт бола ма?
38 ответов



Ал үшінші сұрағымызға «ашық жауап» берілді. Сұрақтардың жауабы төмендегідей:

Сіз бос уақытыңызды қалай өткізесіз?


38
ответов



Төртінші сұрақтың жауабы оқушыларға тұлғалардың әсерін байқауды мақсат тұтқан болатынбыз. Өзінің бос уақытын танымал тұлғалармен өткізгісі келетін оқушылар саны алпыс пайыздан жоғары болды. Ал бес пайызға жуық оқушылар «жоқ» деген жауап беріпті. Статистика төмендегідей:

Бос уақытыңызда танымал тұлғалармен кездесіп, ой алмасуды қалайсыз ба?


38
ответов



Жаһандану процесі жедел жүріп жатқан біздің қоғамда «әлеуметтік желілердің әсері» күн санап артып келеді. Бұған біз бесінші сұрақтың жауаптары арқылы көз жеткіземіз.

Әлеуметтік желілерде қанша уақыт отырасыз?


38
ответов



Бос уақыттарын ата-анасымен өткізгісі келетіні туралы немесе бос уақытында ата-аналарына көмектесетіні туралы алтыншы және жетінші сұрақтың статистикасынан көре аламыз. Алтыншы сұрақтың тоқсан пайызы «иә, әрине» деген позитивті жауап берді.

Ата-анаңызға көмектесесіз бе?


38 ответов



Жетінші сұрақтың жалпылама статистикасы төмендегідей:

Бос уақытыңызды ата-анаңызбен өткізуге қалай қарайсыз?


38 ответов



Сауалнамамыздың негізгі міндеттерінің бірі оқушылардың бос уақытында қандай бағдарламалар көретінін анықтау болатын. Сегізінші сұрағымыздың статистикасы арқылы мақсатымызға қол жеткіздік.

Қандай бағдарламалар көресіз?


38 ответов



Ал олардың кітап оқуының жиілігін анықтау үшін тоғызыншы сұрақты дайындаған болатынбыз. Оқушылардың көп мөлшері «кейде» деген қанағаттанарлық жауап берді.

Бос уақытыңызды кітап оқуға арнайсыз ба?


38 ответов



Оныншы сұрағымыз арқылы балалардың қаншалықты таза ауада серуендейтінін анықтағымыз келді. Көп пайыз оқушылар таза ауада серуендейтінін жауабы арқылы дәлелдеді.

Таза ауада серуендейсіз бе?


38 ответов



Ал сұрақтардың ішіндегі ең өзектілерінің бірі, виртуалды әлемнің оқушылары үшін маңызын білу еді. Өкінішке орай, біз оқушылардың шынайы өмірді артық көреді деп ойлаған ойымыздың толық дұрыс емес екенін білдік.


Виртуалды әлем шынайы әлемнен әлдеқайда қызық келісесіз бе?

38 ответов




Бос уақытын өз достарымен, замандастарымен өткізгісі келетін оқушылар бізді жауаптары арқылы қуантты. Бірақ жалғыздықты жақсы көретін немесе жалғыздықты ұнататын оқушыларымен тәлімгерлер жұмыс істеу керек екенін ескерттік.

Бос уақытыңызды сыныптастармен, құрбы-құрдастармен өткізген қызықты ма?
38 ответов




Ал келесі сауалымыз оқушылардың «шығармашылық тұлғасын» анықтауға көмектеседі деп сенеміз.

Бос уақытыңызды шығармашылыққа арнауға қалай қарайсыз?
38 ответов



Соңғы сұрағымыз оқушылардың толық болмысын ашуға көмектесті. Себебі, олар өз достарына, қатарластарына бос уақытта қандай тиімді шаралар атқаруы керек екенін ұсынды.

Өз қатарластарыңызға бос уақытты өткізуде қандай кеңестер берер едіңіз?
38 ответов



Сауалнама нәтижелерін ескере отырып, бос уақыт мәдениетін қалыптастыру барысында басқа адамдармен қарым-қатынас жасау баланың жеке тұлғасын дамытудың бір шарты екеніне көз жеткіздік. Бос уақыт – балалардың негізгі адамдық қажеттіліктерін тексеруге арналған құнарлы жер. Бос уақыт процесінде баланың өзіне және басқаларға деген сыйластық қатынасын қалыптастыру әлдеқайда жеңіл, бос уақытты белсендіру

арқылы жеке кемшіліктерді жоюға болады. Бос уақыт баланың мінез-құлқының, атап айтқанда бастамашылдық, өзіне сенімділік, төзімділік, табандылық, ұстамдылық, шынайылық, еркелік, адалдық сияқты қасиеттердің қалыптасуына көп әсер етеді. «Мәдени-тынығу іс-әрекетінің кең тараған бұқаралық түрлері: «көрмелер; концерттер; клуб күндері; конкурстық іс-шаралар: жарыстар, конкурстар, фестивальдар, олимпиадалар және т.б. [12. – 33].

«Бос уақытты тиімді пайдалану мақсатында алдымен макеттік жоспар ұсынылуы керек» [13. – 61]. Білім беру ұйымдарында бос уақытты тиімді пайдаланып, мәдени тынығуды ұйымдастыру үшін келесі формаларды қолдануға болады:

- ұжымдық шығармашылық жұмыс;
- мектептегі дәстүрлі мерекелер;
- фестивальдер;
- экскурсиялар;
- сайыстар;
- заманауи байқаулар;
- модерн үйірмелер;
- пікір-талас интеллектуалды клубтары;
- шығармашылық тұлғалар топтары) ақын, жазушы, суретші, спортшы және т.б.)

Бос уақытты ұйымдастыруға үйірмелер жұмысымен ұсынылатын сыныптан тыс жұмыстар айтарлықтай үлес қосады. Мысалы:

«Мен зерттеушімін» (жалпы интеллектуалды бағыт);

«Мейірімділік» (рухани-адамгершілік);

«Қуыршақ театры» (көркем-эстетикалық бағыт);

«Өте шебер қолдар» (көркем-шығармашылық бағыт);

«Дәрілік шөптер әлемі» (экологиялық бағыт) және т.б.

Кез келген демалыс бағдарламасында

оның әрбір қатысушысы өзін жеңіл және еркін сезінуі, өзінің барлық қабілеттері мен талантының көрсете алуы, кез келген қызмет түріне, ойынға шынайы ықыласпен қосылуы, өзін достық ұжымның бір бөлігі ретінде сезінуі маңызды.

Квалиметрия саласындағы белгілі маман А.И.Субетто: «XXI ғасырдың адам және қоғамының жаңа онтологиясында адам қасиеттерінің, қоғам парасатының сапасы және қоғамдағы білім беру жүйесі сапасының озық даму заңы тұрақты даму шарты болып табылады» – деп атап көрсеткендей, бүгінгі таңда бүкіл білім беру жүйесінің дамуымен қатар, оның бөлек мекемелерінде де даму стратегиясының бағыттарын анықтау маңыздылығы едәуір өсуде [14. – 8]. Сондықтан да, бос уақыттағы мәдени тынығуды ұйымдастыру процесіндегі менеджменттік деңгейлердің де мәні мен мазмұны күн санап артып келеді. В.П. Симонов педагогикалық менеджментті оқу-тәрбие процесін басқарудағы қағидаттар, әдістер, ұйымдастыру нысандары мен технологиялық амалдар кешені ретінде анықтайды [15. – 8]. Демек, мәдени тынығуды ұйымдастыру процесіне қатысты жоғарыда ұсынған әдістеріміздің тиімділігі болашақта практикалық нәтижесін көрсетеді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ковалева А.И. Социология молодёжи: теоретические вопросы: М.: Социум, 2006. – 234с.
2. Кон И. С. «Социология молодежи»: Краткий словарь по социологии” - М.: 2010. - 164с.
3. Шмаков С.А. Игры – шутки, Игры – минутки: М.: Новая школа – 2010. – 112с.
4. Мякиченко Е. Б. Аэробика. Теория и методика проведения занятий: учеб. пособие для студентов вузов. М.: СпортАкадемПресс, 2008. - 304 с.
5. Фомин А.С. Понятие «танец» и его структура: Спб.: 2011. – 215с.
6. Аванесова Г.А. Культурно-досуговая деятельность: Теория и практика организации.- М., Аспект-Пресс, 2006. – 86.
7. Исаева И.Ю. Досуговая педагогика.- Флинта, 2010. – 44.
8. Фомина А. Игра в структуре свободного времени детей //Воспитание школьников-№3-2005.
9. Лаврецова С.В. Социально-культурная деятельность как средство оптимизации семейного досуга. Автореф. дис. ... канд. пед. наук. СПб., 2007.– 115.
10. Воловик А.Ф. Педагогика досуга. Изд.- 3. М., 2008. – 20.
11. Afanaseva I.N. The use of active forms and methods of organizing leisure activities younger students. – P, 2019. – 234.
12. Алгоритм разработки и модели занятий во внешкольном учебном заведении: Методическое пособие для изучения и внедрения в практическую деятельность педагогических коллективов внешкольных учебных заведений всех типов / Құрастырған. О.А. Спильная. Симферополь: КРВУЗ «ЦДЮТ», 2009. – 33.
13. Жарков А.Д. Культурно-досуговая деятельность как самостоятельная отрасль педагогической науки//Образование и общество, 2007. №2. – 61.
14. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық/Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. – 8.
15. Симонов В. П. Избранные труды II-т. Наука, 2004. – 114.

1	Ускенбаева Ж.Е.	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты
2	Аскар М.А.	Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы askar.madina@mail.ru
3	Айдар М.Н.	ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ, 2-курс магистранты Алматы қ., Қазақстан
4	Шаяхметова Ш.Т.	Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ, мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша PhD, жетекші ғылым қызметкері, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
5	Конырбаева С.С.	ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ, п.ғ.к., аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан
6	Боранкул Р.И.	7М01101-Педагогика және психология мамандығы бойынша 2-курс магистранты, Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
7	Сапиева М.С.	педагогика ғылымдарының кандидаты, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Нұр-сұлтан, Қазақстан
8	Шағырбаева М.Д.	педагогика ғылымдарының кандидаты, Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
9	Галимжанова М.А.	Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, п.ғ.к., академик
10	Естанат С.Н.	әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетінің «Педагогика. Білім берудегі менеджмент» мамандығының 2 курс магистранты
11	Касымова Р.С.	п.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультеті, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы, Алматы қ.
12	Жапсар А.М.	7М01101 – Педагогика және психология» 2 курс магистранты, Әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультеті Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы, Алматы қ.
13	Кабиева Г.М.	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
16	Шағырбаева М.Д.	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
17	Маханбетияр А.Б.	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
18	Кудайбергенова А.М.	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
19	Орумбаева Дамира Еркетаевна	әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Педагогика және психология мамандығының магистранты
20	Кайрова Нұржауған	Тұран Астана университеті, Бизнес және ақпараттық технологиялар факультеті, Педагогика және психология мамандығы
21	Иргебаева Назилия Мукатевна	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
22	Тилеген А.	Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан, Казахстан

1. Басылымдарға қазақ, орыс және шетел тілдерінде педагогикалық бағытта жазылған мақалалар қабылданады. Шетел тілінде жазылған мақалаларды жариялау жағдайында, нотариус арқылы расталған, мәтіннің қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Қолжазбаны автор мұқият тексеріп, редакциялап шығуы тиіс.

2. Ғылыми дәрежесі жоқ авторлардың мақалаларына ғылым докторының немесе кандидатының, философияның PhD докторының рецензиясы қоса берілуі қажет.

3. Компьютерде терілген қолжазба мақалалар 1 данада, жол аралығы бір интервал, парақтың бір жақ бетіне басылған, парақтың жол жиегі: сол жағы - 30 мм., оң жағы – 15 мм., үстіңгі және астыңғы жолағы – 20 мм. және «Windows үшін Word (2007, 2010, 2013)» мәтіндік редакторында электрондық нұсқада қабылданады.

4. Қолжазбаның көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттердің жазбаларын, суреттерді қосқанда) 3 беттен кем болмауы және 10 беттен аспауы тиіс.

5. Суреттер көлемі мақаланың 1/4 көлемінен аспауы қажет.

6. Мақала қатаң түрде келесі ережелерге сәйкес ресімделуі керек:

- әмбебап ондық жіктеме кестесі бойынша ЭОЖ;
- мақала атауы мақаланың мазмұнын нақты ашуы тиіс және 8-10 сөзден аспауы керек; техникалық параметрлері: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – Times New Roman бас әріппен, қалың шрифтпен, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;
- автор(лар)дың аты-жөн(дер)і, сондай-ақ мекемелердің толық атауы келесі техникалық параметрлерге сәйкес келуі керек: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – Arial, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;
- аңдатпа кіріспе сөздерді қамтымай, мақаланың басты ақпаратынан түйін беруі тиіс, көлемі 15 қатардан аспауы керек, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде келесі параметрлерге сәйкес жазылуы қажет: кегль – 12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі – Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі – 1 см., жол аралығы бір интервал;
- кілт сөздер (8-10 сөзден аспауы керек): қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, кегль – 12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі – Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі – 1 см., жол аралығы бір интервал;
- мақала мәтіні: кегль – 14-пункт, қазақ тіліндегі мақалалар үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мәтіндер үшін қаріп түрі – Times New Roman, жол аралығы бір интервал;
- мақала кіріспеден басталады, онда тақырыптың өзектілігі қысқа, ықшам әрі нақты көрсетіледі, ғылымилығы (міндеттері) тұжырымдалады;

- мақала негізгі қорытындымен тұжырымдалады, онда кіріспеден қозғалған мәселеге нақты жауап болуы тиіс;

- мақаладағы сілтемелер және/немесе пайдаланылған әдебиеттер 2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы бойынша ресімделуі тиіс. Библиографиялық жазба, библиографиялық сипаты. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережесі (2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес қабылдаған). Жұмыстардың тізімі оларды мәтінде ескеру тәртібімен ұсынылады. Барлық сілтемелер түпнұсқа тілінде көрсетіледі (латын қарпін пайдаланбайтын жапон, қытай және басқа тілдердегі атаулар орыс тіліндегі транскрипциясымен жазылады. Ең алдымен қазақ тіліндегі, содан соң орыс тіліндегі және әліпбилері туыстас (украин, болгар және т.б.) тілдердің, келесі кезекте латын әліпбиімен берілген еңбектер көрсетіледі. Қолжазбадағы сілтемелер мен ескертулер реттік нөмірмен белгіленеді және төрт бұрышты жақшаларға алынады;

- мәтіндегі кестелер сілтемелерден соң орналастырылады, мәтінде оларды ескеру тәртібімен нөмірленеді, әр кестенің өз тақырыбы, атауы болуы тиіс. Диаграммалар мен графиктер кестені қайталамауы тиіс. Кестелердегі материалдар мәтінге қосымша мәліметсіз түсінікті болуы тиіс. Кестеде пайдаланылған барлық қысқартулар кестенің астында орналастырылған ескертуде анық берілуі қажет;

- суреттер TIFF (*.TIF) немесе JPG форматында (Word-қа орналастырудың қажеті жоқ) жеке файлмен ұсынылады. әр суретке мәтінде бір сілтеме болуы тиіс, суреттер реттік нөмірмен белгіленеді, суреттердің астындағы жазбалары толық ақпаратты қамтуы тиіс;

- қысқартулардың тек жалпы қабылданған нұсқаларына ғана рұқсат етіледі – өлшемдердің, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдердің және т.б. атаулары;

- математикалық формулалар Microsoft Equation ретінде терілуі тиіс (әр формула – бір объект).

7. Редакция мақалаға әдеби және стилистикалық өңдеу жүргізбейді. Қолжазба авторларға қайтарылмайды. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес ресімделмеген мақалалар журнал бетіне жарияланбайды.

8. Мақала қолжазбасын және электронды нұсқасын келесі мекенжай бойынша жолдауларыңызға болады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 8, «Алтын Орда» БО, 15-қабат, каб. 1500. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

9. Байланыс

E-mail:	bilim-edu.2003@mail.ru	// жазылу индексі 75754
	nao12@list.ru	// жазылу индексі 75382
	profkaz@mail.ru	// жазылу индексі 75939

10. Автор туралы мәліметтер бөлек бетте (қағазды және электронды нұсқада) жазылады:

- толық Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, жұмыс орны (журналдың «Біздің авторлар» бөлімінде жариялау үшін);

- толық пошталық мекенжайы, қызметтік және үй телефондарының нөмірлері, E-mail (редакцияның авторлармен байланысуы үшін, электронды мекенжай журналға жарияланбайды);

- мақала атауы және автор(лар)дың аты-жөн(дер)і қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс («Мазмұны» үшін).

Деректемелер: РНН 600900611860, БИН 080940006848, ИИК KZ44826Z0KZTD2004082, БИН 080940006848, КБЕ 16, БИК HSBKKZKX, АО «Народный Банк Казахстана»

1. К публикациям принимаются статьи на казахском, русском, иностранных языках. В случаях, когда статьи публикуются на иностранном языке, прилагается нотариально заверенный текст перевода на казахский или русский язык. Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами.

2. Статьи авторов, не имеющих ученой степени, должны сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук, или доктора философии PhD.

3. Рукописи статей принимаются в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с одинарным межстрочным интервалом, поля: левое - 30 мм, правое - 15 мм, верхнее - 20 мм, нижнее - 20 мм, а также электронный вариант со всеми материалами в текстовом редакторе «Word 7,0 (97, 2000) для Windows».

4. Объем рукописи (включая таблицы, список литературы, подписи к рисункам, рисунки) не должен превышать 10 страниц.

5. Объем рисунков не должен превышать 1/4 объема статьи.

6. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

- УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;

* заглавие статьи должно точно отражать содержание статьи и состоять из не более 8-10 значащих слов; технические параметры: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, заглавные, жирные, абзац центrovанный;

* инициалы и фамилия(-и) автора(-ов), а также полное название учреждения должны соответствовать следующим техническим параметрам: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Arial, абзац центrovанный;

* аннотация должна быть лишена вводных фраз, содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 15 строк, выполняться на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;

* ключевые слова (не более 8-9 слов): на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;

* текст статьи: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, межстрочный интервал - одинарный;

* статья начинается с введения, в котором очень кратко, сжато и лаконично отражается обоснование актуальности темы, формулировка научной проблемы (задачи);

* статья завершается формулировкой основного вывода, которая должна содержать конкретный ответ на вопрос, поставленный во введении;

* приставные ссылки и/или списки приставной литературы следует оформлять по ГОСТ 7.1 - 2003. Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления (ГОСТ 7.1 - 2003 Принят Межгосударственным Советом по стандартизации, метрологии и сертификации (протокол № 12 от 2 июля 2003 г.). Список работ представляется в порядке упоминания их в тексте. Все ссылки даются на языке оригинала (названия на японском, китайском и других языках, использующих нелатинский шрифт, пишутся в русской транскрипции). Сначала приводится список работ на казахском, русском языке и на языках с близким алфавитом (украинский, болгарский и др.), а затем - работы на языках с латинским алфавитом. Ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки;

* таблицы помещаются после ссылки в тексте, нумеруются в порядке упоминания их в тексте, каждая таблица имеет свой заголовок. Диаграммы и графики не должны дублировать таблицы. Материал таблиц должен быть понятен без дополнительного обращения к тексту. Все сокращения, использованные в таблице, должны быть пояснены в Примечании, расположенном под ней;

* рисунки (только черно-белые) представляются отдельными файлами с расширением TIFF (*.TIF), или JPG (не встраивать в Word). На каждый рисунок должна быть одна ссылка в тексте, нумерация у рисунков - сквозная, подписи к рисункам должны содержать достаточно полную информацию;

* сокращения разрешаются применять только общепринятые - названия мер, физических, химических и математических величин и терминов и т. п.;

* математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются.

8. Рукопись и электронный вариант с материалами следует направлять по адресу: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, пр. Мәңгілік Ел, 8, БЦ «Алтын Орда», 15-этаж, каб. 1500. Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина.

9. Контакты:

E-mail:

bilim-edu.2003@mail.ru

// подписной индекс 75754

nao12@list.ru

// подписной индекс 75382

profkaz@mail.ru

// подписной индекс 75939

10. На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе «Наши авторы»);

* полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

* название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках (для «Содержания»).

Реквизиты: РНН 600900611860, БИН 080940006848, ИИК KZ44826Z0KZTD2004082, БИН 080940006848, КБЕ 16, БИК HSBKKZKX, АО «Народный Банк Казахстана»

Қазақстан кәсіпкері

Профессионал Казахстана

Журналдың құрылтайшысы:

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
“Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы” ШЖҚ РМК
Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы 27 қаңтарда
№9840-ж куәлігімен
есепке қойылды.

Құрметті оқырмандар мен авторлар!

Журналда жарияланған
материалдар редакцияның
көзқарасын білдірмейді.
Фактілер мен мәліметтердің
анықтығына, сондай-ақ
стилистикалық қателерге
авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдарды
редакцияның келісімінсіз
көшіріп басуға болмайды.

Учредитель журнала:

РГКП «Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина»
Министерства образования и науки
Республики Казахстан.
Журнал поставлен на учет
Министерством культуры
и информации РК.
Свидетельство № 9840-ж
от 27.01.2009 г.

Уважаемые читатели и авторы!

Опубликованные в журнале
материалы не отражают точку
зрения редакции. Ответственность за
достоверность фактов и сведений в
публикациях, а также за стилистические
ошибки несут авторы.
Перепечатка материалов,
опубликованных в журнале,
допускается только с согласия
редакции.

Мекенжайы:

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Мәңгілік Ел даңғ., 8
«Алтын орда» БО
e-mail: profkaz@mail.ru

Басуға 04.04.2022 ж. қол қойылды.
Ш.б.т. - 5,1.
Басылым Riso.
Таралымы – 122 дана.
Ы. Алтынсарин атындағы
ҰБА-ның дизайн және
полиграфиялық қызмет бөлімінде
басылып шығарылды.

Наш адрес:

010000, г. Нур-Султан
пр. Мәңгілік Ел, 8
БЦ «Алтын орда»
e-mail: profkaz@mail.ru

Подписано в печать 04.04.2022 г.
Усл.п.л. - 5,1.
Печать Riso.
Тираж – 122 экз.
Отпечатано
в отделе дизайна и полиграфических услуг
НАО им. И. Алтынсарина.